There have been determined the peculiarities of students physical education. There has been highlighted the low-level of their development with the analogous results of the late 90-ies. The main factors of defining students' fitness level are determined. They are: peculiarities of educational process, their physical activity specificity, physical training activity before the university and during the course of study. There have been worked out the methodical approaches to improve the physical education process and defining factors, the main among them are: introduction of correctives to educational process planning, the use of active teaching methods, different complexes in physical quality development, improving of students motivation (the use of personal cards of students achievements).

Keywords: students, university, physical education, студентки, университет, физическое воспитание, physical condition, planning of educational process, physical activity, physical training activity.

Введение. На современном этапе развития образования организация учебного процесса в вузе предъявляются высокие требования к здоровью, физической подготовке, физическому развитию студентов. По данным специалистов наблюдается снижение показателей здоровья и уровня физической подготовленности студентов как за последние 10-15 лет [1], так и в течение периода обучения в вузе [2]. В связи с этим важное значение в современных условиях имеет использование разных форм, средств и методов физической подготовки студентов. *Новизна* данной работы заключается в том, что, во-первых, расширены представления о научных предпосылках совершенствования процесса физического воспитания студенток 1-2 курса университета. Во-вторых, выявленная специфика уровня физической подготовленности студенток университета середины 2000-х годов сопоставлена с аналогичными показателями студентов конца 90-х годов. В-третьих, разработаны и экспериментально обоснованы методические подходы по совершенствованию учебного процесса по физическому воспитанию студенток.

Проблема исследования заключается в противоречии, с одной стороны недостаточным уровнем здоровья, физической подготовленностью студенток вузов и необходимостью поиска методических подходов в совершенствовании их физического воспитания.

Цель исследования – теоретически и экспериментально обосновать методические подходы по совершенствованию процесса физического воспитания студенток и факторов, их определяющих.

Задачи исследования. 1. Определить основные научно-теоретические предпосылки совершенствования процесса физического воспитания студентов.

2. Выявить исходный уровень физической подготовленности студентов университета и сопоставить с аналогичными данными конца 90-х годов.

3. Выявить факторы, определяющие уровень физической подготовленности студентов университета.

4. Разработать методические подходы по совершенствованию процесса физического воспитания студентов и экспериментально их обосновать.

Методы и организация исследования. Анализ научно-методической литературы, анализ документальных материалов, анкетный опрос, контрольные испытания, антропометрические измерения, методы математической статистики. Исследование осуществлялось в период 2014-2016 годов на базе Актюбинского регионального государственного университета им. К.Жубанова. В исследовании приняли участие 80 студентов 1 курса.

Результаты исследования и их обсуждение. Анализ научно-методической литературы показал, что среди научно-теоретических предпосылок совершенствования процесса физического воспитания студентов специалисты выделяют следующие:

- метод оценки уровня физической подготовленности студентов, отвечающий требованиям соответствия коэффициентов надежности и информативности тестовых заданий [3];
- различные методы развития силы (метод непредельных усилий, динамических усилий, «ударный метод», статических усилий, круговой тренировки, игровой метод) [4];
- методика повышения физической подготовленности физической подготовленности студентов, основанная на индивидуально-дифференцированном подходе [5];
- управление физической активностью студентов на основе коррекции компонентов модели здоровья студентов (физическое развитие, функциональное состояние и физическая подготовленность, физическая активность) [6];
- разработка тренировочные программ для студентов с различной степенью толерантности к физическим нагрузкам [7];
- нарушение адаптационных возможностей студентов в связи с их низким и пониженным уровнем физического развития [8];
- технология дифференцированной физической подготовки студентов, которая предусматривает учет соотношения типа телосложения и темперамента, структуру моторики, двигательные предпочтения [9];

Анализ результатов исходного уровня физической подготовленности позволил заключить следующее. В беге на 100 м (скоростные качества) девушки контрольной и экспериментальной группы показали результаты на оценку «удовлетворительно» (17,6 и 17,5 сек соответственно, $p > 0,05$). При этом результаты студентов очень сильно варьируют внутри группы, о чем свидетельствуют коэффициенты вариации - 17,6 % и 17,1%.

В беге на 1000 м (выносливость) девушки контрольной группы показали результаты, соответствующие оценке «неудовлетворительно» (5 мин 48 сек), а контрольной группы – «удовлетворительно» (5 мин. 14 сек.). Наблюдается также относительная вариабельность результатов (коэффициенты вариации равны соответственно 10,5% и 11,4%). Различия

между результатами контрольной и экспериментальной групп статистически недостоверны ($p > 0,05$).

По прыжку в длину с места (скоростно-силовые качества) результаты студенток обеих групп были адекватны оценке «удовлетворительно» (165,3 см и 164,2 см) при низкой их вариации внутри групп (8,04 % и 7,42%). Но результаты между группами также статистически недостоверны ($p > 0,05$).

По подниманию туловища девушки обеих групп имели результаты, соответствующие оценке «неудовлетворительно» (25 и 24 раза) при высокой вариации результатов (25,2 % и 22,5 %). Результаты между группами статистически недостоверны ($p > 0,05$). Таким образом, как показывает анализ вышеотмеченных результатов, уровень физической подготовленности студентов находится на низком уровне.

Для выявления причин мы проанализировали уровень физической подготовленности студентов 2015 и 1998 годов. Анализ результатов позволил констатировать относительное ухудшение уровня физической подготовленности выпускников общеобразовательных школ. Так, если в 2015 году юноши и девушки в беге на 100 м показали результаты в среднем 14,5 сек и 17,2 сек, то в 1998 году они равнялись 13,8 сек и 17,1 сек. В прыжке в длину с места первокурсники 2015 года в среднем прыгали на 214,4 см и 155,3 см, то в 1998 году – на 228,2 см и 162,5 см. Аналогичная тенденция наблюдалась и в подтягивании на перекладине у юношей и поднимании туловища из положения лежа на спине у девушек. Если значения этих показателей в 2015 году соответствовали 7 и 24 раза, то в 1998 году 10 и 30,3 раза.

В постановке учебного процесса по физическому воспитанию студентов нами выявлены определенные противоречия, которые заключаются в следующем:

- в связи с непогодными условиями при переходе в спортивный зал не соблюдается взаимозаменяемость средств и методов, в результате чего не реализуются поставленные задачи, которые необходимо решать при прохождении таких разделов «бег на средние и длинные дистанции». Следствием этого является низкий уровень развития выносливости студентов;
- большая загруженность спортивного зала приводит к невысокой моторной плотности, в результате чего куммулятивный эффект от проведенных занятий снижается и динамика уровня физического потенциала студентов снижается. Также нарушается «эффект последствия» физических нагрузок;
- преподавателями физической культуры не уделяется достаточное внимание планированию средств и методов профессионально-прикладной физической подготовки;
- преподавателями почти не применяется метод круговой тренировки в профессионально-прикладной физической подготовке студентов, и они недостаточно владеют знаниями по его реализации в учебном процессе по физическому воспитанию;

На основании полученных результатов мы предлагаем следующие методические пути совершенствования физического воспитания студентов.

1. Внести коррективы в планирование учебных занятий, а именно взаимозаменяемость средств и методов физического воспитания с учетом непогодных климатических условий.
2. В разделе «общая физическая подготовка» включить силовую аэробику. Данный вид упражнений позволит укрепить мышцы опорно-двигательного аппарата, что необходимо для развития отстающих физических качеств.

3. В подготовительной и заключительной частях занятия включать упражнения дыхательной гимнастики Стрельниковой (для развития мышц грудной клетки и в целом работы сердечно-сосудистой системы).
4. Для совершенствования мотивации студентов использовать личные карточки достижений результатов студентов и за основу принимать темпы их прироста.
5. Занятия проводить с использованием метода круговой тренировки с избирательной направленностью на развитие физических качеств.
6. В условиях кредитной технологии обучения студентов больше использовать потенциал самостоятельных занятий студентов. В них включить комплекс упражнений по развитию скоростных, скоростно-силовых качеств, выносливости, гибкости, а также такие темы как оценка физического развития, самоконтроль при занятиях физическими упражнениями.
7. Основными научно-теоретическими предпосылками проблемы совершенствования физического воспитания студентов является разработка методов оценки уровня их физической подготовленности, методов развития физических качеств, управления их физической активностью, тренировочных программ для студентов, технологии дифференцированной физической подготовки.
8. Уровень физической подготовленности студентов-первокурсников 2015 года относительно не соответствует требованиям программы и наблюдается его ухудшение по сравнению с периодом конца 90-х годов XX века.
9. Среди факторов, определяющие уровень физической подготовленности студентов университета, можно выделить отсутствие взаимозаменяемости средств и методов, не применение активных методов обучения.
10. Методическими путями совершенствования физического воспитания студентов являются: введение корректив в планирование учебных занятий, включение упражнений дыхательной гимнастики Стрельниковой, использование личных карточек достижений результатов студентов, использование метода круговой тренировки, использование потенциала самостоятельных занятий студентов.

Список литературы:

1. Мандриков В.Б. Методология профилирования физического воспитания студентов в медицинских [вузах](#): дис. в виде научного доклада докт. пед. наук. - Краснодар, 2002. - 98 с.
2. Романченко С.А. Коррекция состояния здоровья студентов в процессе занятий физической культурой: : автореф. дис.... к.п.н. - 13.00.04 – СПб, 2006. – 20 с.
3. Палагина Н.И. Оптимизация физической подготовки студентов на основе оценки двигательных способностей: автореф. дис....к.п.н.- - 13.00.04., 13.00.08. – Йошкар-Ола, 2005. -24 с.
- 4 Воложанин, С. Е. Повышение уровня физической подготовленности студентов вуза средствами атлетизма: автореф. дис....к.п.н.- - 13.00.04. – Улан-удэ, 2007. -24 с.
5. Усольцева С. Л. Доминирующие» физические качества как средство повышения физической подготовленности студентов: автореф. дис....к.п.н.- - 13.00.04. – Екатеринбург, 2006. -23 с.
- 6 Шаманский К.А. Системный анализ и управление физической активностью студентов в условиях урбанизированного Сибирского Севера: автореф. дис....к.п.н.- 05.13.01– Сургут, 2007. -23 с.

7. Усков Г.В. Динамика состояния физического здоровья студентов с различными режимами двигательной активности в период обучения в вузе и коррекция модифицируемых факторов риска развития заболеваний: автореф. дис....д.мед.н.- 03.00.13– Курган, 2006. -44 с.

8. Мишкова Т.А. Морфофункциональные особенности и адаптационные возможности современной студенческой молодежи в связи с оценкой физического развития: автореф. дис....к.биол.н.- 03.03.02– Москва, 2006. -24 с.

9. Борисова О.В. Технология дифференцирования физической подготовки студентов вузов на основе учета соотношения соматических и психологических типов: автореф. дис....к.п.н.- 13.00.04– Волгоград, 2006 -24 с.

Б.Т.ОРТАЕВ¹
С.Ш.ӘЛІМБЕКОВА²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ОҚУШЫЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ ДАЙЫНДАУДЫҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Аңдатпа

Жалпы білім беретін мектептерде еңбекке дайындаудың барлық түрлері «мектеп оқушыларының жалпыеңбек дайындығы» бірыңғай ұғымымен байланысты. Ол оқушының өзінің жеке тұлғалық мүмкіндіктерін, таланттарын, қабілеттерін, нақты кәсіпке қатысты іскерліктері мен дағдыларын дамыту мен қолдануды болжайтын кәсіби дайындығының жалпы буыны ретінде қарастырылады. Мектепте еңбекке дайындық білім берудің ішкі жүйесі ретінде жүзеге асырылады. Бұл жүйенің құраушылары болып техника бойынша үйірмелер, факультатив курстары, қоғамға пайдалы, өнімді еңбек және технология оқу пәні (еңбекке баулу) табылады. Технология оқу пәні (еңбекке баулу) – бұл мектептегі оқу-тәрбие үдерісінің бөлігі, ол оқушы жеке тұлғасының үйлесімді, жан-жақты дамуына, практикалық іс-әрекетке дайындауға қызмет етеді және еңбекке дайындаудың өзегі.

Мақалада мектеп оқушыларын еңбекке дайындаудың қысқаша тарихы, оның ішінде кемшіліктер мен оқушыларды еңбекке тәрбиелеудің оңды тұстарына шолу жасалады; технология оқу пәні мазмұны, оның ішінде оқу материалдары мен еңбек іскерліктеріне тән ерекшеліктер талданады; мектеп оқушыларын еңбекке дайындауды жетілдіру бойынша ұсыныстар беріледі.

Түйінді сөздер: еңбекке дайындау, еңбекке баулу, дидактикалық жүйелер, технология, технологиялық мәдениет, оқыту нәтижелері.

Б.Т.ОРТАЕВ¹
С.Ш.АЛИМБЕКОВА²

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави
(г.Туркестан, Казахстан)

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТРУДОВОЙ ПОДГОТОВКИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В общеобразовательной школе все виды подготовки к труду связаны в единое понятие - «общетрудовая подготовка школьников». Она рассматривается как общее звено будущей профессиональной подготовки, которое предполагает развитие и применение учащимися своих индивидуальных возможностей, дарований, способностей, умений и навыков применительно к конкретной профессии. Трудовая подготовка в школе осуществляется как подсистема образования. Компонентами этой системы являются кружки по технике, факультативные курсы, общественно полезный труд, производительный труд и учебный предмет технология (трудовое обучение). Учебный

предмет технология (трудовое обучение) - это часть учебно-воспитательного процесса в школе, он служит всестороннему и гармоническому развитию личности учащихся, подготовке к практической деятельности и является стержнем трудовой подготовки.

В данной статье даются краткий исторический обзор трудовой подготовки школьников, в том числе их недостатки и положительные аспекты трудового воспитания учащихся; проанализированы характерные особенности содержания предмета технологии, в том числе учебных материалов и трудовых умений; даны предложения по совершенствованию трудовой подготовки школьников.

Ключевые слова: подготовка к труду, трудовое обучение, дидактические системы, технология, технологическая культура, результаты обучения.

B.T.ORTAYEV¹
S.SH.ALIMBEKOVA²

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

SOME PROBLEMS OF LABOR TRAINING OF STUDENTS

Abstract

At general school, all types of preparation are connected into a single concept "General-labor preparation of pupils". It's considered as a common link of future professional preparation, which supposed development and application by pupils' individual possibilities, abilities, capabilities and skill for specific professions. Labor preparation at the school is carried out as a subsystem education. The components of this system are based on a technique, elective course, socially useful labor, productive work, the technology subject (labor training). The subject technology (labor training)-one part of teaching and educational process at school. It serves as a comprehensive and harmonious development of pupils identity, preparation for practical activity and it is the core of labor preparation.

In this article is given the short historical review of pupils labor training, including their defects and positive aspects to labor education of pupils; characteristic features are analysed maintenance of the article of technology, including educational materials and labor skills; given proposals for improvement of students employment preparation.

Key words: preparation to labor, labor educating, didactic system, technology, technological culture, result of educating.

Кіріспе. Дамыған өндіріс жағдайында технологиялық мәдениеті жоғары деңгейде жұмыс жасайтын азаматтар қажет болатыны белгілі. Десек те, осы мәселені шешу негізгі мектеп білім беру жүйесінде жүзеге асырылады. Жас ұрпақтың еңбекке дайындығын қалыптастыру бүгінгі білім беру реформаларынан бұрын адамзат баласының өндірістік тәжірибелерді кейінгі ұрпаққа беруді ойластырудан және жүзеге асырудан бастау алғаны педагогика тарихынан білгілі.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында «Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық» [1] деп «Мәңгілік Ел» идеясын тұжырымдап, ұсынды. Уақыт сынынан өткен қазақстандық жолдың тәжірибесі негізінде «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жеті құндылығы айқындап берді. Солардың бірі: Жалпыға Ортақ Еңбек

Қоғамы. Осыған байланысты уақыт оқушы жастардың өзінен өндірістік іс-әрекетке қажетті қалыптасқан еңбек дағдыларын, еңбекқорлық пен кәсіпқойлықты талап етуде.

Елбасы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында: «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясы көз жетпейтін көкжиекте ойлап табылмаған. Бұл – практикалық, прагматикалық идея. Ол маған тіпті етене жақын, өйткені мен қазақстандықтар жақсы білетіндей, өзімнің кәсіби жолымды «ақ саусақтар» секілді кабинетте де, паркетте де емес, жұмысшы-металлург ретінде бастадым. Ал бұл, атап айтсам, нағыз кәсіп болып табылады» - деп атап көрсеткен [2]. Шын мәнісінде жастарды басым көпшілігі жұмысшы мамандықтарын таңдаудан бас тартып жатады немесе басқа жұмыстар табылмаған жағдайда ғана қолжетімді жұмысшы мамандықтарын таңдайтыны тағы бар.

Бұл мәселе жастардың адамның кәсіби іс-әрекет саласына жарамсыз дегенді білдірмейді, керісінше сол мамандық жөніндегі мағлұматтарды білмеуі мен оған деген қызығушылықтарының болмауын айтуымыз керек. Бұл білім беру мазмұны мен жүйесінің қателігінен болу да мүмкін екендігін жоққа шығара алмаймыз.

Қазіргі уақытта еліміздің тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыздандырудың негізгі факторларының бірі болып табылатын білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру және оған педагогтарды даярлауға жоғары талаптар қойылып отыр. Осы міндеттер Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76 және 77 қадамында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары оқу орнында білікті кадрларды әзірлеу, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарында тарату» бағыттары тұрғысынан көрсетілген [3].

Осыған байланысты орта білім беру мазмұны пәндер бойынша жаңаланды және жоғары оқу орындарында құзыреттілікке бағдарланған білім беру бағдарламалары әзірленуі қолға алынды. Орта мектеп білім беру мазмұнында оңды өзгерістер мен қатар орын алған кемшіліктер де болды.

Елбасының Қазақстандық балаларды білім жағынан қатты қыстамай, оқу жүйесіндегі реформаларды қайта қарауды тапсырғаны XXIV Қазақстан халық Ассамблеясында орын алғаны айтылған болатын: «Біз кішкентай балаларға тым ауыр жүк артамыз, мұндай білім жүйесі ешбір елде жоқ. Кейде біз американдықтар Әзірбайжан мен Тәжікстанды ажырата алмайды деп сынайтын едік, ол расымен де солай, мұндай нәрселерді американдар өсе келе үйренеді. Олар өмір сүруді, өз білімін қалай пайдалануды, өмірде аяққа тұрып кетуді үйренеді. Ал біз оны өте ерте бастан үйретеміз, байғұс кішкентай балаларымыз таңнан кешке дейін күннің жарығын көрмейді». Оқу жүйесі реформасының айналасындағы дау-дамай ақпараттың жеткіліксіз және шешімді дұрыс қабылдамағандықтан болғанын Нұрсұлтан Назарбаев: «Оқу жүйесіндегі жаңа реформаны халықтың ойымен санаспай, пікірін тыңдамай қабылдай салды. Мұндай өзгерістер оқушылардың білім деңгейін көтеру үшін қажет. Барлық тараптың пікірі қаралуы тиіс. Ойланбай жасаған тәжірибелер қажет емес, бізді ешкім қуып бара жатқан жоқ», - деген болатын [4]. Бұл өз кезегінде жасалатын реформалардың жан-жақты талдануын алға тартады.

Жалпы білім беретін мектеп өмірге, өндірістік және қызмет көрсету саласына қажетті білім мен іскерлікті қалыптастыратыны белгілі. Оның мазмұны жүйе ретінде бір құраушысы өзгеріске ұшырағанда келесі құраушылары негізгі мазмұн мен оқыту нәтижесін қамтамасыз етуге бағытталатыны белгілі.

Соның бірі – мектеп оқушыларын еңбекке дайындау жүйесі және оның негізгі мақсатын жүзеге асыру болып табылады. Мақала мектеп оқушыларын еңбекке дайындаудағы білім беру мазмұнындағы өзгерістердің орын алуы мен олардағы кемшіл тұстарды және оны түзетуге бағытталған ұсыныстарды қамтиды.

Зерттеу әдістері. Мектеп оқушыларын еңбекке дайындау мазмұны мен жүйесін зерделеу белгілі зерттеу әдістерін жүзеге асыруды қарастырады. Біздер орын алған проблеманы танып білу және оны анықтау мен жетілдіру жұмыстарын жүзеге асыруға ұсыныс беру үшін төмендегідей әдістерді қолдандық.

- жалпы ғылымилық әдістер, оқушыларды еңбекке дайындау бойынша жазылған психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау;
- эмпирикалық әдістер, оқушылардың еңбекке дайындық бағытындағы оқу іс-әрекеттерін педагогикалық бақылау, сауалнама жүргізу, әңгімелесу, интервью жүргізу;
- оқушылардың еңбек іс-әрекеті бойынша оқыту мазмұнын үлгілеу әдісі;
- оқушылардың еңбек іс-әрекет нәтижелерін, дәлелдеу объектілерін талдау;
- жинақталған материалдарды қорытындылау.

Зерттеу нәтижелері. Оқушылардың еңбекке дайындау көптеген ғалымдардың зерттеу объектісі болды. ТМД елдері бойынша П.Р.Атутов, П.Н.Андрианов, С.Я.Батышев, Ю.К.Васильев, Л.Н.Иляева, О.А.Кожина, Н.В.Матяш, В.П.Овечкин, В.А.Поляков, М.В.Ретивых, В.Д.Симоненко, А.С.Тихонов, Ю.Л.Хотунцев және т.б., елімізде К.Дүйсенбаев, Ә.Мүслімов, К.Өстеміров, А.Қалдыбаев, Д.Қ.Пошаев, А.Б.Саипов, Ю.Н.Камалов, Б.Ортаев, С.Әлімбекова және т.б. педагогикалық зерттеулерінде орта мектеп оқушыларының еңбекке дайындығы мен технологиялық мәдениетін қалыптастырудың әртүрлі аспектілерін қарастырды.

Зерттеу нәтижелерінен оқушыларды еңбекке дайындауды кезеңдерге бөліп, олардағы негізгі кемшіліктер мен қазіргі күнге жарамды іс-тәжірибелерді төмендегіше беруге болады [5]:

XIX ғ. соңы мен 1917 жыл аралығы: оқыту үдерісін толыққанды етіп жүргізуші мамандардың, материалдық-техникалық базаның болмауы. Алғашқы педагогикалық ойлар және белгілі практикалық тәжірибелердің жинақталуы.

1917-1937 жылдар аралығы: Политехникалық білім беру жөнінде жетіспеушіліктер (жіберілген қателіктер): еңбекке баулу мен өндірістік оқу мазмұны политехникалық принципке сәйкес болмауы; оқыту едәуір дәрежеде әр түрлі қозғалу дағдыларын меңгеруге негізделуі. Бірінші кезекте оқушыларды өнімді еңбекке қатыстыру үшін нақтылы операцияны игеру бойынша практикалық сипаттағы ептіліктердің дамытылуы; еңбек сабағы ғылым негіздерін оқып үйренумен байланыста болмауы; еңбекке баулу мейлінше элементарлы жүргізілуі және ғылым негіздерімен байланыстың нығайтылмауы; оқушылардың техникалық шығармашылығының дамуына және өз бетінше жұмыс жасауға аз көңіл бөлінуі; қолданылған әдістер практикалық жұмыстардың тиімділігі мен политехникалық бағыттылықты қамтамасыз етпеуі.

1937-1952 жылдар аралығы: Мектептегі оқу жоспарынан еңбекке баулу пәнін алып тастауы, соның нәтижесінде мектеп қабырғасында аз да болса жинақталған тәжірибеден айырылуы, мектеп қабырғасындағы және жоғары оқу орындарындағы оқу материалдық базаның жабылуы немесе жабдықталуының толықтай тоқтауы.

1952-1966 жылдар аралығы: Оқушыларды ең маңызды өнеркәсіп салаларымен, ауыл шаруашылық, өндірісімен таныстыру және оқуды қоғамға пайдалы еңбекпен тығыз байланыстыру, алған теориялық білімді практикалық іс-әрекетте қолдану.

1966-1984 жылдар: 1976-1980 жылдары жалпыға бірдей орта білім беруге өтудің жүзеге асырылуы барлық оқу-тәрбие түрлерінің сипаты мен мазмұнына талаптарды күшейтуі; станоктарда жұмыс жасаушы, өндірісте үдерістер операторлары, автомобильдерде, тракторларда, және т.б. агрономия мен мал шаруашылығы негіздерін зерделеумен байланысты ауыл шаруашылығы машиналарында жұмыс жасауға оқушылардың еңбектік дайындығын тереңдетуші мектептер санының арттырылуы.

Еңбек дайындығының сапасының жоғары еместігі, еңбекке және кәсіпке баулудың әдістемелік деңгейінің төмендігі, қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке педагогикалық басшылықтың әлсіздігі.

1984-2006 жылдар аралығы: Өндіріс, ғылым мен техникалық шығармашылық, ауыл шаруашылық тәжірибесі бойынша сыныптан және мектептен тыс т.б. жұмыстар байланысының арттырылуы. Ғылыми техникалық қоғамдар және клубтар, профильдік лагерьлер, мектептік Бүкілодақтық ойлап табушылар мен ұтымды ұсынысшылар қоғамдары, жас техниктер мен натуралистер слеттарының ұйымдастырылуы, т.б. Әсіресе қала мектептерінен қоғамға пайдалы, өнімді еңбектің ығыстырылуы, техникалық шығармашылық және ауыл шаруашылығы тәжірибелері бойынша сыныптан және мектептен тыс жұмыстардың қысқартылуы. Кәсіптік бағдар жұмыстарының тежелуі (тоқтауы, жабылуы).

Еңбекке дайындаудың практикалық бағыттылығының педагогикалық құндылықты анықтаушы сатыда шешуші, тәрбиелік және дамытушылық әлеуетін тиімді пайдалануға қабілетті сапасының жоғалмауы. Алғашқы буын қазақ тіліндегі еңбекке баулу бойынша төл тума оқулықтардың пайда болуы. Еңбекке баулудың тек қағаз жүзінде қалып қоюы.

Ұлттық қолөнерге баулудың политехникалық бағыттылықпен ұштастырылмауы.

2006 жылдан бері оқушылардың еңбекке баулудағы технология оқу пәніне және еңбекке дайындық жүйесіне бөлінген уақыт мөлшерінің азаюы. Егемендік алғаннан кейінгі жылдары еңбекке дайындау жүйесі оқыту мазмұнына, құрылымына жеткілікті көңіл бөлінбегені белгілі.

Еңбекке дайындау оқушыларды еңбекке баулу арқылы жүзеге асырылады. Сонымен «еңбекке үйрету» (оқыту, баулу) ұғымы екі мағынада қолданылады: біріншісі – үдеріс ретінде, екіншісі – оқу пәні ретінде.

Еңбекке үйрету (оқыту, баулу) – қоғамның игілігі үшін еңбек іс-әрекетіне оңай араласуға және кәсіпті саналы таңдауға, мүмкіндік беретін жеке тұлғаның өзінің ойлауын және сапасын дамытуға, белгілі бір салада өнімді еңбекті орындау үшін қажетті оқушылардың заттар, құралдар және еңбек үдерістері жөніндегі білімдер, практикалық іскерліктер мен дағдылар алуына мүмкіндік беретін мұғалімнің жетекшілігінде оқушылармен жетілдірілетін ақыл-ой және дене әрекеттері үдерісі.

«Еңбекке дайындау жүйесі» ұғымның мәнін түсіну үшін «жүйе» ұғымын анықтау қажеттілігі туындайды. Жүйе (грекше systema – бөлшектерден біріктірілген, құрастырылған) – қандай-да бір бүтіндік түзетін және белгілі үлгіде өзара байланысқан элементтердің бірлігі немесе жиынтығы, сондай-ақ қандай да бір іс-әрекетті ұйымдастырудың формасы [6]. Еңбекке дайындау жүйесі деп, біздер «... мектептегі оқу пәндері мен сыныптан және мектептен тыс оқушылардың шұғылданыстары арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекет бағыттарын айтамыз». Оның ішінде оқу пәндеріне қатыстысы: технология және кәсіпке оқыту мен ғылым негіздері. Сыныптан және мектептен тыс оқушылардың шұғылданыстарында еңбек іс-әрекеттеріне даярлауды ұйымдастырудың формаларына: қоғамға пайдалы, өнімді еңбек, факультатив курстар,

үйірмелер жатады. Мектептің еңбекке дайындау жүйесі жалпы білім беретін пәндермен байланысты қарастырылады.

Мектепте еңбекке үйрету негізінен технология (еңбекке баулу) оқу пәні барысында жүзеге асырылады. Сонымен қатар оқушыларда кез келген еңбек іс-әрекеті үшін қажетті бірқатар рухани-еріктік сапалар қалыптастырылады. Олар: "... зейін, байқағыштық, ой топтастыру, шыдамдылық, қиындықты жеңе білу, істі соңына дейін жеткізу, ұқыптылық және т.б." [7].

Орта мектепте оқушыларды еңбекке дайындауда не оқытылады?

Олар адамның әлеуметтік-еңбектегі бес кәсіби сфера бағыты (Е.А.Климов бойынша): «Адам-Адам», «Адам-Табиғат», «Адам-Техника», «Адам-белгілер жүйесі», «Адам-көркем бейне» [8]. Оқушылар еңбекке дайындықтың төмендегідей құраушы оқу материалдарын танып біледі: жеке мамандықтарды, еңбек объектісі мен затын (сипатын), еңбек мақсатын, еңбек мақсатына қарай кәсіптер мен мамандықтарды жіктеуді.

«Еңбекке баулу – жалпы білім беретін мектептің оқу пәні. Оқушыларды еңбекке тәрбиелеу мен еңбекке кәсіпке дейінгі дайындау жүзеге асырылатын политехникалық білім беруді кеңейту мен тереңдету мақсаты бар» [9]. Қазіргі таңда бұл пән атауы «Технология» болып өзгертілді.

Оқушыларды еңбекке дайындау жүйесінде «еңбекке баулу» (технология) пәнінің өзіндік орны бар. Технология пәнінің оқушыларды еңбекке баулу барысында білімді, іскерлік пен жеке тұлғалық сапалық қасиеттерді қалыптастырылатын ғылыми зерттеулерде баяндалған.

Талқылау. Сонымен, мектептің еңбекке дайындау жүйесінде қазіргі кезеңдерде өзіндік өзгерістер орын алғандығын көруге болады. Оған мысалы ретінде, технология пән сабақтарынан басқа еңбекке дайындық жүйе құраушыларының (үйірме, факультатив курс, қоғамға пайдалы, өнімді еңбек) өз деңгейінде ұйымдастырылмауын және оларға бөлінетін сағат мөлшерінің азаюын; соңғы жлыдарда еңбекке баулу пәніне бөлінген сағат мөлшерінің өзгеруін; технология пәні мазмұнының (тақырыптарының) өзгеруін; оқыту жүйесінің өзгеруін, т.б. айтуға болады.

Бастауыш сыныптың өзінде еңбекке баулу атауы мен мазмұны өзгерген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығына 11-қосымшаға (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына 185-қосымша) сәйкес Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Көркем еңбек» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы ұсынылған. Бағдарламада мұғалім үшін керектісі: Әрбір тақырыптың қамтитын оқу материалдары мен орындайтын іс-әрекеттер (іскерліктері) айқын көрініс таппаған. Есесіне әрбір тақырып оқу мақсаттары түрінде берілген. Сол сияқты 5-9-сыныптар (уақыт мөлшері бойынша 5-6-сыныптарға 2 сағаттан, 7-9-сыныптарға 1 сағаттан аптасына бөлінген.) үшін «Көркем еңбек» оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды бес ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйрену қарастырылады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016ж. бұйрығына қосымшада (2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 211-қосымша): 1) визуалды өнер; 2) сәндік-қолданбалы шығармашылық; 3) дизайн және технология; 4) үй мәдениеті; 5) тамақтану мәдениеті.

Сонымен қатар, оқыту бағдарламасына әдістемелік нұсқаулар қамтылған. Оқыту мақсаттары мазмұнында оқушылардың эмоциональды-құндылық қатынастары кеңінен қамтылғандығын көруге болады.

Десекте, мектеп мұғалімі үшін керектісі, ол әрбір тақырып үшін оқу материалдары мен практикалық іс-әрекеттер тізбегі. Ең жақсы түзілген еңбекке баулу бағдарламасы ретінде 1986 жылғы бекітілген бағдарламаны айтуға болады. Оның әрбір тақырып бойынша мазмұны төмендегідей берілген [10]: бұйымдар тізбегі, материалтану, графикалық сауаттылық, техника түрлері (құрал-жабдықтар, қондырғылар) технология негіздері (орындалатын операциялар), ұйымдастыру, экономикалық білім элементтері, көрсетілімдер, пәнаралық байланыстар (нақты берілген: пән, тақырыптар бойынша). Бұл «нені білуі тиіс», «нені орындауы тиіс» талаптарын білуге мүмкіндік береді.

Оқу материалдары мен оқушылардың орындайтын іс-әрекеттері және солардың негізінде қалыптастырылатын жеке тұлғалық сапалық қасиеттер – оқушылардың технологиялық мәдениетін түзетінін естен шығармау қажет.

Бағдарламада оқыту нәтижесін дәлелдеу объектісі ретінде: бұйымдар тізбегі және іс-әрекет түрлері - орындайтын еңбек операциялары берілген. Сонымен қатар, дәлелдеу объектісі ретінде оқу материалдары ауызша айтуы үшін оқу элементтеріне дейін талдаумен кеңінен жазылған (материалдану, техника, т.б. бойынша).

Бастауыш сыныпта оқыту, еңбекке баулу операциялық-заттық жүйеге негізделіп жүргізіледі. 5-7-сыныптар үшін де еңбекке баулуды (технология) пәнін оқытуды конструкторлық-технологиялық жүйеге сәйкес оқыту қарастырылған (1986ж. бағдарлама бойынша). Дегенмен де, 5-7-сыныптарда операциялық-заттық жүйе негізінде оқыту практикада жүзеге асырылып жатқандығын көруге болады. Бұл жағдайда өңдеу дәлдігі, технологияны орындау сапасын бақылау басты назарға алынады. Конструкторлық-технологиялық жүйемен тек жоғары сынып оқушыларын оқыту жүзеге асырылу мүмкін екендігін практика көрсетіп беруде. Соңғы бекітілген технология (көркем еңбек) пәнін оқыту шығармашылық заттық-операциялық жүйеге негізделіп отырғандығын көруге болады. Бұл төменгі және орта буын сыныптар үшін мүмкін еместігін теориялық еңбектер мен практиканы талдау көрсетіп беруде [11]. Технология пәнін оқыту үшін кейбір мектеп оқу шеберханаларының да сын көтермейтіні де жасырын емес. Оқу бағдарламасына сәйкес оқу шеберханасы жақсы жабдықталған, типті үлгіге сәйкес мектептерді ауылдық жерлерден табудың өзі қиындық тудырады.

Қорытынды. Білім беру мазмұнын жаңалауда оқыту әдістемесіне көп көңіл бөлу керек-ақ. Бірақ, оқыту мазмұнын түзетін оқу материалдары мен оқу элементтерінің де мазмұндағы толықтылығын назарда ұстау керек. Олар оқыту бағдарын, әдістемесін анықтауда мол мүмкіндіктер береді.

Сонымен, орта мектеп оқушыларын еңбекке дайындауда төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

- еңбекке дайындау жүйесі құраушыларын білім беру мазмұнында (жүйесінде) қайта жаңғырту (техника бойынша үйірме, факультатив курстары, қоғамға пайдалы, өнімді еңбек);
- оқу-материалдық базаны жетілдіру;
- технология оқу пәні бойынша бағдарламалардың мазмұнын мұғалімдер үшін түсінікті етіп, оқу материалдарымен (теориялық оқыту мен практикалық іс-әрекеттер үшін) толықтыру;

- еңбекке баулу жүйелерін басшылыққа ала отырып, оқыту технологияларын жетілдіру және олар бойынша мектеп мұғалімдерінің даярлығын жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 14 желтоқсан 2012 ж.
2. Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам». Егемен Қазақстан, 3 шілде 2012 ж.
3. 100 нақты қадам <http://shu.zhambyl.kz/kk/2016/10/12/plan-nacii-100-konkretnyx-shagov/>
4. Нұрсұлтан Назарбаев: Оқу жүйесіне енгізілген реформаны қайта қарау керек <https://baribar.kz/15867/nursultan-nazarbaev-oqu-zhuyesine-engizilgen-reformany-qayta-qarau-kerek/>
5. Ортаев Б.Т. Болашақ технология пәні мұғалімдерін оқушыларды қолөнерге баулуда политехникалық бағыттылықты жүзеге асыруға даярлау: Монография. – Шымкент: «Әлем», 2016. – 192 б.
6. Ожегов С.И. Словарь русского языка / Под ред. Н.Ю.Шведовой. -М.: Рус. яз., 1989. - 924 с.
7. Методика трудового обучения с практикумом: Учеб. Пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2120 «Общетехн. Дисциплины и труд» и учащихся педучилищ по спец. № 2008 «преподавание труда и черчения в 4-8 кл. Общеобразоват. шк.»/Д.А.Тхоржевский, А.И.Бугаев, Б.И.Бухалов и др.; Под ред. Д.А.Тхоржевского. – М.: Просвещение, 1987. – 447 с. с. 27
8. Климов Е.А. Как выбирать профессию: кн. для учащихся. –М.: Просвещение, 1984. – 160с.
9. Трудовое воспитание и политехническое обучение. Краткий словарь для учителя. Под. ред. М.Н.Скаткина и В.А.Полякова. - М.: Просвещение, 1968. – С. 391-392.
10. Орталау мектеп бағдарламалары. Қалалық және ауылдық мектептер үшін V-VII класстарды еңбекке баулу /Аударған Ғ.Жандыбаев. – Алматы, «Мектеп», 1986.- 98 б.
11. Сыздықов О., Пошаев Д.Қ., Ортаев Б.Т. «Технология» пәнін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2010. – 394 б.

К.И.Ергазиева¹

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау
кафедрасының х.ғ.к., доценті
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

СПОРТТАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҚҰРАЛДАРЫ

Андатпа

Бұл мақалада а) оптикалық және оптико-электрондық пен б) механоэлектрикалық деп аталатын екі топқа бөлінетін спортшыларды бақылау үшін қолданылатын инструменталдық әдіс қарастырылады. Оптикалық және оптико-электрондық әдістер спортшыларды байланыссыз және қашықтықтан бақылауға арналған. Оптикалық әдіс фотосуреттерге негізделген. Ал оптико-электрондық әдіс қозғалыстарды электрлік сигналдарға айналдыруға бағытталған. Механоэлектрикалық әдістерде ақпарат байланыстың проводтық жүйесі бойынша электрлік сигналдар арқылы беріледі. Механоэлектрикалық әдістер биомеханикалық сипаттамаларды (күш, жеделдету, жылдамдық, араластыру, көлем және т.б.) өлшеу үшін пайдаланылады.

Түйін сөздер: фотосурет, фотоға және киноға түсіру, кинокольцовка, кинограмма, стробифотограмма, циклограмма, стерео жазба, телециклография, видео жазба, фотоэффект, биолектірлік процестердің өлшеуіштері.

К.И.Ергазиева¹

¹к.х.н., доцент кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.
(г.Алматы,Казастан)

ТЕХНИЧЕСКИЕ СРЕДСТВА КОНТРОЛЯ В СПОРТЕ

Аннотация

В статье рассматриваются инструментальные методы контроля за спортсменами, которые делятся на две группы: а) оптические и оптико-электронные и б) механоэлектрические. Оптические и оптико-электронные методы предназначены для дистанционного и бесконтактного контроля за спортсменами. Оптические методы основаны на фотографии. А оптико-электронные методы регистрации движений основаны на преобразовании изображения в электрический сигнал. В механоэлектрических методах информация передается электрическими сигналами по проводной линии связи.

Механоэлектрические методы используются для измерения биомеханических характеристик (силы, ускорения, скорости, перемещения, массы и т.д.).

Ключевые слова: фотография, фотосъемка, киносъемка, кинокольцовка, кинограмма, стробифотограмма, циклограмма, стереосъемка, телециклография, видеозапись, фотоэффект, биоэлектрические датчики.

K.I.Yergaziyeva¹

¹ *Candidate of chemistry sciences, Associate professor Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

TECHNICAL MEANS OF CONTROL IN SPORT

Abstract

The article deals with instrumental methods of control over athletes, which are divided into two groups: optical and optico-electronic and mechanoelectric. Optical and optoelectronic methods are designed for remote and non-contact control of athletes. Optical methods are based on photography. Optical-electronic methods of recording motions are based on converting an image into an electrical signal. In mechano-electric methods, information is transmitted by electrical signals over a wire communication line. Mechanoelectric methods are used to measure biomechanical characteristics (force, acceleration, speed, displacement, mass, etc.).

Key words: photography, photosession, filming, kinogram, strobobhotogram, cyclogram, stereoscopy, telecyclography, video recording, photoelectric effect, bioelectrical sensors.

Қазіргі заманда спортта спортшыны бақылау процесі өлшеу аппараттарын пайдалана отырып жүргізілуде. Бақылаудың аспаптық әдісінің дәлдігін арттыру үшін инженерлік ойдың барлық жаңалықтары қолданылады: радиотелеметрия, лазерлік, радиозотоптар, инфрақызыл техника, ультра дыбыс, есептеу машиналары, телевидение, видео магнитофондар және т.б.

Спорттағы өлшеу апаратурасының жүйесіне хабар бергіштер (датчиктер), байланыс желілері және тіркеп отыратын құрылғы жатады. Сонымен қатар оның құрамына есептеу құрылғылары да (хабарды автоматты түрде өңдеу үшін) кіреді.

Датчик деп өлшенетін көрсеткіштің өзгерістерді тікелей қабылдап алатын өлшеу жүйесінің элементін айтады. Хабар датчиктен байланыс желілері арқылы тіркеуші немесе есептеу құрылғыларына түседі.

Спортшыларды аспаптық әдіспен бақылау екі топқа бөлінеді:

а) оптикалық және оптикалық-электронды әдістер: хабар тіркеуші құрылғыға жарық сәулесі немесе жылу арқылы беріледі.

б) механикоэлектірлік әдістер: хабар байланыс желілері немесе радио арқылы электір сигналдарымен беріледі.

Қимыл - қозғалысты тіркеудің оптикалық және оптикалық - электрондық әдістері

Оптикалық және оптикалық - электрондық әдістер спортшының қимылын дистанциялық және контактысыз бақылауға арналған. Олар машықтану жаттығуларын және жарыстар өткізуге кедергі келтірмейді.

Оптикалық әдістер фотографияға негізделген. Фотография (жарық жазу) - бұл жарық сезгіш материалда бейне алу тәсілдерінің жиынтығын фотоға түсіретін және киноға түсіретін екі түрі бар. Фотоға түсірген кезде бейне фотопластинкада немесе фотоқағазда қимылсыз күйде бейнеленеді, киноға түсірген кезде спортшының бейнесі жылжымалы жарық сезгіш пленканың (кинопленканың) кадырларында бірінен кейін бірі шығып, қимыл - қозғалысты түгел көрсетіп тұрады.

Фотоға және киноға түсіргендегі мақсат - қимыл қозғалысты көзбен көріп зерттеу үшін немесе кинематикалық сипаттамасын (алмастыру, жылдамдық) анықтау үшін. Бірінші жағдайда нәтижелер фотосурет, кинофильм, кинокольцовка немесе кинограмма түрінде болады. Өлшеу мақсатымен фотоға және киноға түсірген кезде циклограмма немесе стробифотограмма тіркеледі. Қозғалушы объектіні әр түрлі қимыл жасап тұрған сәтінде түсіріп алған суретті стробифотограмма деп атайды. Қозғалушы дененің траекториялық звеноларының үзік сызықтарының жиынтығы циклограмма деп аталады. Спортшының буынындағы және басындағы циклограмманы тіркеу үшін маркерлер (шағын лампалар немесе жарық шағылыстырғыштар) бекітіледі. Оны стробоскопы (фотоциклография) бар фотоаппаратпен немесе киноаппаратпен (киноциклография) түсіреді. Кинопленканың кадырларының бір бет қағазға кезектестіріп проекциялап, маркерлердің қалпын қолмен белгілесе киноциклограмма (промер) шығады.

Қимыл - қозғалысты тіркеудің оптикалық - электрондық әдісі бейненің электр сигналына айналуына негізделген. Олар телевизиялық және фотоэлектрондық әдіс болып бөлінеді. Телевизиялық түріне телециклография мен видеоманитофон жазбасы (ведеожазба) жатады. Телециклография (фотоциклографияның аналогы) қимыл - қозғалыс траекториясының телевизиялық камерада тіркеліп, телевизия экранында көрсетілетіндігімен сипатталады.

Видео жазба - телевизия экранында көп рет көрсету үшін магнитті лентаға жазылып алынған көрініс.

Өлшеуді фотоэлектрондық әдісі фотоэффектіге негізделген. Фотоэффект деп электромагниттік сәулеленудің (жарық және т.б.) әсерімен заттық электрондар шығаруын айтамыз.

Фотограмметрия (грек тілінен фотос - сәуле, грамма жазба, метрио- өлшемін) - объектілердің мөлшерін, формасы мен орналасуын олардың фотода бейнеленгеніне қарап анықтауымен айналысатын ғылыми техникалық пән.

Фотограмметрия фотоға түсірудің дәл әдістерін және сондай-ақ фотосуреттермен кинопрограммаларды автоматты түрде өңдеу әдістерін зерттеп, жүйелейді. Спортта Фотограмметриялық әдістер дәл тіркеуге және циклограмманы жартылай автоматты өңдеуге негізделген.

Оптикалық – электрондық құрылғылар

Оптикалық электрондық құрылғылар сәуле қабылдағыш және сәуле шығарғыш болып бөлінеді. Бір мезгілде іске қосылатын сәуле қабылдағыш пен сәуле шығарғыш оптронды жұп құрайды. Оптикалық - электрондық құрылғыға ақпарат әкелетін электр және оптикалық сигналдардың өзара түрленуі жүзеге асатын құрылғылар ғана жатады.

Оптикалық - электрондық сәуле шығарғышта кейбір кристалдың электр магниті өрісінде сәуле шашатын қасиеті пайдаланылады. Оптикалық электрондық сәуле

шығарғыштардың ішінен спортшыларды бақылау үшін сәуле шығаратын диодтар (сәуледиодтары) мен лазерлерді қолданады. Сәуле диодына электр батареясының қуатын жақын әкелсе, жарқырай бастайды. Ол әдетте белгілі бір уақыт аралығында мезгіл - мезгіл жарық шақырып жарқырап тұрады, бұл циклограмма бойынша жылдамдықты есептеу мүмкіндігін туғызады. Сәуле диодтарының жарық болатындығы соншалық зерттеу жұмыстарын арнаулы қараңғылаусыз, кәдімгі машыктану жағдайында да жүргізуге болады. Диаметрі 1- мм ге жуық болатын сәуле диодтары координат датчиктері (маркері) бола алады. Циклді түсірген кезде олармен спортшының буындары маркаланады.

Когерентті (латын тілінде - байланыста болу деген мағына береді) бағытталған сәулелену көзі лазер деп аталады. Когеренттілік лазер сәулесін жіңішке, концентрациялы, едәуір қашықтыққа білінбей шашырап берілуге қабілетті етеді. Лазерлер оптронды жұптың жылдамдық өлшеуге арналған шағылыстырғышы бар кәдімгі электр лампаларын біртіндеп ығыстырып келеді. Өлшеу принципі мынадай: жүгіріп келе жатқан спортшы сәуле шағылыстыруды қабылдағышта - фотоэлементтерде (мысалы фотодиодтарда) фокуска келтірілген екі немесе бірнеше жарық сәулелерін қиып етеді. Жарық сәулелерін үзе отырып спортшы қас-қағым сәтке сәуленің әсерімен фотоэлементте өтетін токты тоқтатады, электр импульсі пайда болады. Жарық сәулелері бір-біріне параллель және жүгіру бағытына перпендикуляр. Сондықтан жүгіру жылдамдығын есептеу үшін сәулелер арасындағы ара-қашықтықты фотоэлементтегі импульстардың арасындағы уақыт интервалына бөлу қажеттілікті.

Спортшы туралы информация жинаудың механоэлектрлік және телеметриялық әдістері

Өлшеудің механоэлектрлік әдістерінің дәлдігі телеметриялық тіркеуші және есептеу құрылғыларының дәлдігіне, бірінші кезекте информация беретін датчиктердің сапасына да байланысты. Ол көбінесе спортшының денесіне орналастырылады. Сондықтан да оларға қатал конструктивті талаптар қойылады: датчиктің салмағы мейілінше жеңіл болып, ол спортшының қимыл - қозғалысына еш кедергі келтірмеуі тиіс.

Датчиктердің түрі көп, әйтсе де біз бұл жерде ток биоэлектрлік процестерді тіркеуге және маңызды биомеханикалық сипаттамаларды (күш, жылдамдық алмасу, салмақ және басқа) өлшеуге арналған датчиктерді қарастырамыз.

Биоэлектрлік процестердің датчиктері

Организмнің тіршілік ету процесінде биопотенциал деп аталатын биоэлектрлік сигналдар туады. Зат алмасудың физико - химиялық салдарын бейнелей отырып, олар физиологиялық процестердің өтуінің хабардарлық көрсеткіші болып табылады.

Симметриялық емес форманың күрделі ауытқу биопотенциал болып табылады. Жиілік құрамы мен осы ауытқулардың амплитудасы биопотенциалдар көзіне байланысты. Спортта электрокардиография (жүректің биопотенциалдарының жазбасы) мен электромиография (скелет бұлшық етінің биопотенциалдарының жазбасы) кеп қолданылады.

Жүректің бұлшық еті қозғаған кезде және жиырылғанда туатын электрлік потенциалдардың қисық өзгерісі электрокардиограмма деп аталады.

Скелет бұлшық етінің электрлік потенциалының қимыл - қозғалысқа түрлі бұлшық еттің қатысу дәрежесін анықтау үшін, координацияны және бұлшық ет белсенділігінің деңгейін зерттеп білу үшін пайдаланылады.

Биомеханикалық сипаттамалардың датчиктері

Биомеханикалық сипаттамаларға динамикалық (күш, күш түсіру сәті) және кинематикалық (жалпы, жылдамдығы) көрсеткіштер жатады.

Акселерометрия (латын тілінде - тездетем деген мағана береді) жылдамдықты өлшеуге арналған өлшеу техникасының бөлігі.

Динамометрия (грек тілінде динамис - күш, метрис - өлшеймін деген мағына береді) күшті өлшеуге арналған өлшеу техникасының бөлігі.

Бұрыштың алмасуы өлшеу (буындардың алмасуы немесе спорттық инвентардың бұрыштық алмасуы) әдістері гониометрия (грек тілінде гинио -бұрыш деген мағына береді) деп аталады.

Стабилография - дененің түрегеп тұрған қалпындағы ауытқуы тіркеу

Телеметриялық жүйелер (грек тілінде теле - алыс деген мағынаны білдіреді) датчиктерден тіркеуші құрылғыға хабар беруге қызмет етеді. Телеметриялық жүйелердің көптеген әр түрі белгілі, олар бірінен - бірі ең алдымен хабар тасымалдайтын физикалық табиғатымен ерекшеленеді. Провод (сым) телеметриясында бұл рөлді электрондар тасқыны орындайды, радиотелеметрияда - радио толқындар, гидротелеметрияда - суда таралатын ультрадыбыстық ауытқулар орындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Спортивная метрология: Учебник для институтов физической культуры / Под ред. В.М. Зациорского. – М.: Физкультура и спорт, 1982. – 282 с.*
2. *Коренберг В.Б. Спортивная метрология. Учебник. - М.: Физическая культура, 2008. – 368с.*
3. *Смирнов Ю.И., Полевицков М.М. Спортивная метрология. Учебник для студентов педагогических вузов. – М.: Академия, 2000. – 232с*

Ж.А.ҚАСЫМБЕКОВ¹
М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада бала психологиясы басқа адамдармен қарым-қатынас жасай алатын, еңбектенетін, жаңалық ашатын, өнер туындыларынан ләззат ала білетін ересек адамға қалай айналатынына көңіл бөледі.

Жас бала үлкен адамға ұқсаңқырамайды. Мәселе оның білімін үлкендердің білімімен салыстыруға болмайтындықтан да емес. Қарапайым күнделікті бақылауларынан баланың сезінуі, ойлауы үлкен кісілердей емес екендігін білеміз. Сәбидің сезімдері күшті, бірақ көбіне тұрақсыз болулары мүмкін. Бүгін құштар болған нәрсесін ертең ұмытып кетуі ғажап емес. Үлкендердің астарлап сөйлегенін балалар түсіне бермейді. Жас бала өзін қызықтырмаған істі зорлап орындай алмайды...

Баланың қолынан келмейтіні көп. Бірақ біз тек сәбидің әлі де қолынан келмейтініне, әлі де істей алмайтынына ғана көңіл аударар болсақ, онда біз ересектерге тән жаңа қасиеттердің, сапалардың қайдан пайда болатынын ешқашан түсінбес едік. Сондықтан баланың бойында не бар, ол не істей алады, жасы өскен сайын ол қалай өзгеріп, нені үйреніп келеді дегенді анықтау әлдеқайда маңызды.

Түйін сөздер: Бала психологиясы, қабілет, ойлау, даму, әдіс, ойыншық, талдау, амал-тәсіл.

Ж.А.ҚАСЫМБЕКОВ¹
М.Б.ЖАЗДЫҚБАЕВА²

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

ОБЩИЕ ВОПРОСЫ ДЕТСКОЙ ПСИХОЛОГИИ

Аннотация

В данной статье рассматриваются детская психология может создать отношения с другими людьми, еңбектенетін выпуска новостей, наслаждаться произведениями искусства будет взрослый человек, который знает, как привлечь к себе внимание.

Мальчик не такой большой человек. Проблема не в том, что ее можно сравнить со знанием взрослых. Из ежедневных случайных наблюдений мы знаем, что ребенок не так чувствителен и не заботится о ребенке. Чувства детей сильны, но часто нестабильны. Неудивительно, что завтрашний энтузиазм будет забыт. Дети не понимают слов старца,

когда говорят об этом. Подросток не может редко делать то, что ему не интересно. Мальчик не может много сделать. Но если мы сосредоточимся только на том факте, что ребенок все еще не может этого сделать и до сих пор не может этого сделать, мы никогда не поймем, где новые особенности и качества взрослого. Итак, что есть у ребенка, что он может делать, как он меняется, когда он вырастает гораздо важнее знать, что вы изучаете.

Ключевые слова: Детская психология, умение, мышление, развитие, метод, игрушка, анализ, подход.

ZH.KASYMBEKOV¹
M.ZHAZDYKBAYEVA²

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

GENERAL QUESTIONS OF CHILDREN'S PSYCHOLOGY

Abstract

This article - child psychology can create relationships with other people, еңбектенетін news release, enjoy the works of art will be an adult who knows how to attract attention.

The boy is not such a big man. The problem is not that it can be compared with the knowledge of adults. From daily random observations we know that the child is not so sensitive and does not care about the child. Saba's feelings are strong, but often unstable. It is not surprising that tomorrow's enthusiasm will be forgotten. Children do not understand the words of the elder when they talk about it. A teenager can not rarely do what he does not care. A boy can not do much. But if we focus only on the fact that the child still can not do this and still can not do this, we will never understand where the new features and qualities of an adult are. So, what is the child, what can he do, how he changes, when he grows much more important to know what you are studying.

Keywords: Child psychology, ability, thinking, development, method, toy, analysis, approach.

Кіріспе. Балалар психологиясы балдырғанды зерттейді. Алайда баланы зерттейтін басқа ғылымдар да бар. Олардың әрқайсысы өзінше, өзінің ерекше жағынан зерттейді.

Балалар психологиясы балдырғанның басқа адамдармен қарым-қатынас жасай алатын, еңбектенетін, жаңалық ашатын, өнер туындыларынан ләззат ала білетін ересек адамға қалай айналатынына көңіл бөледі.

Жас балдырған үлкен адамға ұқсаңқырамайды. Мәселе оның білімін үлкендердің білімімен салыстыруға болмайтындықтан да емес. Қарапайым күнделікті бақылауларынан баланың сезінуі, ойлауы үлкен кісілердей емес екендігін білеміз. Сәбидің сезімдері күшті, бірақ көбіне тұрақсыз болулары мүмкін. Бүгін құштар болған нәрсесін ертең ұмытып кетуі ғажап емес. Үлкендердің астарлап сөйлегенін балалар түсіне бермейді. Жас бала өзін қызықтырмаған істі зорлап орындай алмайды...

Баланың қолынан келмейтіні көп. Бірақ біз тек сәбидің әлі де қолынан келмейтініне, әлі де істей алмайтынына ғана көңіл аударар болсақ, онда біз ересектерге тән жаңа қасиеттердің, сапалардың қайдан пайда болатынын ешқашан түсінбес едік. Сондықтан

баланың бойында не бар, ол не істей алады, жасы өскен сайын ол қалай өзгеріп, нені үйреніп келеді дегенді анықтау әлдеқайда маңызды.

Баланың дамуы үлкендерді үнемі таңдандырады әрі қуанышқа бөлейді. Ол бүгін кешегісіне, ал ертең бүгінгісіне ұқсамайды. Ілкіде басын жерден шаққа көтеретін ол, екі айдан кейін отырып, шылдырмақтармен ойнайды, ал тағы да бірнеше айдан соң тәй-тәй басып, алғашқы қадамдарын жасайды. Бұл қадам әлі сенімсіз, тәлтірек болғанымен, ең маңыздысы оның басталуында. Енді оның алдынан жаңа кең байтақ дүние- бұрын ол ағаш бесіктің тал қоршауының (манеждың) ішінде отырған кезде ойынан кіріп те шықпаған жаңа дүние есігін ашты. Міне, ол түрліше дыбыстар шығарады. Енді бір-екі айдан соң бөбекке ғана тән былдырды еститін боламыз. Тағы да бір сыпыра күндерден кейін ата-анасының ет-бауырын елжіретіп «ма-ма-ма», «ба-ба-ба» дегенді айтады. Содан соң сәби «мама» деп те айта бастайды. Әлі де сөз қоры аз болғанымен, бұл жердегі ең бастысы оның сөйлеуді бастағаны, оның адамзат тілінің бай қазынасына жол ашқаны.

Зерттеу әдістері. Жаңа туған сәби қандай болады? Ол – бағым-күтімсіз бір күнде өмір сүрерлік қабілеті жоқ, өздігінен қозғала да алмайтын, тамақтану да қолынан келмейтін, айналасымен қарым-қатынас жасауға да мүлдем дәрменсіз тірі жан.

Енді мына біздің алдымызда үш жасар бала делік. Бұл – өзінің ерекше ішкі дүниесі, өзіндік тілегі, әдеті, талғамы бар, көп жағдайда өз дербестігін көрсетіп, оны табандылықпен сақтай алатын адам. Ол жүруді, қолын сілтеп әр түрлі қимыл жасауды ғана емес, сонымен бірге киімдерді, ыдыс-аяқты, мебельді, қарындашты, кішкене күрекшені, адам жасаған басқа да көптеген дүние-мүлікті қолдану тәсілдерін де игереді. Үш жасар бала сөйлей біледі, 1000-нан астам сөз біледі, грамматикалық жағынан байланысқан сөйлемдер құра алады, айналасындағылардың бәріне қызыға қарап, сан түрлі сұрақ қояды. Ойнаған кезде көбіне үлкендерден көргенін істеп, соны өзінше қайталайды. Ақыл-ойының жетілуі жөнінен ол ең бір дамыған жануарлардан әлдеқайда озық. Адамға ұқсас маймылдардың өздері шеше алмайтын міндеттерді шешу балаға қиындық келтірмейді, ол ойлаған кезде өзінің жартусыз тәжірибесін ғана емес, үлкендердің біртіндеп үйреткендерін де пайдаланады.

Тағы да үш жыл өткен соң бала мектеп есігін ашады. Бұл кездегі өзгеріс үш жас уақыттағыдан әлдеқайда басым. Балабақша «түлегі» - адамзат қоғамының кішкене мүшесі. Олардың алдынан адамзат қылығы мен өзара қарым-қатынасының кең жазирасы ашылған. Ол өз іс-әрекетін құрбы-құрдастарының іс-әрекеттерімен үйлестіруге, қиын жағдайда жолдасына көмектесуге, өзінің және басқалардың қылықтарына қоғамдық моральды қарапайым нормалары тұрғысынан баға беруге үйренген. Оған адамның көңіл-күй толғаныстары түсінікті. Бала енді тек мейлінше күрделі іс-әрекетті орындауға ғана емес, өз ойларын ойын, сурет салу, құрастыру кездерінде дербес жүзеге асыруға қабілетті. Ол бірқатар білім, іскерлік пен әдеттерді игереді – санауды (кем дегенде, онға дейін), қарапайым арифметикалық есептерді шығаруды үйренеді, әріптермен танысады. Оның қабылдауы, есі, ойлауы ырғақтылықты, басқаруды игере бастайды. Өз-өзінен қызықты, тұртымды ғана емес, сонымен бірге әлдебір мақсатқа жету үшін (құрбыларының қолдауына ие болу, тәрбиешінің мадақтауын есту үшін) үйрену қажет нәрселерді де тыңдау, көру, есте сақтау, ойластыру мүмкіндігі пайда болады.

Бұл өзгерістердің бәрі кездейсоқ емес, өзінің себептері бар заңды сипаттағы нәрсе. Егер кейбір балаларда бұл үдеріс басқаша жүрсе онда дамуда ауытқушылық бар деуге – дамуының озық жүруі, кенже қалуы немесе дұрыс еместігі туралы олардың да әрдайым

белгілі себептері бар екенін айтуға – болады. Даму заңдылықтарын анықтау, оған әсер ететін себептерді іздестіру – балалар психологиясының маңызды міндеті.

Балалар психологиясы тек балдырғанның психикалық дамуын, психикалық дамудың әрбір сатысын сипаттайтын негізгі компоненттерді зерттейді. Бойының өсуін, салмағының артуын, дене пропорциясының өзгеруін, нерв жүйесінің құрылымы мен жұмысының жетілуін, ішкі секреция бездерінің жұмыс атқару өзгерістерін – дамудың осы жақтарының бәрін жас ерекшелігі анатомиясы мен физиологиясы зерттейді.

Әр түрлі жастағы балалар, олардың психикалық даму тұрғысынан алғанда да алдымен іс-әрекеттің оларға тән әрі лайықты түрлеріне қарай өзара ерекшеленеді. Мәселен, бір жасар сәби негізінен қолына түскен нәрсені соғып, сілкілеп, бір ойыншықты екіншісінің үстіне қойып, ұрғылап қимыл жасаса, мектеп жасына дейінгі бала құрастырумен шұғылданады, текшелерден үй тұрғызады, сурет салады, жапсырады, ойын үстінде қоршаған өмір оқиғаларын, сүйікті ертегілер сюжеттерін қайта жасап жаңғыртады.

Психикалық дамудың маңызды жағын баланың бойындағы психикалық үдерістер мен сапалардың, қабылдаудың, зейіннің, қиялдаудың, есте сақтаудың, ойлаудың, сөйлеудің, сезімдердің, мінез-құлықтың, еріктің – басқаруының бастапқы формаларының пайда болуы, өзгеруі және жетілуі құрастырады. Мысалы, екі-үш жасар балалар өздерінің іс-әрекеттерін ойша жоспарлай алмайды. Олар «теоретиктер» емес, «практиктер»; бала шкаф астында кептеліп қалған ойыншық атты бар күшін сала жұлқылайды. Оны басқа жағынан қозғаса оңай суырып алуға болатынын біле бермейді. Пайда болған міндеттерді балалар заттармен қимыл жасау үдерісінде шешеді. Міне, бала стол үстіне «секіріп шығып кеткен» допты алуға тырысады. Қаншама ұмтылғанымен қолы жетер емес. Қасында сызғыш жатыр. Соны қолына алады, айналдырып қарайды, столға ұрып көреді. Допқа тиіп кетіп еді, ол домалай бастайды. Ия, енді бала сызғышты саналы түрде жұмсайды. Доп домалап жерге түсті – мақсат орындалды.

Екі-үш жылдан кейін балалар алдын ала күрделі емес ойын сюжеті нендей рөл атқаратынын, ойыншықтардың қайсысын кім алатынын өзара ойласып келісе, ойын материалын, рольдерді бөлісе алады. Баланың күрделі құрылыстарды (куыршақтарға үйлер, машиналарға гараж) дұрыс жоспарлайтынын олардың аумағының мақсатқа сай болуы керектігін түсінетінін (гараж болса, ішіне ойыншық машина сиятындай болатынын) жиі көруге болады. Мұның бәрі іс – әрекет үстінде ойлаудан практикалық іс – әрекетке бағыттап, жөнге келтіре бастайтынын ақылмен ойлауға өту болып отыр.

Ақырында, сәбилік және мектеп жасына дейінгі шақ – бұл баланың жеке басының қалыптасуы басталатын шақ.

Жас баланың мінез-құлқы қысқа мерзімді, итермелеуші тілектерден түрткі алып, кездейсоқ жағдайларға тәуелді болады. Міне, ол анадай жерде тұрған фарфор ыдысқа ынтыға ұмтылды, алайда үлкендер, ыдысты сындырып алар деген қауіппен көрінбейтін басқа жерге қойса болады, балдырған бұрынғы ойын ұмытып, әткеншекке тербелу немесе қолына түскен ойыншықты ссоққылап ойнаумен айналысып кетеді. Бұл жерде біз баланың жеке басы туралы жақсы не жаман пікір айта алмаймыз. Ал, мектеп жасына дейінгі бала болса, әңгіме басқа. Оның қылықтары жекелеген тілектен, талап-ниеттен емес, белгілі мотивтер жүйесімен белгіленді. Бес жасар бала текшелермен ойнап отыр делік, оны бірдей уақытта құрбылары көшеге шығуға шақырады, ал әжесі оның әлдебір шаруаға көмектесіп жіберуін сұрайды. Әрине, оның көшеге шыққысы келіп-ақ тұр, бірақ алдымен текшелерді жинап, жәшігіне салады, содан соң тездетіп әжесінің

өтінішін орындайды да көшеде күтіп тұрған балаларға барып қосылады. Бұлай болмауы да мүмкін: балалар түрлі тәрбие алады ғой. Алайда ең маңызды мәселе өзінің бір талабын екіншісіне жеңгізіп баланың саналы түрде іс-әрекет жасауға *қабілетті болуы*. Келтірілген мысалдар бала психологиясы пәнінің мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Бала психологиясы – балдырғанның психикалық даму факторлары мен заңдылықтарын:оның іс-әрекеттің дамуын, психикалық үдерістердің және сапаларының дамуын, оның жеке басының қалыптасуын зерттейтін ғылым.

Зерттеу нәтижелері. Балаларды зерттеуді тек ғалымдар- психологтар ғана жүргізбейді. Балабақшаның әрбір тәрбиешісі өз түлектерін зерттей білуге,олардың даму ерекшеліктерін қадағалауға тиіс. Балаларды тәрбиешілердің зерттеуінің ғылыми-психологиялық зерттеуден айырмашылығы бар. Тәрбиешінің алдына қойған мақсаты бөлек: ол баланың психикалық дамуының жалпы заңдылықтарын белгілемейді, оның орнына өзіне жеке жол табудың өнімді әдісін іздестіруге мүмкіндік беретін әрбір баланың дара психологиялық ерекшеліктерін анықтайды.

Соған қарамастан баланы зерттеудің тәрбиеші пайдалануға болатын әдістері ғылыми-психологиялық зерттеу әдістеріне ұқсас болады.

Тәрбиешінің балаларды зерттеуді ойдағыдай жүргізуінің негізгі шарты- балалардың психикалық дамуының жалпы заңдылықтарын анық білу,дамудың себептері мен шарттарының жас шағына байланысты кезеңдерін білу.Бұларды білу тәрбиешіге неге, баланың қандай қылығына алдымен көңіл аудару керектігін көрсетеді,әр балаға қай тұрғыдан келуді үйретеді, жекелеген балалардың дамуындағы кейбір ауытқушылықтардың себептері туралы болжам жасауға және осы ауытқушылықтарды жоюға бағытталған тәрбиелік әсер етудің жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиеші үнемі балалардың арасында болғандықтан,оларды табиғи жағдайда зерттей алады, өйткені оның болуы сәбилер үшін үйреншікті нәрсе болып көрінеді де,олардың әдеттегі іс-әрекетін бұзбайды. Әрине, тәрбиеші әлдебір баланы әдейі зерттейін демесе де,оның мінез-құлқындағы көптеген нәрсені байқайды,сөйтіп ол жөнінде белгілі бір пікірге келеді. Дегенмен, арнайы зерттеулер мұндай пікірдің жартылай ғана дұрыс болатынын көрсетіп отыр. Топтағы балалардың барлығының немесе тіпті бірнешеуінің мінез-құлқын бірден зерттеу мүмкін емес. Жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін тәрбиеші белгілі мерзімде (ең болмаса бірнеше күнге) бүкіл назарын бір балаға аударуы керек.

Баланы ойдағыдай зерттеудің міндетті шарты алдына айқын мақсат қою болып табылады. Егер тәрбиеші бала дамуын жан-жақты білгісі келсе,онда бәрін бірден емес, бір-бірлеп зерттегені дұрыс. Мәселен, алдымен баланың немен әуестенетінін, сонан соң оның басқа балалармен қарым-қатынасының ерекшеліктерін, кейінірек оның зейінінің,ойлауының және т.б. даму дәрежесін зерттеуге болады.

Балаларды балабақша жағдайында зерттеу өзара байланысты әдістермен – бақылаулар жасаумен ,іс-әрекеттердің нәтижесін зерттеумен,әңгімелесумен – бірізділікте жүргізеді. Бұл әдістерді бөлектеу: алдымен баланы тек қана бақылау,содан соң оның психологиялық ерекшеліктерін экспериментпен анықтау үшін арнайы жағдай жасау, осылардан кейін барып әңгімелесу дұрыс болмас еді.

Бақылау балаларды балабақшада зерттеудің негізі болып табылады. Бақылаудың барысында баланың іс-әрекетін, айтқан сөздерін мүмкіндігінше жазып отыру керек. Онда мына тәртіпті сақтау-бала мінез-құқының шын мәніндегі белгілерін тәрбиешінің қорытындысынан ажырату керек. Тәрбиеші бақылаудың нәтижесін өне бойы табан аузында жазып отыра алмайды, бірақ оны мүмкіндігінше тез, ең болмағанда сол күні

жазуға тырысу керек. Бақылаудың әр түрлі жағдайда сабақ үстінде, емін-еркін серуендеу кезінде, режимдік сәттерді орынлау кезінде –жүргізілгені дұрыс,өйткені өзін әр түрлі жағдайда көрсетеді.

Бақылау үдерісіне эксперимент әдістері де енгізілуі мүмкін. Мәселен,баланың қабылдау, ойлау,есте сақтау қасиеттеріне даму дәрежесін анықтауға ұмтылып тәрбиеші оларды заттардың формасын,түсін талдауды, немесе ойлап шешуді қажет ететін дидактикалық ойындарға тартады, оны орындау үшін сөздің, іс-әрекеттердің кезектілігін есте сақтау қажет болатын және т.б. тапсырма береді. Қиялдау, жатырқамау, басқа балалармен қарым-қатынас орната білуді дамытуды зерттегенде баланы құбыларының сюжеттік-рөлдік ойындарына қосуға, оған ойынның белгілі бір рөлін атқаруға болады. Тәжірибе сабақ үстінде бүкіл топқа берілетін тапсырма ретінде де жүргізілуі мүмкін.

Бақылау үдерісінде сұрау элементтері де қолданылады. Балаға берілетін сұрақтар оның осы кезде орындап жатқан іс-әрекетіне байланысты болғаны абзал. Әңгімелесуді өзіндік «шараға» айналдыруға болмайды. Баланың жауабы ол туралы білетініміздің негізі бола алмайды-олар бақылаудың көмегімен алынған мәліметтерді нақтылай толықтыра түсуге тиіс. Егер балаға өзі жайлы,оның іскерлігі немесе сапасы туралы («Сен ойнай білесің бе?», «Машинаны ұнатасың ба?», «Өзің батылсың ба?») сұрақтар берілсе, жауабын, ешқашан шынында ол сондай екен деп қарамай, баланың өзі жөнінде не ойлайтыны туралы көрсеткіш ретінде ғана ескеру керек.

Тек балабақшадағы зерттеудің мәліметтерімен шектелсек, баланың дамуы жайлы қажетті мөлшерде толық түсінік алуға болмайды. Сондай-ақ ата-аналарынан мұқият сұрау арқылы баланың отбасындағы тәрбиесі мен, мінезінің ерекшеліктерімен де танысуы қажет.

Баланың дамуын зерттудің нәтижесі психологиялық мінездеме болып табылады. Тәрбиеші оны толтырған кезде бала психологиясынан тарайтын дамудың әр жағының жіктелуін пайдалануы тиіс.

Балаларды балабақшада зерттеуде балаларды зерттеудің көпшілік әдістері-тестер әдісі мен әлеуметтік өлшем әдіс белгілі рөл атқарады. Алайда, оны пайдалану міндетті түрде маман –психологтар басшылығын талап етеді.

Талқылау. Балалардың психикалық дамуы көптеген жағдайларға байланысты. Міне, біздің алдымызда бес жасар бала тұр. Ол түсініксіздеу етіп бірнеше сөздерді ғана айта біледі, қолына берген қуыршақты аузына апарады, қарындашпен қағаз бетіне әлдене шатпақтар сызады. Оның себебі неде? Мүмкін бала миынан мықтап ауырған шығар? Мүмкін оған ешқандай педагогикалық тәрбие берілмеген болар, яғни, онымен ешқашан сөйлеспеген,ойнамаған, оны ешнәрсеге үйретпеген шығар? Осы болжамдардың қайқайсысы да рас болуы ғажап емес. Және де осылардың қайқайсысы да біздің психикалық даму шарттары жөніндегі білімімізге негізделеді. Осы шарттарды анықтау-бала психологиясының маңызды міндеті. Бала психологиясы психикалық дамуға әсер ететін барлық жағдайларды тауып, санап шығаруға ұмтылып қана қоймай, сонымен бірге олардың әсері неде екенін,осы жағдайлардың әрекетімен бала дамудың бір кезеңінен екіншісіне қалай өтетінін анықтайды.

Дамуы күрт бұзылған балалар, әрине ерекшелік сияқты. Ал, психологияны алдымен ережелер қызықтырады. Онсыз ерекшеліктерді түсіну мүмкін емес. Сондықтан да ғылымның басты міндеттерінің бірі жекелеген оқиғаларға байланысты пайда болатын

дамудың ерекше жағдайларын емес, нәтижесінде кез келген бала адам болып қалыптасатын және онсыз қалыпты даму мүмкін болмайтын жалпы шарттарының маңызын бөліп көрсету болып табылады.

Мұндай шарттарға бала организмінің табиғи қасиеттері (бірінші кезекте оның миының құрылысы мен қызметі) және баланың өзін тәрбиелеп, үйрететін адамзат қоғамында, бөтен кісілер арасында өсетіндігі жатады.

Бала ағзасының құрылысы мен атқаратын қызметін өзінің ата-бабасынан мұраланады. Туғаннан-ақ оның адамға тән күрделі психикалық іс-әрекет органы болуға қабілетті миы, адамзаттық жүйке жүйесі болады.

Адамзаттық миы болмаса адам болу мүмкін бе?

Хайуанаттар әлемінде біздің ең жақын «туысымыз»-адам тәріздес маймылдар және олардың ішіндегі неғұрлым көнбісі мен ұғымталы шимпанзе. Олардың қимылы, ымдауы, мінез-құлқы кейде адамға ұқсатығымен таң қалдырады. Шимпанзе, адам тәріздес басқа да маймылдар сияқты, өзінің жалықпас әуестігімен ерекшеленеді. Олар бірнеше сағат бойына қолына түскен нәрсені жұлқылап түтіп, жорғалап бара жатқан құрт-құмырсқаны бақылап, адамдардың іс-әрекетін бақылап отыра береді. Олардың еліктеушілігі жоғары дамыған. Мысалы, маймылдар адамға еліктеп еден сыпырады немесе еден сүртетін шүберекті сулап, сығады, сонан соң сүртеді. Рас, оның сүрткенінен еден тазарып кетпейді, тек қана қоқыстар бір орыннан екінші жерге ауыстырылады да қояды.

Бақылаулар көрсеткеніндей, шимпанзе әр түрлі жағдайда өзінің туыстары сезінетін көптеген түрліше дыбыстарды пайдаланады. Эксперимент жағдайында көптеген ғалымдардың шимпанзеден іс-әрекет жасауда ойлауды талап ететін және тіпті қарапайым құрал ретінде қолданатын заттары да бар бірқатар күрделі практикалық міндеттерді оларға шештіруге қолдары жетеді. Мәселен, маймылдар бірнеше рет байқап қарағаннан кейін жоғарыға іліп қойған бананды алу үшін жәшіктерден пирамида тұрғызды, оны сырықпен қағып түсіруді және ол үшін қысқа екі таяқты жалғап ұзартуды, алдамшы зат ілінген жәшіктің тиегін қажетті формадағы «ашқыш кілтті» (үш бұры, жұмыр, төртбұрыш етіліп кесілген таяқты) пайдаланып ашуды үйренді. Шимпанзенің миы да өзінің құрылымы мен жеке бөліктерінің арақатынасы жағынан басқа хайуандарға қарағанда, адамзатқа жақын, әрине одан салмағы да жеңіл, көлемі де кіші.

Осының бәрі, егер шимпанзенің баласына адамзат тәрбиесін берсе қалай болар еді, деген ойға жетелейді. Содан оның ойында адамның ең болмағанда кейбір қасиеттерін дарытуға болар ма еді? Осылай байқап көрулер бірнеше рет қайталанды. Солардың біреуіне тоқтап көрейік. Ол өз отбасында Иони атты бір жарым жылдық шимпанзені төрт жылға дейін тәрбиеленген көрнекті кеңес зоопсихологы Надежда Николаевна Ладыгинаға қатысты. Кішкене шимпанзе толық еркіндікте өмір сүрді. Оған адам қолданатын немесе түрлі бұйымдар мен ойыншықтар берілді, ал асырап алған «мамасы» оны осы бұйымдарды қолданумен таныстыруға, сөйлесуге үйретті. Маймылдың бүкіл даму барысы күнделікке мұқият жазылып отырды.

Қорытынды. Адам болу дегеніміз айналадағы адамдар мен заттарға адамша қарауға, іс-әрекет жасауға үйрену деген сөз. Біз бала ересек адамдардың басшылығымен қоғамдық тәжірибені, адамзат мәдениетінің жетістіктерін игергені туралы айтқанымызда, олардың адам қолымен жасалған заттарды дұрыс қолдана білетінін, қоғамдық мораль ережелеріне сай іс-әрекет жасайтынын, тілдің көмегі арқылы басқа адамдармен қарым-қатынаста болатынын ғана емес, есте сақтау, ойлау әдістерін де ескереміз. Бала қажетті психикалық

сапалар мен өзіндік қасиеттерді адамның іс-әрекетін және мінез-құлқын меңгеру процесінде ғана игереді.

Тәрбие үдерісінде бала іс-әрекеттің сан алуан түрін игереді. Ол орамалмен сүртінуді, қасықпен тамақ ішуді, шыны аяқпен ішуді, аяғына шұлық киюді, қарындашпен сурет салуды, текшелерден үй тұрғызуды үйренеді. Осының бәрі белгілі сыртқы нәтижеге бастайтын практикалық іс-әрекет. Сонымен бірге баланың ішкі іс-әрекеті де қалыптасады, оның көмегімен сәби заттарды қарайды, оның қасиеттерін анықтайды, олардың бірімен-бірі қалай байланысып тұрғанын ашады, ойынның, суреттің, әлде не тұрғызудың түпкі ойын табады, картиналарды есіне сақтайды т.б. Осындай ішкі іс-әрекеттің қалыптасуы баланың психикалық дамуының негізгі мазмұнын құрайды. Бұлар қабылдау (перцепциялық іс-әрекет), ойлану, елестету, есте сақтау, яғни психикалық іс-әрекеттер. Олар баланың өзін қоршаған дүниені бағдарлауын, практикалық іс-әрекет жасалатын жағдайлармен танысуын қамтамасыз етеді, сондықтан да бағдарлаушы іс-әрекеттер деп аталады.

Бағдарлаушы іс-әрекеттер әдетте практикалық іс-әрекеттен бұрын орындалады, оларды әзірлейді. Қарапайым мысал келтірейікші. Баланың арықтан секіріп өткісі келді дейік. Секірмес бұрын ол алдымен арықты мөлшерлеп көреді. Бұл мөлшерлеуге арықтың енін анықтау, оны өзінің секіру мүмкіндігімен салыстыру және ақырында секіруге әзірлік түріне еніп, бүкіл қажетті бұлшық еттер топтарын тиісті дәрежеде ширықтыру кіреді. Осының бәрі секірудің бағдарлаушы, әзірлену фазасын құрайды, осы кезеңде атқарылған іс-әрекет бағыттаушы болып табылады. Оның барысында жасалатын іс-әрекет жағдайды пайда болған міндет тұрғысынан тексеруге, оның бар мүмкіндіктермен арақатынасын белгілеуге және міндетті шешуге әзірленуге мүмкіндік береді. Әзірлену фазасын кейін атқару фазасы-секіру, ол практикалық жұмыс іс-әрекеті. Секіруді жүзеге асыру үстіндегі мөлшерлеу бағдарлау фазасы әсіресе дұрыстап қарғуға әлі үйреніп үлгермеген балада ерекше көзге түседі. Мәселен, екі жасар сәби баспалдақ үстінде тұрып өзінен-өзі «Секірсем кеп!» деп күбірлеп, тізесін бүгіп, төмен қарап ұзақ отырады да ақыры секіруге жүрегі дауаламай, 180 градусқа айналып, жаймен сырғып жерге түседі. Бұдан ересектеу балаларда үйреншікті жағдайда бағыттаушы фаза ықшам келеді, яғни ол кенеттен жүзеге асады да, сыртқы бақылаудан жасырын қалады. Бірақ, міне, жаңа, әдеттегіден тыс жағдай пайда болды делік-мұнда біз жағдайды кеңінен бағдарлауды, міндетті бағалауды, оны өзінің мүмкіндігімен салыстыруды, іс-әрекет орындауға деген мұқият әзірлікті көреміз.

Бала өзіне жаңа бағыттаушы іс-әрекетті игере бастағанда, ол ішкі емес, сыртқы формамен орындалады-байқау қимылдары, затты бір-бірімен салыстыру, олардың орнын ауыстыру т.б. арқылы нәтижеге қол жеткізеді. Мәселен, екі жасар балаға біреуінде төртбұрышты, екіншісінде дөңгелек ойығы бар тақтай, сол ойықтарға сай келетін фигуралармен ойықтарды тығындап көрсетсе, ол кез келген ойыққа апарып кіргізуге тырысады. Егер, бала қателессе, фигураның кірмейтінін байқаса, оны екінші ойыққа апарып сұғады. Ал, үш жасар бала басқаша әрекеттенеді: ол алдымен ойық пен фигураны қарап алады да, сонан соң бірден дұрыс орналастырады. Міндет сырттай байқау арқылы емес, ақылмен орындалған іс-әрекеттің көмегімен шешіледі. Алайда енді сол балаға бұдан гөрі күрделірек басқа бір жұмыс тапсырып көрейік. Оның алдына шегеге ілінген сызғыш-тұтқа қоямыз да, оның бір ұшы балаға жақын, ал нысана (мысалы, картинка) бекітілген екінші ұшын қол жетпейтіндей қашыққа орналастырамыз. Мұндай жағдайда үш жасар бала жоғарыдағы екі жасар сәби секілді байқап қарау жолымен іс-әрекет жасайды екен. Мектеп жасына дейінгі ересек бала басқаша қимылдайды. Ол алдымен міндетті ойша

шешіп алып, іске сосын, ешбір байқап қарамай-ақ бірден кіріседі: тұтқаның өзіне жақын тұрған ұшын әрі итеріп, екінші алыс ұшын өзіне жақындатады. Бұдан мектеп жасына дейінгі ересек бала кез келген міндетті оймен шеше алады дей аламызба? Жоқ. Алғашқы арифметикалық амалдарды шешу қалай жүзеге асырылатынына көңіл аударайықшы. Баланың алдына таяқшалар қоямыз. Ол 2-3 қосатын есепті шешу тиіс. Бала әуелі 2, содан соң 3 таяқшаны бөлек санап шығарады. Содан соң бұларды қосып жібереді де қайта санайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балалар психологиясы: оқулық / Ж.Қ.Дүйсенова, Қ.Н.Нығметова / - 2012.
2. Детская психология: учебное пособие /Д.Б.Эльконин; ред.сост. Б.Д.Эльконин .-6-е изд., стер..- / - 2011
3. Возрастная психология: учебник для бакалавров / Л.Ф. Обухова / - 2014
4. Психология детей младшего школьного возраста: учебник и практикум для бакалавров / [Айгумова З.И., Васильева Н.Н., Вачков И.В. и др.]; под общ. ред. А.С.Обухова / - 2014
Лернер И.Я.

А.А.КУРАЛБАЕВА¹

Ү.РАХМЕТ²

У.НАСИРОВА³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПKE ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Бұл мақалада 12 жылдық білім беру жағдайында балаларды мектепке даярлау мәселесі қарастырылады. Баланы жеке басын жан-жақты дамыту мен мектепке даярлау ісі бүгінгі таңда білім беру саласында аса маңызды. Жалпы білім беретін мектептерде 1-сыныпқа қабылданған оқушылар оқу жүйесінде айтарлықтай қиыншылықтарға кезігеді. Алғаш баланы мектепке берерде оның биологиялық жасы мен мектепке психологиялық даярлығының көрсеткішін өлшеп шығару - бүгінгі күн талабы. Бастауыш сынып оқушысының жаңа ортаға түсуіне байланысты көңіл-күйінің сипаты, сынып сабақтық жүйеге қаншалықты төзімділігі, оның еріктік қасиеттері, жазбаша білімдерді игерудегі таным процестерінің даму деңгейлері тексеріле бермейді. Сондықтан баланың мектептегі оқу жүйесіне педагогикалық-психологиялық тұрғысынан әлі де толық қарастырылып, талдануы тиіс.

Түйін сөздер: 12 жылдық білім беру, жеке дайындық, зияткерлік дайындық, әлеуметтік-психологиялық дайындық, физиологиялық дайындық.

А.А.КУРАЛБАЕВА¹

Ү.РАХМЕТ²

У.НАСИРОВА³

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

ПОДГОТОВКИ ДЕТЕЙ К ШКОЛЕ В СФЕРЕ ДВЕНАДЦАТИЛЕТНЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В этой статье рассматривается проблема подготовки детей к школе в сфере двенадцатилетнего образования. Всестороннее развитие ребёнка и подготовка его к школе в наше время является очень важным в области образования. В общеобразовательных школах у учеников первого класса возникают некоторые препятствия. Требованием сегодняшнего дня является биологический возраст детей и вычисление показателей их психологической подготовки к школе. В связи с поступлением учеников начальных классов в новую среду не учитывается их настроение, выносливость к классно-часовой системе, добровольные качества, уровень развития процесса познания навыков письма.

Вот поэтому ребёнка с педагогико-психологической точки зрения нужно рассматривать и анализировать в дальнейшем.

Ключевые слова: 12-летнее образование, индивидуальная подготовка, интеллектуальная подготовка, социально-психологическая подготовка, физиологическая подготовка.

A.A.KURALBAYEBA ¹

U.RAKHMET²

U.NASIROVA³

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

THE PROBLEM OF PREPARING CHILDREN FOR SCHOOL IN THE FIELD OF TWELVE-YEAR EDUCATION

Abstract

This article examines the problem of preparing children for school in the field of twelve-year education. The comprehensive development of the child and his preparation for school in our time is very important in the field of education. In general schools, first-grade students face some obstacles. The requirement of today is the biological age of children and the calculation of their psychological preparation for school. In connection with the entry of primary school pupils into the new environment, their mood, endurance to the class-hour system, voluntary qualities, the level of development of the process of cognition of writing skills are not taken into account. That's why the child from a pedagogical-psychological point of view should be considered and analyzed in the future.

Keywords: 12-year education, individual training, intellectual training, socio-psychological training, physiological training.

Кіріспе. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі - Жаңа Қазақстан» атты халыққа арналған жолдауында «Бізге экономика мен қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа білім беру жүйесі қажет»- деп атап көрсетті. Жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлғатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор. Қазіргі уақытта мектеп реформасына көптеген бір жақты өзгерістер енгізіліп, мектеп ісінің ішкі – сыртқы жүйесі түгелімен өзгеріп келе жатқаны белгілі.

Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында жас ұрпаққа білім беру ісінде оның жеке даралық ерекшеліктеріне мейлінше мән бере отырып, оқушылардың мектепте алған білімдері олардың бүкіл өмірлік азығы болатындай етіп білім беру, оны өмірге дайындау, мамандық таңдауға бағыттау мәселесі бүгінгі жаңа қоғамның білім саласындағы кезек күттірмейтін ауқымды мәселелер қатарында тұр.

Зерттеу әдістері. 12 жылдық білім беру барлық ұлттық білім беру жүйесіндегі реформа, «ол жылдам дамушы ортада өмір сүруге қабілетті, өзіндік дамуға даяр, өзін таныта алатын және өзі үшін де, қоғам үшін де бар мүмкіндігін пайдаланатын жоғары білімді шығармашыл, құзіретті тұлға қалыптастыруды және дамытуды» алдын ала болжайды.

12 жылдық білім беру жағдайында алты жасар балалардың бойында танымдық белсенділігін дамыту мәселесі теория мен практикада жаңалықты іздеуді талап етеді. Әсіресе балаларды мектепке дайындауда баланың бойында оқу қызметін меңгеруіне қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелеу және толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасының өзіндік маңызы зор. Көпқырлы талдау нәтижесінің педагогикалық- психологиялық және әлеуметтік- мәдени құбылысының бөлшекті түрде қарастыруды болжайтын зерттеуге сәйкес келетін мектепке дейінгілердің таным белсенділігін қалыптастырудың тейімді құралы- даму ортасы болып табылады.

Зерттеу нәтижелері. 12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан- жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуметін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып, келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси, өміріне белсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық- педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр.

12 жылдық оқытудағы басты мақсаты:

- қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті;
- өзін-өзі дамытуға;
- өз оқын еркін айта білуге;
- өз қалауымен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім;
- жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Мектепке алғаш бару - бала өміріне үлкен жаңалық, өзгеріс енгізеді, қоғамдағы жаңа орынға көшуі мен өсіп-жетілуінің бір бастамасы. Баланы мектепке дайындау дегенде көптеген ата-аналар балаға әріптерді және санауды үйретумен ғана шектеледі. Әрине баланың оқуға дайындығын ақыл-ойының даярлығымен ғана шектеліп қоймай, оның оқуға психологиялық жағынан даярлауды қарастыру қажет. Яғни, бұл баланың мотивациялық-қажеттілік және психикалық үрдістерінің дамуы оқуда, қарым-қатынаста қиындыққа кезікпеуіне мүмкіндік береді. Бұл қауырт кезеңде мектеп бірінші күннен бастап оқушыға бірнеше талаптар қойып және баланы ұқыптылық пен зейінділікке тәрбиелейді. Сондықтан да балалар оқу ісіне машықтануға, қимыл-әрекеттерінің ықтиярлы басқарылуы қабілетін, ақыл-ой еңбегін, мақсаткерлігін, дағдысын қалыптастыруға аса көңіл бөлінеді.

Мектепке барғаннан бастап баланың қоғамдағы орыны өзгереді, бұл кезеңде бала мектеп өмірімен танысады, жаңа әлеуметтік бастайды, мектепке дейінгі ойын баласы жаңа өмірге қадам басады. Бала мектеп табылдығын аттағаннан кейін, оның әлеуметтік жағдайы өзгереді, бірақ ішкі әлемі, психологиясы әлі мектепке дейінгі қалыпта болады. Баланың ең негізгі іс-әрекеті әлі де ойын, сурет салу, ойыншықтарды құрастыру болып қала береді, ойын арқылы құрдастарымен қарым-қатынас жасайды, алғашқы білім дағдыларына бой ұрады. Ал, мектепке барысымен ол ұқыптылық пен зейінділікті талап ететін жүйелі оқу, еңбектену іс-әрекетін меңгеретін болады. Оқу іс-әрекетіндегі, тәртіп сақтаудағы қажетті іс-әрекетке еріктілік беру алғашқы кездерде ғана мүмкін болады, бұл кезде балаға жақын арада атқарылуы тиіс мақсаттар және оның күш салуын қажет ететін тапсырмалардың мөлшері аз болғаны дұрыс. Сонымен қатар ұқыптылық пен зейінділікті талап ететін жүйелі оқу; еңбектену іс-әрекетін меңгеретін болады. Осындай елеулі өзгерістерге қиналмай, еркін іс-әрекеттер жасай білу үшін баланың мектепке алғашқы психологиялық дайындығы болуы тиіс.

Баланың мектепке дайындығын анықтауда оның психологиялық және физиологиялық дамуы назарды ұстау маңызды. Баланың психологиялық дайындығына: жеке дайындық, зияткерлік дайындық, әлеуметтік-психологиялық дайындық жататын болса, ал, физиологиялық дайындығында бала ағзасының қызметі мен денсаулық жағдайының даму деңгейімен анықталады. Баланың мектепке дайындығын дәрігерлер арнайы өлшемдермен белгілейді. Баланың мектепте оқуға психологиялық және физиологиялық дайындығын анықтау кезінде денсаулық жағдайы басты назарда болуы шарт.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептерінде бес-алты жастағы балаларды міндетті мектеп алдындағы даярлаудың ережесіне сай мектепке дейін білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектепте мектеп алдындағы даярлаудың негізгі міндеттері:

- 1) балаларды мектепке даярлау;
- 2) балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту;
- 3) балалардың интеллектуалдық және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың эмоциялық саулығы туралы қамқорлық;
- 4) оған мұқтаж балалардың дамуының бұзылуын түзеу;
- 5) баланың толық мәнді дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады [1].

Баланың мектепке психологиялық даярлық мәселесі бойынша М.М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Х.Т. Шеръязданова т.б. ғалымдардың зерттеулерінен айқын ақпараттар алуға болады.

Талқылау. Баланың мектепке даярлығын А.А.Венгер [2] мен К.Н. Поливанова [3] зерттеген. Олар оқу мазмұнын ересектердің фигурасынан бөліп алу қабілетін мектепке даярлықтың басты шарты деп есептеген. Зерттеушілер 6-7 жастағы бала үшін мектеп өмірінің сыртқы формальдық жағы ғана ашылады деген. Сондықтан да олар бар ынтасымен өзін «оқушы сияқты» ұстауға тырысады, яғни қолын көтеру, жауап бергенде тұру, тік отыруға тырысады, Бірақ мұғалімнің не айтып тұрғанына және оған не деп жауап беру керек екені балаға маңызды емес, 7 жасқа қараған бала үшін кез - келген тапсырма мұғаліммен қарым - қатынас жағдайына байланысты. Бала оқытылып жатқан пәнге мән бермей - мұғалімді ең басты қатысушы адам ретінде қабылдайды. Оқыту мазмұны - байқаусыз қалады. Осындай жағдайда мұғалімнің басты міндеті балаға оқытылатын пәнді ұсыну және оны жаңа мазмұнға араластыру, қайта ашу болып табылады. Оқыту мазмұны мен оны таратушы, яғни мұғалім - баланың санасында бөліну қажет. Егер ондай болмаған жағдайда оқыту материалында алға жылжу мүмкіндігі жойылады.

Мектеп өмірі баладан мінез - құлық ережелерін дәл орындауды, өз іс - әрекетін өз бетінше ұйымдастыра алуын талап етеді. Ересектердің талабы мен ережелеріне бағына алу қабілеті мектептегі оқуға ерік даярлығының басты көрсеткіші болып табылады. Мектептегі оқыту интеллектуалдық дайындықты да қажет етеді. Бала өзінің мектепке дейінгі эгоцентризмін жеңіп, шындықтың әр түрлі жақтарын ажыратуы тиіс. Сондықтан да мектепке даярлықты анықтау үшін мөлшердің сақталуына арналған Ж.Пиженің есептері пайдаланылады. Мысалы: сұйықты кең ыдыстан жіңішкеге құю, арақашықтықтағы әр түрлі түймелер қатарын салыстыру т.б. Бала заттардың жеке жақтарын, параметрлерін көре білуі қажет, осы жағдайда ғана пәндік оқытуға ауысуға болады.

Ол танымдық іс - әрекеттің тәсілдерін меңгеруді шамалайды. Қабылдауда сенсорлық эталондарды, ойлау сферасында кейбір интеллектуалдық операцияларды меңгеру. Мектепке интеллектуалдық даярлықтың маңызды жағы ол баланың ақыл - ой белсенділігі мен танымдық қызығушылығы, яғни жаңа бірнәрсе білуге деген құмарлық, бақыланған құбылыстардың мәнін түсіну, ақыл - ой міндетін шешуге ұмтылу.

Көбіне алты жасар балалар бейнелік ойлауды қолданады, бала есепті шығарар кезде заттардың өздеріне жүгінбей, олардың бейнелеріне жүгінеді. Көрнекі-бейнелеу ойлау кезінде заттар жан-жақты қырымен елестетіледі, олар әлі логикалық емес, нақты ойлайды. Алты жасар баланың бейнелік ойлауының мазмұны нақты бейнелермен шектелмейді, ол бірте-бірте көрнекі-схемалық ойлаудың жоғарғы сатысына жылжиды. Олардың көмегімен жеке қасиеттері емес, оның зат пен оның қасиеттері арасындағы қатыс және олардың маңызды байланыстары бейнеленеді. Алты жастағы баланың бұл ойлау түрінің жеткілікті түрде дамымауы себеп-салдарын анықтаудың және жалпыланған білімді игертудің бір себебі болып табылады.

Алты жасар балаларға өздігінен ойлау әрекеттерін жасау тән. Талдау және синтездеу заттарда өзгешелігі және сыртқы байланыстар мен қатыстардың пайда болуынан негізделеді. Ойлау әректің ерекшелігі балалар заттардың бір немесе екі белгілері арқылы ұқсастығын анықтауымен қортындыланады. Алты жастағы балаларда қарым-қатынас пен классификация функционалдық және кешендік қарым-қатынастарын қаланғанының әдістері ретінде шығады. Осыған байланысты алты жастағы балалардың түсіну қабілеті ауызша-логикалық ойлау түріне өтуге жеткіліксіз қалыптасқан. Бұл былай түсіндіріледі, осы жастағы балаларда рефлексия енді қалыптаса бастайды, оларда ішкі байланыстарына бағытталған қабілеттерін және тек нақты заттармен ғана жұмыс жасамай, сонымен қатар олардың бейнелеріменде қарым-қатынас жасауға бағытталған рефлексия енді қалыптаса бастайды.

Қорытынды. Баланың мектептегі оқуға дайындығы біртіндеп қалыптасатын аса күрделі үрдіс және бұл үрдісті жүзеге асырудың бірден бір жолы — ата-ананың, мұғалімнің және психологтың бірігіп жұмыс істеуі. Бала балалық шақтан өзіне белгісіз, таныс емес дүниенің есігін ашқаннан кейін, баланың өмір сүру тіршілігін түбегейлі өзгертеді. Яғни, баланың мектеп өміріне еніп және өзінің әлеуметтік ортада «МЕН» дегенін қалыптастыра алып, жоғарыдан көріне алуы, баланың білімді, табысты және нәтижелі игеріп кетуіне ықпал жасайды. Түйіндей келе, бұл баланың жеке тұлғасының қалыптасуы және ақыл-ойының, таным үрдістерінің дамуы болып табылады. Демек, баланы мектепке даярлау мәселесі өз өзектілігін жоғалтпайтын әлі де зерттеуді қажет ететін міндетті мәселелердің бірі болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қарашадағы N 1762 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептерінде бес-алты жастағы балаларды міндетті мектеп алдындағы даярлаудың ережесі.* <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P990001762>
2. Венгер Л. А., Проскура Е. В." Развитие познавательных способностей дошкольника. — {{K.}}: «Радянська школа», 1985.
3. Поливанова К.Н. Психология возрастных кризисов: Учеб. пособие для студ. высш. пед. заведений. - М.: Издат. центр, 2000. - 184 с.

УДК 796.07:796.34.2

МРНТИ 77.31.03

Рысқұлов Ө.Ө.¹

Ажығалиева Р.Ж.²

¹*Старший преподаватель КазНПУ им.Абая,
г.Алматы, Казахстан*

²*Учитель физкультуры в №193 школе,
г.Алматы, Казахстан*

НАПРАВЛЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ КОМАНД К ГЛАВАМ ЗДОРОВОЙ ЖИЗНИ

Аннотация

Физическое воспитание, спорт, физическое воспитание, туризм, международный туризм, туризм, туризм, активный отдых имеют важное значение для здорового образа жизни и интеграции в национальные игры. После обеда спать хорошо на пару часов на свежем воздухе. Сон должен составлять не менее 7-8 часов. Каждый человек должен каждый год использовать свои ежегодные каникулы. Все, что вам нужно сделать, это съесть новую еду. Это здоровый образ жизни, который Аллах создал и командовал природой для людей, и что он используется должным образом в своей жизни и что он вреден для их здоровья.

Ключевые слова: физическая культура и спорт, гармоничное развитие, многофункциональная система, спортивные соревнования, упражнения, игры, тенденции развития, принципы, система подготовки.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА БАҒЫТТАУ

Аңдатпа

Рысқұлов Ө.Ө.¹

Ажығалиева Р.Ж.²

¹*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қаласы, Қазақстан*

²*№193 мектептің дене шынықтыру мұғалімі,
Алматы қаласы, Қазақстан*

Салауатты өмір салтына қалыптастыруда және ұлттық ойындарға баулу оқушыларды негізгі маңыздылығы денешынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен құрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн. Барлық кезде тамақты жаңадан дайындап ішкен дұрыс. Алланың табиғатты адам үшін жаратқанын және парыз еткенін, тіршілігінде қажетіне дұрыс пайдалануды, денсаулығына зиян келмейтіндей жағдайда болуын қадағалауды салауатты өмір салты деп ұғамыз.

Түйін сөздер: дене шынықтыру және спорт, гармониялық түрде дамыған тұлға, көпфункционалды жүйе, спорт жарыстары, жаттығулар, ойындар, дамудың негізгі бағыттары, қағидалар, дайындық жүйесі.

Ryskulov O.¹

Azhygalieva R.²

¹Senior teacher of KazNPU named after Abay,

Almaty, Kazakhstan

²Teacher of Physical Education in the №193 school,

Almaty, Kazakhstan

DIRECTIONS OF NATIONAL COMMAND TO HEADS OF HEALTHY LIFE

Abstract

Physical education, sports, physical education, tourism, international tourism, tourism, tourism, active recreation are important for a healthy lifestyle and integration into national games. After dinner, sleep well for a couple of hours in the fresh air. Sleep should be at least 7-8 hours. Every person should use his annual vacation every year. All you need to do is eat new food. This is a healthy way of life that Allah created and commanded nature for people, and that he is being used properly in his life and that he is harmful to their health.

Key words: physical culture and sport, harmonious development, multifunctional system, sports competitions, exercises, games, development trends, principles, training system.

Адам денсаулығына зиянын тигізетін жат әдеттерден аулақ болғаны жөн. Енді оларға не жататынына тоқтала кетейік: Олар – темекі тарту, спирттік ішімдіктерге, есірткілік заттарға салыну. Арақтың орнына қымыз бен қымыран іш, темекі тартудың орнына таза ауада көбірек жүр. Жастарға есірткіні пайдаланба, көңіл көтеретін мәдени көпшілік орындарына баруды әдетке айналдыр дер едім. Еңбек адамды тәрбиелейді. Сондықтан жұмыс істеуден қашпаған жөн. Жалқаулыққа салынудың соңы жақсылыққа апармайды. Имандылық жолына түсіп, жылына бір келетін оразаны тұтып, оның тәртібін сақтағаныңыз дұрыс. Дүниеде бұған тең келетін ештеңе жоқ.

Біз табиғаттың, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуіміз керек. Өзіңізді қандай көрсеңіз, өзгелерді де солай көріңіз. Адамдар бір-бірімен дос, бауырлас, сыйлас, рақымды, мейірімді болса, нұр үстіне нұр жауады. Әрқашан жаман ойдан аулақ болыңыз. Адам өзін өзгеден кем сезінуі, денсаулығының нашар екендігін ойлап қамығуы, көз алдына өлім қорқынышын елестетуі ойды бұзады.

Халық денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ.

Салауатты өмір сүру салты арқылы оқушыларды ұлттық ойындарға яғни «арқан тарту», «садақ ату», «көкпар тарту».

Салауатты өмір сүру денсаулық зор байлық деген нақты айтылған түрде қалыптасады. Сондай-ақ, адамдардың іс-әрекеттеріне байланысты болады.

Салауатты өмір сүру салты шаруашылық, күнделік үй тұрмысы, материалдық және рухани формаларын қанағаттандыру үшін, қоғамдық ұжымдарда өзін-өзі ұстай білуі, қоғамдық тәртіппен санасу, артық сөз айтпау, орынсыз саясатпен айналыспау, кез-келген адамдарды жамандамау, біреуді-біреуге шағыстырмау, өзін ақылды деп есептеп, басқаларды ақымақ ретінде көру т.б. аулақ болу. Сонымен өмір сүру салты дегеніміз – тұлға мен қоғам деңгейінің прогрессті дамуының көрсеткішінің категориясы.

Салауатты өмір сүру салтының жоғары немесе төмен деңгейде болуы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға байланысты болады. Адамың психикасына, денсаулығына, ағзаның функционалды биологиялық қасиеттеріне де байланысты болады.

«Денсаулық –зор байлық, адам бақытының бастауы» - дейді халқымыз . Ата бабаларымыздың бұл дана ой –пікірі талай ғасырлар белесінен өтіп бізге жетіп отырған шындық. Ұлттың денсаулығы ұлан асыр байлық екені рас, тек оған ие болу үшін көп күштер жұмсауымыз қажет. Денсаулық адамға бірақ рет берілетін табиғат тартуы. Ол тұрақты, мәңгілікке берілмейді, үзбей өзгерісте болады. Оны сақтау үшін еңбек сіңіру, ауырмай тұрып іс - әрекет жасау керек. Оған нақты білім, ынта-ықылас, ерік –жігер қажет, онсыз баянды, әрі ұзақ денсаулықты сақтау қиын .

Қазіргі кезде Қазақстан халқының, оның ішінде жастардың денсаулығы төмен деңгейде. Тек, бір көрсеткіш - әскер қатарына шақырылған жастардың 75 % дене дайындықтарының нашар дамуына және денсаулықтарына байланысты қорғаныс күштерінің қатарында қызмет атқаруға жарамсыз.

Бұл қауыпты жағдай Қазақстан үкіметін, әскери ұжымдарды, педагогтарды, дәрігерлерді, ғылымдарды шындап толғандыруда.

Қазіргі кезде бұл проблеманы шешудің негізгі жолы салауатты өмір салтын қалыптастыру, кеңінен насихаттау болып отыр. Бұл тұрғыда елбасы « Қазақстан -2030» стратегиялық бағдарламасында «Жеткілікті құралдар болмай тұрған жағдайда, ауруларға қарсы күрес, денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз –азаматтарымызды салауатты өмір салтын әзірлеуден басталады» - деп атап көрсетті.

Еліміздің егемендік алуы Қазақстандағы дене шынықтыру, ұлттық ойындар мәселесіне басқаша сын көзбен қарауды талап етеді. Осы орайда соңғы жылдары біздің қарастырып отырған ізденіс тақырыбымызға орай бірнеше ғылыми еңбектер жарық көрді. Е.Мұхиддинов қазақтың ұлттық ойындарын дамыған қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық құрылыммен байланысты қарастырады. Дене шынықтыру пәнінің теориялық дәлелдемесін қазақтың ұлттық ойындарының тәжірибелік жағымен біртұтас алып қарайды.

Денсаулық адам бақытының бірінші байлығы.Әрбір жасөспірімді сол бақытты уысынан шығармауға тәрбиелеуіміз керек. Денсаулықтың мықты болуы үшін қандай әдістерді қолдануды,жақсы жұмыс халін,күнделікті тұрмыс қиындықтарын жеңуі,белсенді өмір сүру жағдайларын білу қажет. Денсаулық - салауатты өмір кепілі. Осы салауатты өмір кепілін,оның қыр-сырын білу басты міндет. Қай заманда болсын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат,міндеттердің ең бастысы өзінің ісін,өмірін жалғастыратын салауатты,

Салауатты өмір салты - ең әуелі денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет. Адамның салауатты өмір сүру салты өздігінен қалыптаспайды. Салауатты өмір сүру салты өмір сүруде мақсатты түрде қалыптасады.

Балалардың салауатты өмір сүруін отбасынан,балабақшадан бастап,одан кейін мектептерде жалғастыруымыз керек. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бәсекеге қабілетті елдің болашақ тұлғаларының бойынан табылатын ізгі қасиеттер:

1. Салауатты өмір сүру салты оқушылардың бойында ұлттық рух,ұлттық ойындардың мағанасын дұрыс қалыптасуына ықпал ету.

Онда жоғарыда аталған спорттық шаралар үнемі өткізіліп тұрса,салауатты өмір салтының қалыптасуына септігін тигізер еді.

- 2.Салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, болашақ тұлғаны тәрбиелеу бағытындағы тәжірибемді әріптестерім өз жұмыстарында қолдана білсе.

3.Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мектеп жасындағы оқушыларға арналған үйірмелер ашылса.

4.Барлық мектепте оқушыларды салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында түрлі акциялар мен қоғамдық жұмыстар жиі ұйымдастырылса.

Әдеп – ғұрып, салт – сана, дәстүр ұлтты басқалардан дараландырып, ерекшелендіріп көрсететін құбылыс, осы қасиеттер балаға жастайынан берілетін болса ұлттық тәрбиенің сапалы болуына әсер етеді.Адамның бала кезінде ойнаған ойындары өмір бойы ұмытылмай сақталып қалуы және жасы ұлғайған сайын аңсауы ойын әсерінің күштілігінің белгісі.

Ұлттық ойындарды арқылы салауатты өмір салтына баулу мүмкіншілігі жоғары бағалауға болады және тәрбиелік әсерінің төмендегідей бағыттарын басшылыққа алып қарастырдық:

§ қазақтың ұлттық ойындары – халық мәдениетінің бір тармағы ретінде,

§ ұлттық ойындар негізінде оқушының денесін шынықтыру және болашақ еңбек дағдыларына қажетті дене қозғалыстарына баулу,

§ халық ойындары арқылы оқушыларды жерін, елін сүйетін патриоттыққа тәрбиелеу,

§ ұлттық ойындар салауатты өмір салтына қалыптастырады және көптеген оқу құралдары арқылы ізденуге болады.

Ойынның ұлттық деп атауының астарында түрлі мағына жатыр. Олай болатыны ұлт ойындары әртүрлі ерекшелігін даралап көрсететін ұлтқа тән қасиеттерді ашып айтып көрсете алатындығымен ерекшеленеді. Екіншіден, ұлттық ойындар, ұлттық әдет-ғұрыптарды салт-сананы, дәстүрді өз ойына жақсы сіңірген, сол арқылы жас ұрпақ ана сүтімен ұлтқа тән қасиеттерді ойын барысында еркін меңгеріп бойына жастайынан дамытуға мүмкіншілік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Б.Сапарбаев. Қазақтың ұлттық спорт ойындарының тарихы.
2. Э.Тлеулов. Дене тәрбиесі. Спорт ілімі мен әдістемесі. Алматы 1994ж.
3. Б.Төтанаев. Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы.
4. Е. Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары» Алматы «Рауан» 1991 жыл
5. Ә. Бүркітбаев. Қазақтың ұлттық ойын түрлері және оның тәрбиелік мәні. Оқу құралы.-Алматы: Қазақстан, 1985.

**С.ҚОЖАГЕЛДИЕВА¹,
Г.С.ЖИРЕНБАЕВА²**

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан)

ОҚУ МЕН ЖАЗУ ПРОЦЕСІНІҢ ПСИХОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Адамның нерв жүйесі өзін қоршаған ортамен үздіксіз байланыс процесінде дамиды. Оқыту мен тәрбиеде мұғалімнің міндеті – баланың саналы қызметінің формалары мен даму заңдылықтарын білу және сол процеске, белгілі бағытта мақсат көздеп әсер ету.

Өйткені психикалық дамудың өзі баланың ұмтылуы мен оған жету жолындағы мүмкіндіктерінің арасындағы қайшылықтардың салдарынан туады (мысалы, ми қабатында болатын қозу мен тежелу, механикалық ес пен логикалық ес, ескі білім мен жаңа білім т.б.).

Сауат ашу кезінде бала бар зейінін жеке әріптерді, буындарды қосып оқуға жұмсайды да, сөздердің арасындағы байаныстарға зер салмайды. Осыған орай, олардың түсініп оқудан гөрі механикалық оқуы басым болады. Сондай-ақ олар іштей оқудан гөрі дауыстап оқуға дайын тұрады. Оларға таңбалануы мен айтылуы бірдей сөздерді оқу қиындық келтірмейді, ал айтылуы мен жазылуында өзгеріс болатын сөздерді оқу да, жазу да біраз қиындық келтіреді.

Түйін сөздер: сауат ашу, психикалық даму, анатомиялық-физиологиялық есею.

**С.ҚОЖАГЕЛДИЕВА¹,
Г.С.ЖИРЕНБАЕВА²**

ПСИХОФИЗИОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ПРОЦЕССА ЧТЕНИЯ И ПИСЬМА

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

Аннотация

Нервная система человека развивается в непрерывном процессе с окружающей средой. Обязанность учителя в воспитании и образовании – знание развития процесса и форм обязанности ученика и повлиять на данный процессы в определённом направлении.

Поскольку само психическое развитие ребёнка рождается в результате достижения и пути его реализации (например, возбуждение и торможение в области головного мозга, механическая и логическая память, старые и новые знания и т.д.)

Во время грамматики ребёнок всё своё внимание уделяет на чтение отдельных букв и слогов, и не обращает внимание на взаимосвязь между слов. В связи с этим у них развивается механическое чтение. А так же они готовы к очному чтению, чем читать

вслух. Для них не является сложностью читать слова, одинаковые по писанию и чтению, а слова, меняющиеся при написании и произношении для них немного сложновато.

Ключевые слова: грамматика, психическое развитие, анатомо-физическая зрелость.

**S.KOZHAGELDIYEVA',
G.S.JIRENBAYEVA**

PSYCHOPHYSIOLOGICAL FEATURES OF THE READING AND WRITING PROCESS

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

Abstract

The human nervous system develops in a continuous process with the environment. The teacher's task in upbringing and education - is the knowledge of the development of the process and the forms of the student's responsibility and influence to this process in a certain direction.

Since the child's mental development itself is born as a result of achievement and the way of its realization (for example, excitation and inhibition in the brain, mechanical and logical memory, old and new knowledge, etc.)

During grammar, the child pays all his attention to reading individual letters and syllables, and does not pay attention to the relationship between words. In this connection, develop their mechanical reading. And as they are ready for full-time reading, than reading aloud. It is not difficult for them to read words that are the same in writing and reading, and words that change when writing and pronunciation for them are a bit complicated.

Key words: grammatics, mental development, anatomical and physical maturity.

Қысқашы. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты жолдауының он жетінші бағытында: бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз үшін оқытудың әр оқушының білімі мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау керек», - деп көрсетті.

Адамның психикасы ақыл, сезім және ерік қызметтерінің түрліше формаларынан көрінетіндіктен, оны психофизиологиялық процесс деп атайды. Дүниетануға қажет ақыл-ой қызметі үшін түйсік пен қабылдау, ес пен ойлау, сезім мен қиял, зейін мен еріктің үлкен мәні бар. Баланың психикалық дамуы деген не? Баланың қуануы, шаттануы, қиялдануы, ренжуі, ашулануы, жылауы, сөйлеуі - осылардың бәрі баланың әлеуметтік өмір тіршілігіне байланысты ішкі дүниесін, психикасын сипаттайды. Баланың нәзік, өскелең табиғатына жарасымды әдептілік, адамгершілік, естілік т.б.с.с. қасиеттер оның өсетін ортасындағы тәлім-тәрбиенің арқасында және қайшылықтарды жеңу үстінде қалыптасады. Өйткені психикалық дамудың өзі баланың ұмтылуы мен оған жету жолындағы мүмкіндіктерінің арасындағы қайшылықтардың салдарынан туады (мысалы, ми қабатында болатын қозу мен тежелу, механикалық ес пен логикалық ес, ескі білім мен жаңа білім т.б.).

Зерттеу әдісі. Жазу дағдысының психологиялық негізі мидың үлкен жарты қабығындағы анализатор ұштарының бір-бірімен күрделі байланысқа түсуі екінші сигнал системасының жинақталып бір арнаға бағытталуы болып табылады. Жазу тілі көзбен қабылданады, қолмен іске асады. Ал, ауызша сөйлеу, есту-синтездеуге нерв байланысы арқылы өтеді. Жазу тілі ауызша сөйлеуден кейін шықты, сондықтан да ол үнемі ауыз тілге сүйеніп отырады. Ең алғашқы ерте дәуірде адамадар қандай да болмасын бір оқиғалар туралы мәліметті кейінгі ұрпақтарға қалдырып отырған. Сөйтіп ондай мәліметтерді түрлі суреттермен белгілейді. Бұл кезең идиографиялық сөйлеу кезеңі деп аталады.

Адамның нерв жүйесі өзін қоршаған ортамен үздіксіз байланыс процесінде дамиды. Оқыту мен тәрбиеде мұғалімнің міндеті – баланың саналы қызметінің формалары мен даму заңдылықтарын білу және сол процеске, белгілі бағытта мақсат көздеп әсер ету.

Сонымен психикалық даму дегеніміз, жалпы алғанда, адамның қалыптасуындағы сапалық және сандық өзгерістер, ал жекелеп алғанда, анатомиялық-физиологиялық есею, нерв жүйесінің жетілуі білімнің артуы, сезім мен моральдық ұғымдардың пайда болуы, психикалық процестердің қайта құрылуы, дүниеге көзқарастың қалыптасуы, белсенділік пен өзінше әрекет етудің көрінісі, белгілі бір мінез-құлыққа дағдылану [1].

Зерттеу нәтижесі. Мектепке алғаш келген, бала ежелеп оқиды, оның көру аумағында бір ғана әріп тұрады, көбінесе қайта-қайта бұрын оқыған әрпіне көз жүгіртіп отырады, әр әріпке жекелеп көз тоқтатады, «оқу аумағы» тар болады. Осының салдарынан олардың оқығанды түсіну дәрежесі де төмен. Ал әріпті тану дағдысының қалыптасып жетілуімен қабат баланың «көру, оқу аумағы» кеңейіп, ол бірте-бірте буындап оқуға, онан әрі тұтас сөзді оқуға дағдылана бастайды. Мұндай дағдыға ие болу балаға оңайға түспейді, ол көп күш жігерін жұмсайды, мұнда әсіресе зейіні мен еркі үлкен рөл атқарады. Осының барысында зейін мен еріктің төзімділік қасиеттері жаттыға түседі.

Сауат ашу кезінде бала бар зейінін жеке әріптерді, буындарды қосып оқуға жұмсайды да, сөздердің арасындағы байаныстарға зер салмайды. Осыған орай, олардың түсініп оқудан гөрі механикалық оқуы басым болады. Сондай-ақ олар іштей оқудан гөрі дауыстап оқуға дайын тұрады. Оларға таңбалануы мен айтылуы бірдей сөздерді оқу қиындық келтірмейді, ал айтылуы мен жазылуында өзгеріс болатын сөздерді оқу да, жазу да біраз қиындық келтіреді. Ондай қиындықтан практикалық жолмен ғана шығуға болады, яғни «ақ аю», «сары ала» сияқты жазылатын сөздердің оқылуының үлгісін мұғалім үнемі ескертіп, дұрысын оқытып отырса, балалар жаттығудың арқасында біраздан кейін дағдыланады [2].

Талқылау. Жазу сабағының арасында балалардың жазу қимылын ұзақ уақыт жасай алмайтындығы ескеріліп және саусақтың бұлшық еттері талғандықтан, міндетті түрде сергіту минуттарын жүргізіп отыру жүктеледі.

Осы бірінші сабақта жоғары сызық, төменгі сызық, жазу жолы, жоғары сызықтан бастау, төменгі сызықтан бастау, жоғары көтерілу, төмен түсу, сызыққа жазу, сызық арасына жазу, сызық ортасынан бастау, т.с.с. түсініктер мен ұғымдар таныстырылады да, келесі сабақтарда олар бекітіліп одан әрі жаңа ұғымдармен толықтырылып отырады.

Сабақ аяғында балалардың жазу жұмыстарына ауызша баға беріліп, қорытынды жасалады.

Жазуға кірісерде алғашқы күннен бастап орындалуға тиісті гигиеналық талаптар:

а) дәптер партаның үстіне, баланың кеудесінің қақ ортасына тура келетіндей болып, сәл көлбетіле қойылады;

ә) бала басын оңға, не солға, иықтарын, кеудесін алға не артқа қисайтпай, аяқтарын қатар қойып, алдына түзу қарап отырады. Бұл олардың омыртқалары, көкірегі дұрыс жетілу үшін қажет;

б) балалар табандарын еденге еркін басып отырады. Тізені қатты бүкпей, бір аяқты екінші аяқтың үстіне қоймай, аяқтарын не алға, не артқа сілтемей отырғаны дұрыс;

в) партаға көкіректі тіремеу керек. Өйткені, бұл тынысты тарылтады, жаңа өсіп келе жатқан кеудені бұзады;

г) қаламды ұстағанда саусақ қаламұштан үш сантиметрдей жоғары тұрып, қаламның жоғарғы жақ ұшы оң иықтың тұсына дәл келгені жөн;

д) жазғанда баланың көзі мен дәптер аралығындағы 25-30 см қашықтық сақталуға тиіс.

Қорытынды. Оқу-жазу процестерін талдаудан шығатын негізгі қорытынды:

1) Оқушы оқуға, жазуға үйрену барысында меңгеруге тиісті ең негізгі процестер: сөзді буынға, буынды дыбысқа ажырату және керісінше, дыбыстардан буын, буыннан сөз құрастыру. Егер мұғалім талдау-жинақтауға жеткіліксіз көңіл бөлетін болса, бала әріпті, дыбысты жеке жаттайды да, олардың әрқайсысының мәніне көңіл бөлмейді. Сондықтан оларды дұрыс байланыстырып оқи да алмайды, жаза да алмайды. Әрбір айтылғанды немесе жазылғанды бір-бірімен салыстырып, талдап-жинақтап, қайталантырып үйретсе ғана баланың ойлау процесін дамытуға септігі тиеді.

2) Сауат аша бастаған бала оқу-жазуға үйрену барысында көптеген қиындықтарға кездеседі (бір әріпті немесе бір сөзді жазу үшін нерв жүйесінен бірнеше толқын жасалады). Осы кездегі кедергілер мен қиындықтардан баланың нәзік табиғатына нұсқан келтірмей, күш-жігерін мұқалтпай алып шығу мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктейді. Бұл жұмысты талапқа сай ұйымдастырып жүргізу үшін, мектепке дейінгі баланың ақыл-ойының, тілінің дамуы, жеке ерекшеліктерінің қалыптасуы жөнінде мұғалім толық сауатты болуы керек. Сонда ғана әдістемелік жағынан қажетті жұмыстарды шеберлікпен ұштастырып, іске асыра алады [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазыбаев С. *Қазақ тілі методикасы*. Алматы, Рауан. 1990. 112 б.
2. Рахметова С. *Қазақ тілін оқыту әдістемесі*. Алматы, Өлке, 2005. 136 б.
3. Рахметова С. *Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілін ұстарту*. Алматы, 1997.

Уманов Г.А.¹

¹пзд., Абай атындағы ҚазҰПУ дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау
теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры

Е.М.Темірханов²

²Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Дене мәдениеті және спорт мамандығының 2 курс
магистранты

Грек-рим күресінің қалыптасуы мен дамуы.

Аңдатпа

Мақаланы қорыта келе, грек-рим немесе классикалық күрестің бұлай аталуына, оның байырғы заманда, Жерорта теңізі мемлекеттерінің гүлденген дәуірінде пайда болуы себеп болған. Бірақ, бертін келе, біздің заманда, бұл күрес француздардың арқасында 19 ғасырда ортамызға оралған. Және дүниенің төрт бұрышындағы спортшылардың және жаттықтырушыларының күш-жігерлерінің арқасында бұл күрес бүгінгі қалпына ие болған.

Мысалы, француздар грек-рим күресіне арқалай лақтырудың түрлі әдіс-амалдарын қосса, финдер «жартылай суплес» техникасымен толықтырған. Оған қоса, дәл осы финдердің арқасында грек-рим күресінде партердегі амал-тәсілдер пайда болған. «Фин құлпы» деп аталатын техникалық білмейтін балуан жоқ шығар!

Түйін сөздер: Күрес, әдіс-тәсіл, физикалық, тәрбие, олимпияда, төзімділік, ептілік, гладиатор, шеберлік, дене жаттығу, шынығу.

Уманов Г.А.¹

¹дпн, профессор кафедры теории и методики подготовки педагогов физической культуры
и спорта КазНПУ им. Абая

Е.М. Темирханов²

²Магистрант 2-го курса КазНПУ им. Абая

Формирование и развитие греко-римской борьбы.

Аннотация

Подводя итог статье, греко-римская или классическая борьба стала причиной ее появления в эпоху процветания средиземноморских государств. Но, скажем, в наше время эта борьба вернулась к нам в XIX веке благодаря французам. И благодаря усилиям спортсменов и тренеров во всех уголках мира этот бой был восстановлен сегодня.

Например, французы добавили множество методов для использования греко-римской борьбы, а финны были дополнены техникой «полу-сапфиров». Кроме того, благодаря этой греко-римской борьбе, родившейся в Финляндии, в партии была практика. Нет технического навыка «Финский замок»!

Ключевые слова: Борьба, методология, физическая, образовательная, олимпиада, терпимость, ловкость, гладиатор, мастерство, физические упражнения, акне

Umanov G.A.¹

²doctor of pedagogical sciences, Professor of the Department of Theory and Methods of Training of Teachers of Physical Culture and Sports of KazNPU after Abay

E.M.Temyrhanov²

²undergraduate 2nd year Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Formation and development of the Greco-Roman struggle.

Abstract

Summarizing the article, Greco-Roman or classical wrestling became the reason for its appearance in the era of prosperity of the Mediterranean states. But, let's say, in our time this struggle returned to us in the XIX century thanks to the French. And thanks to the efforts of athletes and coaches in all corners of the world, this fight was restored today.

For example, the French added many methods to use the Greco-Roman wrestling, and the Finns were supplemented with the technique of "semi-sapphires".

In addition, thanks to this Greco-Roman struggle, born in Finland, the party had a practice. There is no technical skill "Finnish Castle"!

Key words: Struggle, methodology, physical, educational, olympiad, tolerance, agility, gladiator, skill, exercise, acne

Грек-рим күресі - қоғамдағы өзгерістер мен қатар спорттың мән-мағынасын да түсінуге болады. Спарта немесе Лаконика - Грекияның ежелгі мемлекеттерінің бірі. Біздің дәуірімізге дейін VI ғасырда ол үлкен Пелопоннес жарты аралын өзінің ықпалына бағындыра, Пелопоннес одағын басқарды. Аристотельдің айтуынша, Лакедемондағы адамдардың бүкіл тәрбиесі және заң шығару жүйесін әскери мақсатқа бағындырды. Ол отбасында басталды. Балалар қатал жағдайда тәрбиеленді, шынықты, ащтық, шөлді, денеге түсетін үлкен күшті жеңе білуге үйретілді. Жеті жастан бастап мемлекеттік тәрбиеде болды. Балаларды отбасынан алып, айрықша мектептерге араластырды. Ондағы тұрмыс-тіршілік салты әскери жағдайға сәйкес құрылды, жасөспірімдердің басты айналысатындары дене жаттығулары, шынығу, әскери ойындар болды және оқу мен жазуға аз дәрежеде көңіл бөлінді. Жыл сайын жасөспірімдер үшін жарыстар ұйымдастырылды. 15 жастағы жасөспірімдер "айрендердің"- әскери өнерді үйренуші, бірақ әлі де азаматтық құқы жоқ, жастардың қатарына енгізілді. 21 мен 30 жас арасы азаматтық толық құқыққа ие болатын өтпелі жас деп есептелді. Тек 30 жасқа толғасын ерлер толық құқы бар спартандық болды. Алайда, осыдан кейінде, олар өз отбасына ғана қонуға келетін, ал күн бойы ерлердің әскери клубында болатын. Ежелгі грек мемлекеттерінің көпшілігінен айырмашылығы, Плутарх айтқандай, "олардың балаларының денесі мықты болуы үшін" Спартада қыздар да дене тәрбиесімен шұғылданды. Кейде қыздар да әскери жорықтарға қатысқан. Полопеннестік соғыстан кейін, б.д.д- V ғасырда дене тәрбиесінің спартандық жүйесі өзгеріске ұшырай бастады және өзінің бұрынғы әскери-қолданбалы маңызын жоғалтты. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында Еуропа елдерінде грек-рим күресі пайда болды. Француз күресінде бәсекелесті белден жоғары қапсыра құшақтап, оны жығу керек. Аяқтан ұстауға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолдануға болмайды. Грек-рим күресінің даму тарихы, палуандардың күрес өнері көпжылдық тарихы бола отырып біздің дәуірімізге дейінгі 2000 жыл бұрын бастау алған, көне Грекияда пенталонның бір түрі ретінде дамып, адамның

жылдамдық, төзімділік, ептілігін дамытып және әскерді дайындаудың негізгі құралы болды[2].

Грек-рим күресі алғашқы қауымдық құрылымда пайда болған. Оны алғашқы қауым адамдары негізгі жекпе-жек құралы ретінде пайдаланған. Адам өзіне ұнамды жер, өзен, көл аймақтарын және ұстап алған құс немесе өлтірілген жануарды қорғау мақсатында бел буысқан. Кейіннен күрес мұндай пайда күнемдік бағыттан ырғып саналы техникалық әрекеттер әдістер кешеніне айналды, және де өзіндік физикалық тәрбие беру құралы бола бастады.

Бұл күрес түрі құл иеленушілік дәуірінде кеңінен тарай бастады. Оған бізді куәландыратын көптеген сол дәуірден қалған ескерткіштер, мысалы, Бени Гассан ауылындағы әйгілі мысыр мазары болып танылады (б.д.д. 2600 жыл), оның қабырғасында күрестің әртүрлі әдіс-тәсілдері бейнеленген[3].

Өзінің шынайы өркендеуіне Ежелгі Грекияда жеткен. Оны мықты, шебер, төзімді және жігерлі адамды тәрбиелеу үшін қолданды. Күрес балалардың, жасөспірімдердің және есейген адамдардың физикалық тәрбиелеу жүйесіне кірген. Ежелгі Грекияның көптеген әйгілі философтары, ақындары, мемлекет қызметкерлері мен әскери қолбасшылары өз уақытында ұлы балуан атанған- Олимпиада жарыстарының қатысушысы және жеңімпаздары болған, олардың қатарынан: Милон Кротонский, Пифагор, Платон, Пиндар, Алкинад және т.б. орын алған.

Ежелгі Грекияда алғашқы Олимпиадалық ойындар біздің дәуірімізге дейін 776 жылы ұйымдастырылған және әр төрт жылда бір рет өткізілетін болған. Олимпиада ойындары кезінде барлық соғыстар тоқтатылған. Оны олар «қасиетті бітім» деп аталаған. Күрес Олимпиада ойыны қатарына б.д.д. 704 жылы кіргізілген және алғашқы жарыс 18 Олимпиада ойындарында бастауын алған. Грек атлеті Тесеус күрестің алғашқы әдістерінің негізін қалаған. Ойын ережесі бойынша кім бірінші үш рет қарсыласын жерге құлататын болса, сол жекпе-жектің жеңімпазы атанған. Грек балуандарының ең атақтысы Милон Картонский болған, ол – олимпияда ойындарының алты дүркін чемпионы атанған.

Көптеген халықтардың тағдыры соғыстарда шешілген. Көп жағдайда соғыс нәтижесі сарбаздарының жекпе-жектік өнеріне тәуелді болған. Әрине біздің де ата-бабаларымыз батыл және мықты сарбаздарды даярлауда бейбітшіл күрес жекпе-жектерінің әсерін оңтайлы бағалай білген.

Бірақ күрестік жекпе-жектер өз тұрғысында - өте көпшілік ойын-сауық шарасы ретінде бағаланған. Мұнда өзінің басымдылығын, күшін, айлсын, жігерлігі мен қулығын асыра көрсетуге болаты. Сондықтан да олар жастар жиналатын барлық жерде жаппай пайда бола бастады[4].

Өткен заманда күрестің танымалы болғандығы туралы өнер ескерткіштерінен байқауға болады. Сол заманның ақындары мен суретшілері халықтың сүйікті спортына немғұрайлы қарай алмағандығын дәлелдейді.

Осыған қатысты ең қызықты олжаның бірі Мысыр еліндегі Бени-Гассан ауылды аймағында табылған мазары болып табылады. Мазардың ішіндегі қабырғалары күрес белдесулерінің эпизодтарымен әшекейленіп жазылған. Бұл бірегей мәдени ескерткіштің 4000 жылдан астамдығына қарамастан, мысыр балуандары қолданған әдістер қазіргі күнде де қолданылады.

Грек-рим күресінің халықаралық ережелері 1896 жылы қабылданып бірінші Олимпиадалық ойындарынан бастап бағдарламасына кірген, Ол грек-рим (франциялық)

күресі Еуропада кәсіптік күрескерлердің өнерлерімен кең тарағандықтан болған. Бірақ, салмақ бойынша бөліп күресу 1906 жылдан басталған, сонда 1911 жылына дейін тек қана үш салмаққа белінген болатын.

Бірінші олимпиада ойындары 1896 жылы 6 сәуірде Афинада ашылды. Грек-рим күресі жарысында 4 елден бес балуан қатысты. Олимпиадаға қатысушы болған француз журналисі Леон Оливье Шуман мен Тсигас арасындағы ақтық жарысты айтты. Сайыс күн батқанға дейін созылды және ертеңгі күні бітті. Қатысушыларды салмақ дәрежесі бойынша бөлген жоқ. Алтын медальді Карл Шуман жеңіп алды (Германия), күмісті Георг Тсигас (Грекия), қоланы стефанос Христопулас (Греция) алды [12].

IV Олимпиада ойындары 1908 жылы Лондонда 27 сәуір мен 30 қазанда өткізілді. Ойын бағдарламасына грек-рим және еркін күрес түрлері енгізілді. Бірінші рет Россияда грек-рим күресінен төрт спортшы қатысты. Нәтижесінде екі орыс балуан жарыстан шығып қалды. Қалғаны - Н.Орлов және ауыр салмақтағы А.Петров ойынның жүлдегері болды. Дәл сол уақыттан бастап (1900 және 1904) жылдардағы екі Олимпиаданы есепке алмағанда Олимпиада бағдарламасынан түскен жоқ. Кейін 1912 жылы Халықаралық күрес түрлері федерациялары құрылып, әлемдегі ең үлкен және беделді спорттық ұйымдардың біріне айналды. Грек-рим күресі әр заманда жаңа атауға ие болған. Нағыз кәсіпқой күресшілер «француз күресі» деп атаса, әуесқойлар «грек-рим» деп атады. Фила - ежелгі Аттикандағы - рулық бірігу, қауым. Кейіннен осы қоғам өкілдері жайлаған Аттиканың территориясының бөліктері *филдер* деп атала бастады. Әдетте рулық филдер 3 фратрияға (дорийларда 4 фратрияға) бөлінді, Фила өздерінің абыздарымен және әскери бөлімшелерімен бірлестік құра бастады (олар да филдер деп аталады). Филарх осы әскери бөлімшенің басшысы болып тағайындалды.

V Олимпиада ойындарында, 1912 жылы Стокгольмде 5-мен- 22 шілдеде өткен бағдарламада грек-рим күресі болды, шведтер еркін күресті енгізген жоқ. Олимпиада медальдары бес салмақ дәрежесінде ойнатылды. Россияның құрама командасының 11 қатысушыларының арасынан ақтық белдесуге Мартин Клейн жетті. Оған әлемнің екі дүркін чемпионы фин Ассикайненмен және шведтің жас балуаны Иоганасенонмен кездесу күтіп тұрды. Ассикайненмен кездесу 10 сағат 15 минутқа созылып, М.Клейннің жеңісімен аяқталды. Екінші күні Клейнді Иоганасенон кездесуде күтіп тұрды, бірақ Клейн балуанның жарақат алуына байланысты жеңіс Шведтің балуаны Иоганасенонға бұйырып, Мартин Клейн күміс медальға ие болып қайтты.

Милон Кротонский (1672-1683жж, П. Пюже, Лувр, Париж). IV ғасырдың соңында барлық гладиаторлар мектептері әлсіреп көбі жабыла бастады, сонымен қатар Олимпиадалық ойындарда тоқтала бастады.

1848 жылы Парижде алғашқы арена пайда болды, ол жерде кәсіпқой палуандар өнерлерін көрсететін болды. Француз күресі - деп грек-рим күресін 1948 жылға дейін атаған. Ежелші Грекия мен Римдегідей француз күресі қарапайым халық арасында кеңінен тарауын алды, халық палуандары цирктарда, ойын-сауық орталықтарында өнер көрсетумен айналысқан. Кейіннен күрес кәсіпқой мәртебесін алды, қала, ел біріншіліктері өткізілді, сонымен қатар чемпионаттар ұйымдастырылып отырды. Жарыстарға қатысу үшін Францияға басқа мемлекеттердің палуандары келе бастады[13].

Тек XVIII ғасырдың соңында XIX ғысырдың басында грек-рим күресі Еуропада қайта жаңғыра бастады. Бүгінгі күні грек-рим күресінің дамуының отаны Франция болып саналады, сол жерден замануи ережелері негізін алған: грек-рим күресінде қармау әдісі тек қолмен жасалады, аяқпен әдіс жасауға болмайды, мұнда жеңімпаз белдесуде

қарсыласын екі жауырынымен бірдей кілем үстіңе құлатқан болып саналады немесе жеңіске қарсыласының қайсысы бірінші болып 10 баллдық ұпайдық басымдылық көрсетсе сол атанады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абилдабеков С.А. Жоғары дәрежелі греко-рим күресшілерінің жылдамдық-күш даярлығының құралдары мен әдістері/ С.А. Абилдабеков, О. Сулейменов// Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. Бастауыш мектеп және дене мәдениеті сериясы = Вестн. КазНПУ им.Абая. Сер. Начальная школа и физическая культура.-2013.- № 4.- 146-147 б.
2. 8. Анашов Д. Делиден балуандарымыз 4 алтын, 5 қола медальмен оралды/ Д. Анашов : Үндістан астанасы Делиде грек-рим мен еркін күрестен кезекті 16-шы Азия чемпионаты болып өтті. // Спорт.-2003 - 13 маусым (N 47).- 1 б.
3. Әбдіраманов Е. Жігіттерді жігерлендірген жеңіс/ Е. Әбдіраманов : [Алматы қ. "Целинный" кинотеатрында Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан жастары арасында еркін күрестен, грек-рим күресінен халықаралық жарыс өткендігі туралы]. // Спорт.-1997. - 8 шілде(N 27). - 6 б
4. Әділбекұлы Т. Бас бапкер әлем кубогына баға берді/ Т. Әділбекұлы// Жас Алаш.-2009. - 26 ақпан (№ 17). - 6 б.
5. Баяхметов Д. Төрешілер тобықтан қақпаса, жүрістен жаңыла қоймаспын..."/ Д. Баяхметов/ әңг. С. Тастанбек// Sport.-2012. - 17 шілде (№ 28). - 3 б.
6. Бәзілбаев Ж. Шәмілдей шебер белдесетін балуан әлемде жоқ/ Ж. Бәзілбаев/ әңг. Қ. Ұпан// Жас Алаш.-2013. - 19 қараша (№ 92). - 6 б.

А.А. ЖУМАДУЛЛАЕВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ОЙЫН АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ

Аңдатпа

Ойын - мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың негізгі құралы. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда дидактикалық ойындардың маңызы зор. Дидактикалық ойын барысында есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу процестері дамып, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Балалардың тілін дамытуда ұлттық ойынның орны ерекше. Ойында адамдар өмірінің сан қыры, тұрмыс тіршілігі, еңбегі, дүниетанымы, арман-тілегі, болашаққа деген сенімі, ержүректік пен жігерлікке құлшынысы көрініс табады.

Ойын ережелерінің тәрбиеленуші үшін үлкен тәрбиелік маңызы бар. Олар ойын барысын белгілейді, тәрбиеленушінің тәртібі мен іс-әрекеттерін, олардың өзара қарым-қатынасын бақылап, ерік-жігерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Тәрбиеленуші тұлғасын қалыптастыру мен тіл дамыту ойыннан басталады. Тәрбиеленушінің құрбы-құрдастарымен әртүрлі ойындар ойнауының өзі тілінің, жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуындағы алғашқы баспалдығы болып саналады.

Түйін сөздер: ойын, бала тілі, мектеп жасына дейінгі балалар, дидактикалық ойындар, тіл дамыту, есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу.

А.А. ЖУМАДУЛЛАЕВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

РАЗВИТИЕ РЕЧИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ПОМОЩЬЮ ИГРЫ

Аннотация

Игра-средство развития речи у детей дошкольного возраста. Дидактическая игра важно для развития речи у детей. Во время дидактических игр у детей развивается память, мышление, речь; учатся различать вещи по размеру, цвету, выполнять различные движения. Особое место занимает и национальные игры. В играх отражаются традиции и быт, мировоззрение, мечты людей. Игра имеет огромную роль при воспитании ребенка. Он контролирует ход игры, и таким образом у ребенка развивается поведение и действие, взаимоотношение детей друг другу, воля у ребенка.

Становление личности и речи у детей начинается с игры. Когда ребенок играет с ровесниками, у него развивается речь и личностные качества.

Ключевые слова: игра, речь у детей, дети дошкольного возраста, дидактические игры, развитие речи, память, слух, зрение, восприятие, мышление.

A.A.ZHUMADULLAEVA¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

DEVELOPMENT OF THE SPEECH IN CHILDREN OF PRESCHOOL AGE BY MEANS OF A GAME

Astract

Game - a speech development tool at children of preschool age. A didactic game it is important for development of the speech in children. During the didactic games at children memory, thinking, the speech develops; learn to distinguish things by the size, color, to carry out various movements. Holds a specific place also national games. In games traditions and life, outlook, dreams of people are reflected. A game has a huge role at education of the child. He control the game course, and thus at the child the behavior and action, relationship of children each other, will at the child develops.

Formation of the personality and the speech at children begins with a game. When the child plays with age-mates, he develops the speech and personal qualities.

Keywords: a game, the speech at children, children of preschool age, didactic games, development of the speech, memory, hearing, sight, perception, thinking.

Кіріспе. Ойын – мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің негізгі іс-әрекеті. Ойын үстінде тәрбиеленушінің тілі дамып, бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығушылығы анық байқалады. Ойын мазмұны мен түріне қарай:

- мазмұнды-бейнелі;
- қимыл-қозғалыс;
- дидактикалық;
- құрылыс;
- кейіптендіру ойындары болып бөлінеді.

Мазмұнды-бейнелі ойында тәрбиеленуші ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке бағдарлайды. Тәрбиеленуші алған ролдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, ән сабағы, бейнелеу өнері сабақтарында алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс-аяқ, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды ойын құралы ретінде пайдаланады.

Зерттеу әдістері. Дидактикалық ойын барысында есте сақтау, көру, сезіну, қабылдау, ойлау, сөйлеу процестері дамып, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді.

Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау, топтастыру үшін тапқырлық, байқағыштық, зеректілік көрсетеді.

Балалардың тілін дамытуда ұлттық ойынның орны ерекше. Ойында адамдар өмірінің сан қыры, тұрмыс тіршілігі, еңбегі, дүниетанымы, арман-тілегі, болашаққа деген сенімі, ержүректік пен жігерлікке құлшынысы көрініс табады.

Халық педагогикасында ойындар өте көп және мазмұндарды да, бағыттары да бірін-бірі қайталанбайтындай сан-алуан, әрі қызықты. Олар, «Алақан соқпақ», «Тақия тастамақ», «Айгөлек», тағы басқа мәселен, «Аңдардың айтысы» атты ойында қатысушылар жүргізушінің талабына сай әндер орындап, онда аңдардың дауыстарын, қылықтарын бейнелеп, олардың өзіне тән ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Мұның өзі хайуанаттар әлемі жөнінде нақты ұғымды, шығармашылық қабілетті, жеке және топтасып ән айту дағдысын жетілдіріп, тілін дамытады.

Ойын ережелерінің тәрбиеленуші үшін үлкен тәрбиелік маңызы бар. Олар ойын барысын белгілейді, тәрбиеленушінің тәртібі мен іс-әрекеттерін, олардың өзара қарым-қатынасын бақылап, ерік-жігерінің қалыптасуына ықпал етеді.

Тәрбиеленуші тұлғасын қалыптастыру мен тіл дамыту ойыннан басталады. Тәрбиеленушінің құрбы-құрдастарымен әртүрлі ойындар ойнауының өзі тілінің, жеке тұлғалық қасиеттердің қалыптасуындағы алғашқы баспалдығы болып саналады. Осыған орай М. Жұмабаев баланың ойыны туралы: «Баланың қиялы, әсіресе, ойында жарыққа шығады.

Зерттеу нәтижелері. Ойын балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда да бала әсерлерімен пайдаланады. Айналасында тұрмыста нені көрсе, соны істейді. Мысалы, қазақ баласы біреуі ат болып қашады, біреуі құрық салады. Шырпыларды тізіп-тізіп көш жасайды. Балшықтан мал, қуыршақтан қыз жасайды», - деп ұлттық тұрмысымызға тән ойын үстіндегі бала болмысын, психологиясын суреттейді.

Ұлттық ойындардың мазмұндық ерекшеліктері:

Біріншіден, ұлттық ойындар мазмұн жағынан да мәнерлі әрі түсінікті. Ойын балалар үйінің тәрбиеленушісінің ақыл-ойының белсенді жұмыс істеуіне, дүниетанымының кеңеюіне, қоршаған ортаға деген көзқарасын нақтылау, барлық психикалық процестерді жетілдіруге мүмкіндік жасайды.

Екіншіден, ойын ережелерінде жеке тұлғаның қалыптасуына әсер ететін үлкен тәрбиелік мән бар. Ұлттық ойындар тәрбиеленушіге халықтың салт-дәстүрі мен тұрмыстық шаруашылық еңбегінен түсінік береді.

Үшіншіден, тәрбиеленушінің қимыл-қозғалысын дамытып, дене тұлғасының дұрыс қалыптасуына мүмкіндік жасайды.

Төртіншіден, тәрбиеленуші қиялын, ақыл-ойын, дене қимылын дамытатын тәрбие құралы.

Бесіншіден, ұлттық ойындар тәрбиеленушінің тілін ширатады, ойын зейінділікті, ұстамдылықты, ойлылықты, зерделікті кеңістікті бағдарлай білуді, әрекет үйлесімділігін, өжеттілікті, тапқырлықты, шапшаңдықты, төзімділікті, мергендікті, батылдықты дамытады.

Ойынның маңызын: «Ойын балалық шақтың игілікті қимылы. Ойын әрекетінде бала тіршілігінің тәрбиелік мәні зор екенін, қажыр қайрат, төзімділік, табандылық, өзін билеу, өздігінен істеу еркі ойын үстінде дамып, жетіле түседі», - деп белгілі психологтар А. Темірбеков пен С. Балаубаевтар өз еңбектерінде дәлелдей түседі [1, 19-21бб].

Талқылау. Дидактикалық ойындарды оқыту процесінде кеңінен пайдалана отырып тәрбиеленушілердің тілін дамытудың тиімділігін арттыруға болады. Ол тәрбиеленушілердің білімге деген ынта-ықыласын оятып, танымдылық белсенділігін арттыруға үлкен жол ашады.

Дидактикалық ойындардың мазмұны мыналарды қамтуы тиіс. Олар:

- дидактикалық ойындар нақты, қысқа, қызықты, тартымды болуы міндетті;

- дидактикалық ойындардағы тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі және ол ақыл-ой іс-әрекетінің тәсілдерін меңгеруге ықпал етуі қажет;

- ойындардағы тапсырмалардың әр түрлі тәсілмен орындалуын қадағалау және оқытудың тәрбиелік ықпалын күшейтуге ықпал етуі керек;

- дидактикалық ойын тәрбиеленушінің жас ерекшелігіне сай, бағдарламадағы материалдарға, оның ішінде нақты сабақтың мазмұнына сай болып, тапсырманың мәнін ашу керек;

- дидактикалық ойындарда қолданылатын материалдар мен көрнекіліктер қарапайым болып, олардың жасалуы мен дайындылуы тез әрі жеңіл болуы шарт.

Тіл дамыту бойынша дидактикалық ойындарды мынандай топтарға жіктеуге болады. Олар:

- тәрбиеленушілердің тілін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар: жаңылтпаш ойындар, «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Малдың төлін шақыру», «Сөйлем жарыс», «Сурет сыры», «Сөйлем қуаласпақ», тағы басқа;

- сөйлем, сөз, олардың өзара байланысы туралы түсінікті қалыптастыруға бағытталған ойындар: «Қай сөзді жоғалттым?», «Не қажет?», «Орамал тастамақ», «Домино», тағы басқа;

- заттың атын, қимылын, сынын, санын білдіретін сөздерді меңгертуге бағытталған ойындар: «Суретті лото», «Ғажайып қоржын», «Сиқырлы сандық», санамақ ойындар, жұмбақ ойындар, тағы басқа [2, 121б].

Тәрбиеленушілердің тілін дамытуға байланысты сабақтарда жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді, олар баланың ой-өрісін кеңейтуге, өз бетімен ойланып, заттар мен құбылыстардың сипатталуына, баламасына қарай олардың атын табуға, сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді. Біз тәрбиеленушілердің тілін дамыту, білім деңгейін молайту мақсатында төмендегідей жұмбақтарды пайдаландық: киімдер туралы «Барады, барады, аузын ашып қалады» (кебіс), жануарлар туралы «Таптым, таптым тап жорға, табаны жалпақ боз жорға» (түйе), тағы басқа. Бұл жұмбақ ойындар сабақтарда жарыс түрінде көрнекі құралдарды пайдалана отырып өткізіледі. Олар тәрбиеленушілерді тапқырлыққа үйретеді, ой-қиялдарының өсуіне көмектеседі, қызығуы мен белсенділігін арттырады. Сондай-ақ тәрбиеленушілердің тілін дамытып, өз бетімен шығармашылық ізденісін, эстетикалық талғамын жетілдіреді.

Тәрбиеленетін балалардың кейбір әріптерге, р, л, с, н дыбыстарына тілдері еркін келе бермейді. Бұл жерде жаңылтпаш – ойындарды пайдаланудың мәні зор. Тәрбиеленушілерді диалог түрінде сөйлеуге жаттықтыруға бірден-бір таптырмайтын құрал екендігі даусыз. Жалпы мектепалды Ересек топ тәрбиеленушілерінің тілін дамытуға байланысты оқу-тәрбие іс-әрекетінде біз пайдаланған жоғарыдағы ойындар төмендегідей міндеттерді атқарады.

Білімділік – жаңа білімді меңгеру, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, алған білімдерін одан әрі жетілдіру.

Тәрбиелік – қоршаған ортаға құнды, сыйлы қатынасты қалыптастыру.

Дамытушылық – тәрбиеленушілердің физиологиялық және психикалық процестерінің (қабылдау, ес, қиял, зейін, ерік) дамуын қамтамасыз ету [3, 48б].

Балалардың оқу материалдарын қабылдауды ұйымдастыруда құрғақ сөзбен жеткізгеннен гөрі балалардың тілін, танымдық процестерін дамытатын әр түрлі дидактикалық көрнекіліктермен жүргізілген жұмыстардың қабылдануы, балалардың

сабаққа деген белсенділігінен, қызығушылығынан, берілген тапсырмаларды дұрыс, әрі тез орындауларынан, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап берулерінен көрінеді.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен дыбыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көру, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық құбылыс. Көрнекілік тәрбиешілердің шығармашылық ізденісі мен әдістеме жаңалықтарға қарап, оқу барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Көрнекіліктерді пайдалануда қазақтың ұлы педагогы Ы. Алтынсарин да зор көңіл бөлген. «Қазақ жастары» ғылым өнерді, кітап сөзі деп қарамай, заттай көзімен көріп, ажырата білулері керек деген. Көрнекілік ежелден қолданып келе жатқан принцип, әсіресе балабақшада әр түрлі жас топтарда жиі қолданды. Көрнекіліктің негізгі түрлері:

- 1) нақты көрнекілік – яғни заттар мен құбылыстарды тікелей көрсету;
- 2) бейнелеу көрнекілік – бұл сурет, схема, кесте, плакат, диаграмма;
- 3) дыбыстық – үнтаспа, диафильм;
- 4) көркем сөз арқылы бейнелеу – мұғалім оқушыларға заттар мен құбылыстарды түсінікті де жеңіл баяндау.

Аталған көрнекі құралдары тәрбиеші сөзін тереңдетіп шындай түседі. Балалардың дүниетанымын жетілдіреді. Көрнекіліктердің оқу үрдісінде алатын орны ерекше. Балалар жаңа білімді тәрбиешінің сөздік хабарынан алады, ал көрнекілік оларды нақтылайды және растайды.

Сабақ жемістер жайында болса, олардың суретін көрсете отырып, тақпақ оқылады. Тәрбиеші суреттерді көрсете отырып, Жеміс ағаштары көктемде қайтеді? Қандай жемістерді білесіңдер? Дәмі, пішіні қандай? Шиенің дәмі қандай? Алманың дәмі қандай? Пішіні неге ұқсайды? деген сияқты сұрақтар қойып, жауап алады. Осыдан соң «Формасын таны», «Қайда өседі?» деген дидактикалық ойындар басталады. Ойын үшін жеміс–жидек суреттері әзірленеді. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіріп, суреттерді үстел үстіне араластыра тастайды. Шақырылған бала жоғарыдағы сұрақтарға сай жемістерді сипаттап айтады (5-6 жас), екінші бала (егер аралас топ болса, 4 жасар бала) сол жеміс туралы тақпақ айтады.

Жемістер жөнінде әңгімелесу сабағының қысқаша жоспары былайша болады:

- 1) Жыл мезгілі, жемістер туралы әңгімелесу. Бұрын үйренген сөздерін қолданып, дұрыс жауап беруге үйрету.
- 2) Жемістер туралы өлең оқу. Өлеңдегі салыстырма сөздерге (эпитет, метафора, синоним) көңіл бөлу. Сол сөздерді қайталану. Өздеріне салыстырту.
- 3) Суреттермен (4-5 жас) және сөздік арқылы «Сен нені жақсы көресің?», «Қайда өседі?» (5-6 жас) ойынын ойнату.
- 4) Жемістер туралы жұмбақ (5-6 жас) шештіру.
- 5) Өлеңде аталған жемістердің, күзгі жапырақтардың суретін салдыру не қиып жапсыру (сабақ үстінде).
- 6) Шие... (қызыл, домалақ, кішкене, ұсақ шар сияқты). Алма... (домалақ, қызыл, сары, тәтті, қышқыл). Жапырақ... (сап-сары, алтындай, жібектей, сары бояудай, тағы басқа) үйренген сөздерін қосып сөйлем құрату.

Балалар бұл сабақта: гүлдейді, бүршіктенеді, қышқыл, жұмыр, домалақ, сары, алтындай, тағы басқа сөздерді игереді. Әдетте сабақтарға 25-30 минут аздық етеді. Ал сабақтың тартымдылығы тәрбиешіге байланысты. Заттың түр-түсін, пішімін, қажеттілігін, сапасын танытып, білдіру ісінде балаға тапсырма беріп, орындату, өзіне тапқызу, атын, іс-әрекетін айтқызуға тиімді.

Сондай-ақ сәбилер тобында (балалар ойыншық атына әбден қанығып, сөзбен айтуға үйренген кезде) М. Әлімбаев «Менің ойыншықтарым», Ш. Смаханұлы «Добым менің» деген өлеңдерді оқи отырып, ойнату, әңгімелесу жұмыстары жүргізіледі [4, 55б].

Мысалы: Добым менің, добым менің, Өзің неткен көңілді едің. Жымыңдайсың, қутындайсың, Бірақ менен құтылмайсың.

Сабақтың мақсаты: өлеңді жатқа айтуға, оқылған өлеңді тыңдай білуге үйрету, есту қабілетін жетілдіру. Осы өлеңдегі зымырайсың, қутындайсың, құтылмайсың (3-4 жас) деген сөздерді меңгерту, өлеңді жатқа айтуға үйрету.

Сабақтың барысы: Өлең не туралы? Доп неден жасалған? Доп еденге түскенде қайтеді? Өлеңде доп туралы қандай сөздер айтылған? (ересек топта) деген сұрақтарға жауап алу. Егер балалар жауап бере алмаса, тәрбиеші ол сөздерді қайталап айтуға тиіс. Осыдан соң доптың суретін жасау тапсырылады.

Сабақтан кейінгі серуен кезінде доппен «Кім қаққыш?» деген жарыс ойыны ойналады. Сабақта үйренген сөздер ойын үстінде қайталанып отырады. Келесі кезектегі мүсіндеу сабағында балшықтан доп жасалады. Музыка сабағында доппен, шеңбермен ойнау жаттығулары өткізіледі, тағы басқа осындай жұмыстар қайталана жүргізіліп отырады.

Қорытынды. Балабақшада мемлекеттік стандартқа сай тіл дамыту сабағы енгізілді. Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау жалпыдан жекеге қарай, яғни жеке тұлғаны дамытудың балғынның тілдік қорын дамытып, білімі мен біліктігін кеңейте отырып, өзара қарым-қатынаста қолданатын сөз байлығын молайту болып табылады. Әр түрлі сюжетті суреттер, ойыншықтар, кестелер, геометриялық фигураларды, схемаларды қолдануға болады. Мысалы, жоғары топта 5 саны тақырыбын өткенде 5 санына байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, балалардың сөздік қорын дамытуға болады. Яғни жеңілден ауырға қарай көшу. Жетекші сұрақтарды қоя отырып балалардың тілін дамытады.

Тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекет барысында өзі сөйлегеннен гөрі көбінде балаларды сөйлету қажет. Тәрбиешінің жетекшілігі бойынша бала алғаш күнінен өз ойын толық жеткізе білуі – тәрбиешінің шығармашылық еңбегінің жемісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Баймұратова Б.Б. Балалар әдебиетінің хрестоматиясы А.,1988. -205.
2. Сальникова Т.П. Методика обучения грамоте сост. М.,2000. – 298.
3. Ушакова О.С. Методика развития речи дошкольного возраста. М.,2006. – 188.
4. Метербаева К. М. Мектеп алды даярлық топ балаларының байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру әдістемесі А.,2009. – 95.

УДК 37.013

МРНТИ: 51.204.0:-057.810

Т.Ә.ДАНИЯРОВ¹
Ш.Ә.ТАШИМОВА²
Ш.У.ӘЛКЕН³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдапта

Бүгінгі қоғамдағы мектеп оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастыруды жетілдіру педагогикалық тәжірибе көрсеткеніндей, білім алушыға ғылым, өнер, табиғат, қоғамдағы өмір туралы қандай шамада түсіндірілсе, соғұрлым олардың кәсіби шеберлігі, шығармашылық қабілеті шыңдала түседі. Болашақ мамандар эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың теориясы мен тәжірибесін талдай білуі, қазақ халқының ұлттық эстетикалық тәлім-тәрбие беру дәстүрін сараптап, оның қазіргі жағдайдағы тиімді жақтарын пайдалана білуі керек. Сонымен қоса, мақалада қазақ халқындағы ұл бала тәрбиелеу дәстүріндегі педагогикалық тәрбие құндылықтары жөнінде баяндалады. Этностардың педагогика тарихына салыстырмалылықпен қарар болсақ, қандай ұлт немесе ұлыс болсын ер бала тағдырына, тәрбиесіне жүрдім-бардым қарамаған. Әйтсе де, ұл бала тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктеріне сай қалыптасқан өзіндік тәлімдік тәжірибелер болады.

Түйін сөздер: бала тәрбиесі, ұлт, этнос, этнопедагогика, халық.

Т.А.ДАНИЯРОВ¹
Ш.А.ТАШИМОВА²
Ш.У.ӘЛКЕН³

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави
(г.Туркестан, Казахстан)

ПУТИ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

Как показывает педагогический опыт, совершенствование в современном обществе формирования эстетической культуры у учащихся происходит на столько, на сколько хорошо даются знания о науке, искусстве, природе и общественной жизни, соответственно становится выше их профессионализм и творческие способности. Будущие специалисты должны уметь анализировать теорию и практику формирования эстетической культуры, традиции национального эстетического воспитания казахского народа и уметь использовать их эффективные стороны. Еще статье рассматриваются о

ценности педагогическое воспитание казахских народов, особенно у мальчиков. Если сравним, этническую историю педагогики любой нации или других народов, на воспитание будущих поколений обращали внимание не просто так. Но, по национальным убеждениям, каждая нация может воспитывать своего мальчика по своему.

Ключевые слова: воспитание мальчика, нация, этнос, этнопедагогика, народ.

T.A.DANIYAROV¹
Sh.A.TASHIMOVA²
Sh.U.ALKEN³

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

THE WAY OF AESTHETIC EDUCATION

Abstract

In today's society improving the formation of aesthetic culture of schoolchildren shows that pedagogical practice has shown extent to which a student is explained in terms of science, art and the nature of life in society, the more creative abilities his professional skills grow. Future specialists should be able to analyze the theory and practice of formation of aesthetic culture, analyze the tradition of Kazakh national aesthetic education and use the best possible aspects of its present condition. In this article are considered about value pedagogical education of the Kazakh people, especially at boys. If to compare, ethnic history of pedagogics of any nation or other people, on education future generation of an obreshchaliya attention not just like that. But, on national uvezhdaniye, each nation can bring up the boy on the.

Keywords: education of the boy, nation, ethnos, ethopedagogy, people.

Қысқашы. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев ұлттық рухани дамудың кең көлемді мәселелерін ерекше келе: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ мезгіл тұрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн» дегеніне сүйене отырып қазақ жастарын эстетикалық талғамы жоғары, мәдениетті, ізгілікті, сезімтал, өнер сүйгіш етіп қалыптастырудың маңызы ерекше [1]. Адам баласы қай кезде болсын өнерді, оның түрлерін өзінің қабілетіне қарай қабылдап, оған бейімделе білген.

Жеке тұлғаны қалыптастырудағы басты мәселелердің бірі – эстетикалық тәрбиеге жүйелі және терең мән беру, жастарды әдебиет пен өнерден, қоршаған ортаның сұлулығынан өнеге, тәрбие, рухани азық алуға ықпал ету. Сұлулық пен тазалықты, көркемдік пен әсемдікті, үйлесімді жаратылысты ұғыну, сезіну жеке тұлғаның сапалық дамуының белгісі ғана емес, сонымен қатар оның шығармашылық икемділігін қалыптастыру болып табылады. Адам өміріндегі танымдық қызмет екі бағытта жүреді. Оның біріншісі – дүниені ғылыми тұрғыдан тану, ал екіншісі өнер туындылары арқылы тану бағыттары. Ғалымдар фактілерімен, силлогизмдермен, ұғымдармен сөйлесе, жазушылар мен өнер адамдары образдармен, өнер туындыларымен сөйлейді, сол арқылы жалпы танудағы білімді, көзқарасты туындатады. Ол өз кезегінде рухани мәдениетті қалыптастырады [2].

Зерттеу әдістері. Қазақ ұлт болып қалыптасқаннан бергі ұзақ тарихында сан алуан кезеңдерді бастан өткізіп, тар жол тайғақ кешсе де, болашақ ұрпағының тәлім-тәрбиесіне

өте зор көңіл бөле отырып, сонымен қатар елін, жерін сыртқы-ішкі жаулардан қорғайтын Ер бойына ұлы дала перзентіне тән – еркіндік пен тәуелсіздік, қайсарлық пен қайырымдылық, ақ ниеттілік пен парасаттылық, өрлік пен ерлік тәрізді асыл қасиеттерді дарыта білген. Осы аталған қасиеттерді өскелең ұрпақ ата-бабадан қалған өнеге деп қабылдаса, ертеңгі күннің жарқын болашағына сеніміміз арта түсері анық. Оқушы түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан мектеп мұғалімдері оқушылардың эстетикалық талғамын іс-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек. Оқушылардың эстетикалық сезімін дамыту оларға мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көріксіз деп ауызша айтуда ғана жүзеге аспайды, сонымен бірге бала күнделікті тұрмыста да, мектепте де эстетикалық талғампаздықтың үлгі өнегесін күн сайын көріп отыруы керек. Ата-бабамыз сыртқы көрнекі сұлулық пен ішкі рухани сұлулықты мойындай отырып, олардың орнын анықтауға келгенде, ішкі рухани сұлулыққа көбірек көңіл бөліп, мазмұн сұлулығына көбірек жан тартады. Оқушыларға әдепті әсемдіктен бөліп түсіндіруге болмайды. Егер оларды бөліп айтуға болатынын мойындасак, онда әдепсіз сұлулықтың да болатынын мойындауға тура келер еді де, сұлудық өлшемдері тек сыртқы белгілер, симметрия, пропорция, түр-түстер сәйкестігі, т.б. ғана болып шығады.

События последнего времени подтвердили, что экономическая дезинтеграция, социальная дифференциация общества, девальвация духовных ценностей оказали негативное влияние на общественное сознание большинства социальных и возрастных групп населения страны, резко снизили воспитательное воздействие культуры, искусства и образования как важнейших факторов формирования патриотизма. Стала все более заметной постепенная утрата нашим обществом традиционного патриотического сознания. Объективные и субъективные процессы существенно обострили национальный вопрос. Патриотизм кое-где стал перерождаться в национализм. Вместе с тем, патриотизм не только не предполагает, а даже исключает идею исключительности какого-либо народа или нации.

Актуальность проблемы патриотизма для современного общества находит подтверждение в работах философов сегодняшних дней. Не отрицая идеологического влияния на понимание сущности патриотизма в конкретных исторических условиях, необходимо отметить, что непреходящими составляющими этого явления по нашему мнению, были, есть и будут любовь к Отечеству, преданность ему, стремление своими действиями служить его интересам.

Исторический опыт подтвердил, что отдаленность учащихся от корней своего народа, национальных традиций, нравственных устоев привели к отрыву от истоков, разрушению связи и преемственности поколений, упадку нравственности, духовности.

Социально-политические и экономические изменения, происходящие в настоящее время, приводят к тому, что в содержание таких категорий, как «патриотизм», «нравственность», вносятся иные, чем раньше акценты.

Представители дореволюционной казахской интеллигенции А.Байтурсынов, Ж.Аймаутов, М.Дулатов, М.Жумабаев, С.Мендешев, С.Садвакасов и др. задачу обучения воспитания видели в привитии любви к своему Отечеству, родному языку, национальной культуре, духовно-нравственным ценностям, народным традициям и обычаям. Они считали родной язык главной базой и средством воспитания, развития гражданских чувств, качеств личности, формирования национального самосознания, развития духовно-нравственных качеств народа.

В основе системы гражданско-патриотического воспитания школьников лежит коллективно творческая деятельность, способная формировать умение планировать, организовывать свою деятельность, доводить начатое дело до конца.

Научить патриотизму, как учат алгебре и географии, нельзя. Чувство Родины – не заучивание перечня правил и положений, это чувство проникает в нас с молоком матери, это воздух, которым мы дышим, солнце, которое мы видим, дом, в котором мы обитаем. Патриотизм проявляется в поступках и деятельности человека.

Казахстан вступил в XXI век как независимое суверенное государство, распрощавшись со своим тоталитарным прошлым. Он твердо встал на путь демократического цивилизованного развития. За короткий срок обретения независимости, как член ООН, уверенно занял свое место в международном сообществе. Установил с более 100 странами мира дипломатические связи, стал членом ряда авторитетных международных организаций.

Казахстан сегодня обладает реальной возможностью самоопределения и выбора форм правления экономической, политической и духовной жизнью. Решение ряда проблем в жизни страны во многом зависит от уровня развития гражданского общества, формирования высокого патриотического сознания, чувства гордости за свою страну, воспитания готовности к выполнению гражданского долга по защите интересов Родины.

На двенадцатой сессии Ассамблеи народов Казахстана Н.А.Назарбаев особо подчеркнул, что важнейшим условием конкурентоспособности нации являются сильный дух и знания, позволяющие добиваться успехов в процессе мировой конкуренции. А здесь важнейшая составляющая – казахстанский патриотизм: любовь к своей Родине и земле, огромное уважение к ее истории и культуре, вера в собственные силы каждого и сплоченность всего общества, высокое чувство сопричастности к истории и ответственности за будущее своей страны, которое возводится сегодня. Безусловно, сказал глава государства, что патриотизм нужно формировать, общими усилиями всего общества, особенно среди молодежи, в наших детях.

Президент РК Н. Назарбаев, в разработанной им стратегии "Казахстан – 2030" обозначил задачу формирования казахстанского патриотизма как одну из первостепенных из семи долгосрочных приоритетов нашего развития, т.е. как практическую задачу [3]. Участие в выполнении этой задачи должны принять и вузовские работники.

В числе сдерживающих факторов в воспитании гражданина страны следует назвать недостаточность высококвалифицированных специалистов, способных использовать новые современные технологии для целенаправленного формирования патриотизма и демократических убеждений, малочисленность научно-исследовательских организаций гуманитарного профиля, имеющих достаточный опыт разработки социальных технологий по патриотическому воспитанию граждан.

Назрела необходимость в переосмыслении концептуальных подходов к воспитанию подрастающего поколения и поиска новых форм и методов воспитательной деятельности высших учебных заведений республики.

Образ страны и чувства своей неразрывной связи с Родиной формируются государством и обществом через различные механизмы и институты, прежде всего образование.

Дискуссия

«Патриотизм» в переводе с греческого означает – родина, отечество. В этой трактовке понятие «патриотизм» – как любовь к Отечеству, преданность ему, гордость за его прошлое и настоящее, стремление своими действиями служить его интересам.

Многовековая история учит, что лишь те государства выходят из тяжелейших кризисов и занимают соответствующее место в мировом сообществе, которые славятся своими патриотами, где высок моральный, патриотический дух граждан и крепки национальные традиции.

Патриотизм – одно из древних социальных явлений. Первоначально он отражал привязанность к родным местам, где человек родился и вырос. Формируясь на протяжении длительного времени, чувство патриотизма, любви к родине передается из поколения в поколение и является весьма стойким.

История казахов берет свое начало из глубины веков. Самые ранние образцы письменности дальних предков современных казахов называются орхоно-енисейским или древнетюркским руническим письмом. Среди таких письменных памятников наиболее известны надписи на камнях в честь Бильге-кагана и его брата полководца Кюль-Тегина (VI в.). Так, на одном из этих камней высечены изречения о жизни и быте, о культуре, о подвигах древних кочевников на фоне общей истории Тюркского каганата.

Каганы, беки, тарханы выступали духовными вождями, пророками, полководцами, вершителями судеб. Удивляет железная воля предводителей Тюркского ея, пронизанная глубокой любовью к народу, отчизне. Не случайно слова отчизна, родина по-казахски «отан» и производное от слова «от» – огонь (отау – дом, отагасы – глава семьи, отбасы – семья).

Эпоха средневековья – это время постоянной борьбы казахов за свою национальную независимость. «Героическая эпоха» – время этнополитической консолидации казахской нации, начиная с XIV века вплоть до середины XIX века. Это четыре века, полных значимых событий, полных борьбы за независимость, укрепление казахской нации.

Акыны-жырау XV-XIX в.в. (Асан Кайгы-жырау, Шалкииз-жырау, Жиембет-жырау, Ақтамберды-жырау, Бухар-жырау, Шал-акын и др.), будучи духовными предводителями кочевого народа, сосредоточили в себе самые ценные черты его характера и передавали эти духовные сокровища молодежи. Они подчеркивали, что защита родной земли от чужеземных захватчиков – священная обязанность каждого казаха. Сохранение чести рода, ея, народа. Это значит умереть за родину в честном бою, быть настоящим батыром, ером, мужчиной, как предки, которые боролись и умирали, не сожалея ни о чем. Ер – мужчина, защитник, герой. Честь мужчины возвеличивает его род: «Ер намысы – ел намысы» («Честь мужчины – гордость ея»). Ер, имеющий намыс, должен быть предан ар-іс, т.е. «делу чести».

И нет ничего удивительного в том, что в жестких военно-кочевых условиях десятилетние мальчишки становились поэтами, а двенадцатилетние – воинами, полагая, что

их жизненное назначение – служение подвигам. Проявив доблесть перед родом и племенем, они смерть встречали достойно.

Ярким образцом патриотизма, служения родному народу и родной земле является жизнь и борьба выдающегося казахского акына и батыра Махамбета Утемисулы, который вместе со своим другом и соратником батыром Исатаем Таймановым завещали казахскому народу и лучшим его сыновьям продолжать их дело и бороться за свободу и независимость. Патриотические чувства лидеров национально-освободительных движений в начале XX века были подхвачены лидерами зарождавшейся казахской интеллигенции, писателями, учеными и инженерами. Всех их объединяла великая цель – добиться независимости, свободы и обеспечить существование казахского этноса в длительный исторический период.

В формировании патриотических чувств молодежи огромное значение имеет творчество народного героя, писателя Б.Момышулы, который является образцом подражания молодежи как патриот своей земли, своего народа.

Бауржан Момыш-улы писал, что патриотизм – любовь к Отечеству (государству) – осознание прямой зависимости, личного благополучия от общественно-государственной безопасности, признание своей зависимости от государства, того, что укрепление государства есть укрепление личности [2].

Заключение

Молодежь – это будущее нашего общества, и от того, какой будет она, зависит наше общество и государственность Республики Казахстан.

Но диагностическая картина состояния молодежи вызывает тревогу. В категории молодежи, родившейся в 1984-1988 годах, только 32% интересуется политикой, основная масса безразлична, характеризуется аполитичностью, 40% из общего числа молодежи употребляет алкоголь в различной форме, количество наркоманов перевалило за 30 тыс. человек. В такой ситуации негативным явлениям среди молодежи могут противостоять человеческие ценности.

Формирование и развитие общекзахстанского патриотизма и этнополитической общности казахстанцев зависит от того, как наше государство, и, прежде всего, этнические группы способны преодолевать возможные этнические конфликты в процессе этнической интеграции и построения демократического правового государства. В ходе демократических преобразований в нашей полиэтнической стране постепенно формируется новый гражданин суверенного независимого государства, характерной чертой которого является высокое чувство казахстанского патриотизма и интернационализма.

Список использованной литературы:

1. Бижанов А., Касенов У. *Казахстанский патриотизм как ведущий фактор консолидации общества на этапе становления и развития республики Казахстан как суверенного государства.*- Алматы, 2011. –С.128.
2. Момыш-улы Б. *Психология войны.* - Алма-Ата: «Казахстан», 1990.
3. Назарбаев Н.А. *Казахстан – 2030: Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда.* -1997. -11 октября - с. 9-13.
4. Назарбаев Н. *Қазақстан тәуелсіздігіміз: тарих тағылымыдары және қазіргі заман.* //Егемен Қазақстан, 17 желтоқсан, 1996.
5. Шаханов М. *Желтоқсан эпопеясы. Деректі роман.*//Жалын, №11, 2004.-Б.15-46.

С.ҚОЖАГЕЛДИЕВА¹

¹*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан, Қазақстан)*

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа

Бастауыш мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдысын қатысым әдісі арқылы қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың өзара іс-әрекетімен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интерактивтік әдісті тиімді пайдалануға болады.

Дағды дегеніміз - әрекеттің адам бойында орнығуы. Әрекетке ең алғаш кіріскен кезде адам олақ, басы артық көптеген қимыл-қозғалыстар жасайды.

Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіру, онан әрі дұрыс бекіту және қазақ тілі пәнін оқыту барысында дидактикалық принциптерді дұрыс іріктеп алу қажет.

Интерактивті әдістер – соңғы кездері кеңінен қолданыс табуда. Ол әсіресе белгілі бір пәнді жаңа технологиямен оқытуға көшу барысында жиі қолданылуда. Интерактивті әдіс кіші жастағы оқушыларды ауызша сөйлеуге дағдыландыруда да өнімді нәтиже беретін әдістің бірі.

Түйін сөздер: бастауыш мектеп, сөйлеу дағдысы, интерактивті әдістер.

С.ҚОЖАГЕЛДИЕВА¹

¹*Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссауи
(Туркестан, Казахстан)*

СОБЕРШЕНСТВОВАНИЕ РЕЧЕВЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА УРОКЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

У формирования устных речевых навыков учеников начальных классов методом решения, есть свои исключения. Правильно организовав связь между самими учениками, учителем и учениками в процессе образования, можно повысить умственную способность ученика, а также выгодно использовать интерактивный метод на уроке.

Умение – это формирование навыков в действиях человека. Человек, начавший впервые в действовать, воспроизводит излишние движения. Для улучшения устных речевых навыков у учеников и при процессе обучения предмету казахского языка нужно правильно выбирать дидактические принципы.

Интерактивные методы в последнее время широко используются в сфере образования. Особенно часто этот метод используется при проведении одного из ряда предметов с переходом на новый уровень обучения с помощью новых технологий.

Интерактивный метод – это один из методов, дающий продуктивный результат при обучении навыкам устной речи детей школьного возраста.

Ключевые слова: начальная школа, умение говорить, интерактивные методы.

S. KOJAGELDIEVA¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

IMPROVEMENT OF THE SPEECH SKILLS OF STUDENTS OF THE INITIAL CLASSES AT THE LESSON OF THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract

At formation of oral speech skills of pupils of initial classes by a decision method, there are exceptions. Correctly organizing the communication between the students themselves, the teacher and the students in the education process, it is possible to increase the pupil's mental ability, and also benefit from using the interactive method in the lesson.

Ability is the formation of skills in the actions of a person. The person who first started to act reproduces unnecessary movements. To improve the oral speech skills of students and the learning process of the Kazakh language, you need to choose the right didactic principles.

Interaktivnye methods in recent years are widely used in education. Especially often this method is used in carrying out one of a number of subjects with the transition to a new level of learning with the help of new technologies. The interactive method is one of the methods that gives a productive result in teaching the skills of oral speech of school-age children.

Key words: elementary school, ability to speak, interactive methods.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының дамыған 30 елдің қатарына қосылуы үшін еліміздің экономикалық және саяси өркендеуіне орай оның ұлттық білім беру салаларында жаңа жүйе қалыптасуда. Осыған байланысты жалпыға бірдей білім беретін мектептердегі білім беруді електен қайта өткізу мен саралау негізінде бастауыш мектеп оқушыларының ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытатын, заманауи білім беру жүйесіне сай жаңа инновациялық-педагогикалық технологияларды оқыту үдерісіне енгізу күн тәртібіне қойылды. Сондықтан, елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына арналған жолдауында мәңгілік ел болу үшін жас ұрпақтың жан-жақты сауатты,білімді болуы керек екенін, мемлекеттік тіліміздің ғылым мен білімнің, өндіріс пен шаруашылықтың барлық саласында еркін қолданылатындығын айтып, қазақ тілін оқытудың айрықша маңызды екендігін атап көрсетті

XX ғасырдың басында ана тілімізді оқытуды жетілдіру, оның сапасын арттыру мәселелері бойынша А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сияқты т.б. ғалымдарымыздың осы мәселе төңірегіндегі пайымдаулары мен тұжырымдары күні бүгінге дейін өз құндылығын жойған жоқ. Қазіргі уақытта аталған ғалымдардың іргелі еңбектері ана тіліміздің ұлтаралық қатысымдық қызметін көтеру бағытында оны сапалы оқытып үйретудің ұтымды жолдарын іздеп, оқытудың жаңа технологиясымен айналысып жүрген ғалым әдіскерлерге таптырмайтын “жол басшы” болуда.

Әдісі. Мектептің бастауыш сатысында оқу-тәрбие үрдісін оқушылардың өзара іс-әрекетімен мұғалім мен оқушының өзара қарым-қатынасын дұрыс ұйымдастыру арқылы

оқушының ойлау белсенділігін арттыруға, сабақта интерактивтік әдісті тиімді пайдалануға болады. Ол өз пікірін бір-біріне, топта, сынып алдында айта алады. Мұнда жеке тұлғаның рухын тәрбиелеуге, адамның адамгершілік болмысын қалыптастыруға басты назар аударылуы тиіс.

Нәтиже. Дағды дегеніміз - әрекеттің адам бойында орнығуы. Әрекетке ең алғаш кіріскен кезде адам олақ, басы артық көптеген қимыл-қозғалыстар жасайды. Мысалы, жоғарыда көрсеткеніміздей, бала оқу-жазуға үйрене бастаған кезде қаншама қимыл-қозғалыс жасайды.

Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді. Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды. Ал оқытуда мұғалім дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді, түсіндіреді, балалар оның орындалуын бақылайды.

Бастауыш мектеп оқушыларының ауызша сөйлеу дағдысын қатысым әдісі арқылы қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері бар:

1. Ана тілінде оқитын оқушылар тілді төменнен жоғары қарай, яғни тілдік заңдылықтарды сақтау, фонетика, лексика, грамматика түріндегі жүйемен, оқиды;
2. Бірінші сынып оқушыларының бойында ауызша сөйлеу дағдылары мектепке келгенге дейін қалыптасқан.

Балалар кішкене кезінен қоршаған ортамен тілдік қатынасқа түсіп, осының әсерінен олар грамматикалық заңдылықтар мен ережелерді сөйлесу тәжірибелерінде білмесе де оқымаса да, қолдана алуға сөздік қорындағы сөздерді пайдалану біліктері мен дағдылары, сондай-ақ қазақ тілінің фонологиялық ерекшеліктерін ажырату дағдылары қалыптасқан болады. Сондықтан бірінші сынып оқушыларын ауызша сөйлеуге дағдыландыруда тілімізде тіпті күнделікті жиі де, сирек кездесетін сөздерді қамтып, үйрету жұмыстары жүргізіледі.

Ауызша сөйлеу дағдысы – бірнеше рет қайталаудан туындаған, автоматтандырылған, оқушылардың дұрыс сөйлеу іс-әрекеті екенін жоғарыда айтқанбыз. Оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіру онан әрі дұрыс бекіту және қазақ тілі пәнін оқыту барысында дидактикалық принциптерді дұрыс іріктеп алу қажет, себебі «Қазақ тілі пәнін оқып үйрену барысында балалардың өздерінің ауызша сөйлеу дағдылары да ұштала түседі, олар өз ойларын ауызекі және жазба тілде бейнелеп өзгелердің сөзін толық түсінуді үйренеді және тілдік мұраны, материалдарды осы тілді қолданудың ең жарқын үлгісі болып табылатын әдеби туындылар, жеке-жеке бөліктер арқылы түсіндірілетін тіл теориясы – осының бәрі қазақ тілі пәнінде интерактивті ұштастырыла меңгеріледі».

Сондықтан бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту ісі қазір әдіскер ғалымдардың басты назарында. Өкінішке орай қазір оқушылардың сөйлеу және жазу дағдысындағы мынадай кемшіліктер кездесуде:

- Бастауыш мектепте оқушыларға қазақ тілінің морфологиялық жүйесінен ұғым беру кезінде мұғалімдер қажетті дерексіз ұғымды меңгертуге көп күш салып, бұл ұғым балалардың сауатты сөйлеу мен жазу дағдысын қалыптастыруға негіз болуы қажет екеніне мән бермейді. Яғни тілді оқытудағы басты мақсат - оның коммуникативтік (қарым-қатынас) мүмкіндігін меңгерту екені ескерілмей, «заттың атын білдіретін сөздерге», «заттың санын білдіретін сөздерге», т.б. оқушылардың сұрақты дұрыс қойып, сөйлем ішінен таба білгеніне қанағаттанып жүрміз.

- Бастауыш сыныптарда тілді оқытып-үйретудің әр түрлі салалары арасында айқын байланыс жоқ. Морфологиялық ұғымдар беру жұмыстары кезінде оқушылардың сөздік қорын байыту мақсаты ескерілмейді, сөздердің мағыналық бойларына сай оларды дұрыс қолдану мәселесі үнемі қадағаланбайды. Немесе «Сөйлем», «Сөйлем мүшелері» тақырыптарын өткенде оқушылардың тілдің морфологиялық жүйесінен алған білімдері пысықталып, пайдаланылмайды.

- Күнтізбелік жоспардағы байланыстырып сөйлеуді дамытуға бөлінген сағаттар өтіліп жатқан материалдардан бөлек, көбінесе суретке қарап шығарма жаздыру, мазмұндама түрінде өткізіледі. Бастауыш кластарда бұл сабақтарды оқушылардың өсе түскен білім мен дағдысына сай бірте-бірте күрделендіріп өткізудің қалыптасқан әдістемелік жүйесі жоқ.

- Қазіргі төртжылдық бастауыш сыныптарда оқушыларға қазақ тілінің морфологиялық жүйесін оқыту барысындағы қолдалынып жүрген әдістері де жаңа талап тұрғысынан қайта қарап, жаңарту қажет болып жатыр. Дәлірек айтқанда, бұрынғы бір бағытта (мұғалім тарапынан) оқыту жүйесін өзгертіп, оқушылардың өз беттерінше шығармашылықпен жұмыс істеу (ойлану, табу) қабілеттерін дамыту мәселесін басты нысан етіп алған дұрыс.

- Мұның барлығы бастауыш мектепте қазіргі кезеңде дамытуға лайық мәселелер.

Талқылау. Зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде бастауыш мектеп оқушыларының тілін дамытудың, оларды дұрыс сөйлеуге, жазуға үйретудің қажетті, маңызды мәселе екендігін баса көрсеткендерімен оның салаларына, әсіресе кіші жастағыларды алдымен ауызша дұрыс сөйлеуге үйрету мәселесіне тоқтала қоймағандары байқалады.

Орыс педагогтары: Д.Д.Зуев, Ю.К.Бабанский, В.В.Краевский, И.Я.Лернер, В.И.Свинцов, В.Г.Бейлисон, Л.К.Клинберг, В.П.Беспалько т.б. оқулық теориясын жетілдіруде үлкен зерттеулер жүргізіп, бұл ғылымның дамуына орасан еңбек сіңірген және сіңіруде. Оқулық жасау проблемасы - әрбір заман педагогтарының алдында тұрған елеулі де келелі мәселе. Кезінде К.Д.Ушинский заманына орай жасалынған жаңа оқулықтың жетістіктері мен кемшіліктері оның бала тәрбиелеудегі маңызы мен оған берілетін бағаның оқулықтың практика жүзінде сынақтан өткеннен кейін ғана шешілетіндігіне ерекше көңіл бөлген. Мұндай көзқарасты А.Қ.Құсайынов пен Ұ.Ә.Асыллов та ұстанады. «Сондай құрал білім-тәрбие алудың ең басты шарты-оқушының ынтасын арттырып қана қоймай, тіпті мұғалім дайындығының әлденедей кем-тетігін білдірмей жібереді.

Олай болса, оқыту әдістерін жинақтауда, анықтауда мұғалім мен оқушының арасында қандай іс-әрекеттің орындалатыны, мұғалім оқушының қандай қабілетін жетілдіретіні маңызды рөл атқарады. Сондықтан әрбір педагог-ғалым білім мазмұны мен оқыту мақсатына қарай оқыту әдістерін анықтауда өзіндік көзқарас ұстаған. Мысалы, салыстыру, индукция-дедукция, баяндау, әңгімелесу, жаттығу, көрнекілік т.б. әдістерін тиімді десе,

Ш.Х.Сарыбаев: Оқушылардың білім алу кезеңіне қарай – мұғалімнің сөзі, әңгіме, көрнекілік, жаттығу; Оқушылардың қатысу дәрежесі мен сыныбына қарай – актив, пассив, тапсырманы орындау; Оқушылардың жұмыс сипаты мен орнына қарай – бақылау тапсырмалары, жұмысты жазбаша орындау, жұмыстың ауызша орындалуы,-деп әдістерді оқушының білім алу, қатынасу, орындау жұмыстарына қарай екшеп, саралады.

Д.Ысқақұлы: Қазақ тілін педагогикалық жақтан үйрету әдістеріне: қазақ тілін әдебиет материалдарымен байланыстырып өту, түсініксіз сөздерді үйрету, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету, ауызша түсіндіру, ауызша мазмұндау және мәнерлеп

оқыту әдістерін; Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістеріне: әңгіме, хабарлау, тәжірибе, түсіндіру және кітапты пайдалану әдістерін; Қазақ тілін теориялық – практикалық жақтан үйрету әдістеріне: талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, мазмұндау, сөйлем құрау, шығарма, көшіру, диктант жаздыру әдістерін жатқызды.

Интерактивті әдістер – соңғы кездері кеңінен қолданыс табуда. Ол әсіресе белгілі бір пәнді жаңа технологиямен оқытуға көшу барысында жиі қолданылуда. Интерактивті әдіс кіші жастағы оқушыларды ауызша сөйлеуге дағдыландыруда да өнімді нәтиже беретін әдістің бірі деп есептейміз. Бұл әдіс әсіресе бастауыш мектеп оқушыларына сабақ үстінде еркіндік беруімен құнды. Оқыту барысында оқушылар бір-бірімен тығыз танымдық, қатысымдық байланысқа түседі және осы арқылы бір-бірін оқытады, үйретеді.

Интерактивті әдістер арқылы өтілген сабақтарда оқушылардың белсенділігін арттыруға болады. Ол үшін төмендегідей мәселелер ескеріледі:

- 1) Оқушылардың қимыл белсенділігін арттыру жолдары:
 - Оқушылар түсінбеген жерін орнынан тұрып, екінші оқушыдан еркін сұрауы; жақсы оқитын оқушы өзінің микротобындағы нашар оқитын оқушыларға үйретуі, оқушылар тапсырма бойынша бір-бірімен (өздерінің микротаптарында) сөйлесіп, ақылдасып отыруы;
 - Оқушылардың тапсырманы орындап болғаннан кейін өзара бірін-бірі тексеруі.
- 2) Оқушылардың әлеуметтік белсендігін арттыру жолдары:
 - Оқушылар өзара оқушы-оқушы не оқушы-мұғалім түрінде бір-біріне сұрақтар беруі;
 - Бастауыш мектеп оқушылары сабақта өзара пікірлесіп отыруы;
 - қиын сұрақтарға қарсы топтың оқушылары жауап беру еркіндігінің болуы;
- 3) Оқушылардың танымдық белсендігін арттыру жолдары:
 - Оқушылар қарсы жақтың пікіріне өзіндік пікір айта алуға;
 - Келіспеген жағдайда өзінің көзқарасын дәлелдеуге;
 - Өзінің микротобындағы жолдастарының сөздеріне қосымша не пікірге қосылатыны жөнінде өзіндік пікір білдіруіне еркіндік жасалуы;
- 4) Оқушылардың қатысымдық белсендігін арттыру жолдары:
 - Сабақ барысында оқушылар бір-бірімен еркін тілдік қатынасқа шығуы;
 - Жауаптарын бірге жоспарлауы;
 - Сөйлеген сөздерін нақты әрі қысқа жеткізуі;
 - Айтар ойларының әсерлігі болуы;
 - Сөйлеген сөздерінің жаргон, диалект, бөтен сөздерден таза болуы қажет.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, тіл дамыту жұмысна қойылатын талаптар да балаларға білім беру, іскерлікке үйрету және олардың білімін дамыту мақсаттарын көздейді.

Бірінші сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда төмендегі тұжырым негізге алынды:

1. Сөздік жұмысы
2. Сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс.
3. Байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмысы.

Сөз байлығын терең білудің ендігі бір жолы - халық тілінің дәстүрі мен әдеп ерекшеліктерін меңгеру.

Тіл дамытуда, лексикалық қорды байытуда кітап оқудың маңызы орасан зор. Сондықтан, баланың мектепке келген алғашқы күнінен бастап, олардың кітапқа деген құмарлығын арттырып, оларды өз бетінше мектепке ғана емес үйде де кітап оқуға тәрбиелеу қажет. Оқығандарын жазбаша және ауызша айтып беру оқушылардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытады, олардың тілін сөз орамдарымен байыта түседі. Бастауыш сыныптарда түсіндірме оқу өткізудің пайдасы мол, онда балалар сөздің мағынасын ашып, синонимдер мен антонимдерді талдай біліп, мәтіндегі негізгі ойды бөлектейді, әңгіменің жоспарын құрады.

Рөлдік ойындарда оқушылар кейіпке еніп сол кейіпкердің жақсы қасиеттерін өзіне сіңіруге тырысады. Рөлдік ойындар арқылы оқушылар өзара пікірлесіп, белсенді тілдік қарым-қатынасқа түседі. «Тез тап» дидактикалық ойынында оқушылар кезекпен сөз айтып жарысады. Ойынның шарты: Алдыңғы айтылған сөздің соңғы дыбынан келесі оқушы жаңа сөз ойлап табуға тиіс. Мысалы, қалам – мысық – қасық – қағаз – зәру – уәде – еден т.с.с. сөздерді айтуға жарысады. Мұндай әдіс оқушылардың тілін дамытып, лексикалық тіл байлығын жетілдіреді. «Сөз жарысында» оқушылар өтілген әріп бойынша неғұрлым көп сөз табуға тырысады. «Сөз жарысы» әдісі оқушылардың эвристикалық ойлау қабілеттерін шыңдап, тез шешім қабылдауға үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. *«Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»*. //Егемен Қазақстан. 17. 01.2014.

2 Байтұрсынов А. *Тіл тағылымы*. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

3 Жұмабаев М. *Педагогика*. -Алматы.: Ана тілі 1992.-160 б.

4 Аймауытов Ж. *Таңдамалы шығармалар жинағы*. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 302 б.

5 Ушинский К.Д. *Балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі таңдамалы пікірлері*. –М., 1951. 302 б.

6 Молдабек Қ., Кенжебекова Р.И., Ирметов У., Арымбаев Қ.А. *Бастауыш мектеп оқушыларына қазақ тілін қатысым әдісі арқылы оқытудың әдіснамасы*. Әлем баспаханасы, Шымкент, 2015.-140 б.

Ү.Р.РАХМЕТ¹
А.ТАЯУБАЕВА²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОЙЫН ӘДІСІНІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш мектептің ағылшын тілі сабағында оқушылардың құзыреттілігін дамытуда қолданылатын ойын әдістерінің тиімді жолдары жан-жақты талданып, ғылыми логикалық тұжырымдар жасалады. Сол сияқты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» идеясы мен дамыған 30 елдің қатарына кіруде «Тілдердің үш тұғырлығы» мәселесі туралы ой-пікірімен тікелей байланыста қаралған мақаладағы теориялық тұжырымдар бастауыш мектеп оқушыларын ерте бастан ағылшын тіліне баулудың бүгінгі таңда өзекті мәселе екенін дәлелдейді. Бастауыш мектептің ағылшын тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда ойындар арқылы балаларға жаңа сөздер, сөз тіркестерін үйретудегі ойын әдісінің педагогикалық маңыздылығы көрсетіліп, ағылшын тілін үйретудегі фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, орфографиялық және рольдік ойындар түрлеріне, оларды пайдаланудың әдістемелік мәселелеріне тоқталады. Сонымен қатар, мұғалімнің ойындарды қолданудағы оқушыларды топқа бөлу арқылы жүргізілетін жұмыстары, осы үдерістегі тыңдалым, оқылым, сөйлей білу және жазылым дағдылары мен іскерліктерінің қалыптастырылуы, әдістемелік жағдаяттары сөз болады.

Түйінді сөздер: үш тұғырлы тіл, көптілді оқыту, құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, қатысымдық құзыреттілік, полимәдениеттілік білім, грамматикалық ойындар, фонетикалық ойындар, лексикалық ойындар, орфографиялық ойындар, рольдік ойындар, жаңа технологиялар, танымдық мотивация.

Ү.Р.РАХМЕТ¹
А.ТАЯУБАЕВА²

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Яссави
(г.Туркестан, Казахстан)

ЭФФЕКТИВНЫЕ ПУТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИГРОВЫХ МЕТОДОВ В РАЗВИТИИ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

В статье всестороннее раскрываются эффективные пути применения игровых методов в развитии коммуникативной компетентности у учащихся начальной школы на уроках английского языка и приводятся научно-логические выводы.

Также в соответствии с идеей Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева «Мәңгілік ел» и о роли и значении введения «трехязычия» для ввода страны в состав 30-ти развитых стран», авторы обосновывают теоретическими выводами актуальность раннего привлечения учащихся начальной школы к усвоению английского языка.

Акцентируется внимание на педагогической значимости применения игровых методов в изучении новых слов и словосочетаний для развития коммуникативной компетентности на уроках английского языка начальной школы, на видах игр, таких как фонетических, грамматических, лексических, орфографических и ролевых по усвоению английского языка, а также на вопросах методики их применения.

Вместе с тем, в статье указаны групповые виды работ по применению игровых методов, виды формирования умений и навыков по слушанию, чтению, произношению и правописанию.

Ключевые слова: триединство языков, полиязычное образование, компетенция, коммуникативная компетенция, поликультурное знание, грамматические игры, фонетические игры, лексические игры, орфографические игры, ролевые игры, новые технологии, познавательная мотивация

U.R.RAKHMET¹

А.ТАЯУБАЕВА²

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

EFFECTIVE WAYS OF APPLICATION OF GAME METHODS IN DEVELOPMENT OF COMMUNICATIVE COMPETENCE IN STUDENTS OF ELEMENTARY SCHOOL ON LESSONS OF ENGLISH LANGUAGE

Abstract

In this article opens all sides and given logical conclusions on the theme formation of the communicative competence at the English lesson in junior classes, about the effective using ways of the play-game methods.

And here said about the ideas of the President of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbaev

“Forever Country” and about the meanings and the role of “three languages” and about the entrance into 30 developed countries the authors make theoretical conclusions about the actuality of the early teaching English Language in junior classes.

In the development of communicative competence at the English lessons there are great importance of using the ways of the play-game methods during the teaching new words and word combinations. In the article characterized kinds of the games such as phonetic, grammar, lexical, orthographic and play-games in studying the English language, methodical questions and its usage.

Besides, in the article are shown kinds of the work in groups on the using the play-game methods skill-habits in listening, reading, pronunciation and writing.

Keywords: triune languages, multilingual education, competence, communicative competence, multicultural knowledge, grammar games, phonetic games, lexical games, spelling games, role games, new technologies, cognitive motivation.

Кіріспе. «Мәңгілік Қазақстан» жобасы – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен сынақ, оны мүлтіксіз орындап, сүрінбей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет» деп ашып көрсетті. ХХІ – ғасыр ешбір ел, оның ішінде біздің еліміз үшін де даму жолында жеңіл саяхат болмасы баршаға мәлім. Ел дамуының негізгі өзегі – экономикалық дамудың деңгейі бола бермек. Оған мысал, қазіргі жаһандық дамудың үлгі-көрінісі болып отырған, құрамына 34 ел кіретін «Экономикалық ынтымақтастық пен даму» ұйымы дүние жүзілік жалпы ішкі өнімнің 60 пайызынан астамын өндіріп отыр. Сондықтан да көптеген елдер жоғарыдағы елдердің санатына кіруге аса мүдделі. Олар – Бразилия, Қытай, Индия, Индонезия, Ресей, ОАР. Мінекей, біздің Елбасымыздың да алдағы қойып отырған ауқымды міндеті мен ұзақ мерзімді мақсаты сол елдердің қатарынан көрініп, халқының өмір сүру сапасын барынша жоғары көтеру болып табылады.

Елімізді дамыту тұрғысында білім беру жүйесінде бірталай іс-шаралар жүзеге асуда. Оның мақсаты – елдің біліктілігін арттыру, сол арқылы елді дамыту. Білім беру жүйесінде ақпараттық және инновациялық технологияларды көтеру шаралары іске асуда. Солардың қатарында тіл мәселесі де бар. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес елдегі беделді тілдің үшінші түрі – халықаралық қатынастағы ағылшын тілі болып саналады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2008 жылғы 29-мамырда бір топ бұқаралық ақпарат құралдары басшыларымен кездесуінде «Тілдердің үш тұғырлығы» мәселесіне байланысты ағылшын тіліне деген өзінің ой пікірін төмендегі сөзімен дәлелдеп берді. Ағылшын тілі – ХХІ ғасырдың тілі. Бұл тіл қазақты дүниеге танытатын, әлемдік деңгейге шығаратын тіл.

Ал, әлемдік тіл ретінде бейресми түрде орныққан ағылшын тілін меңгеру ұлттың бәсекеге қабілеттілігін шыңдай түседі. Ағылшын тілін біздің халқымыздың жаппай меңгеруі сол тілде жасалған, жасалатын шексіз байлықты аудару жөніндегі машақаттан, артық шығыннан құтқарады. Демек, балаларымыздың ағылшын тілін білуі – уақыт талабы. [2].

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеру адамның жеке және кәсіби қызметінің қазіргі қоғамның ажырамас компоненті болып отыр. Осының өзі үлкен көлемде адамдардың практикалық және кәсіби тұрғыда көп тілді меңгеру қажеттілігін тудыруда.

Ағылшын тіліне ерте жастан оқыту жақсы әрі еркін меңгеруге ғана емес, сонымен бірге адамның интеллектуалдық, тәрбиелілік және рухани потенциалын жақсартатынын бүгінгі таңда түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Көпжылдық зерттеу көрсеткендей, ағылшын тіліне ерте жастан оқыту балалардың жалпы және тілдік дамуын реттейді, бастауыш мектепте тәрбиенің жалпыбілімдік құндылығын көтереді, балаларды өзге ұлт мәдениетін білуге үйретеді.

Бүгінде еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын абыройлы көрсеткіштермен аттап, дамыған елдің қатарына қосылуға бет бұрғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сондықтан ақпараттық және

коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, бүгінгі таңда полимәдениеттілік білімнің базалық құзыреттілігі ретінде танылып отыр.

Елбасы жолдауында кез-келген орта білім беретін мектеп балаларының ең жоғарғы деңгейдегі шет тілін оқып үйренуіне жағдай жасайтындай дәрежеге қол жеткізуіміз керек делінген. Сонымен қатар, жоғарыда аталған бүгінгі күннің кезек күттірмес өзекті мәселелерін алға қойып және қазір орта мектептерде білім алып жатқан оқушылардың барлығына тілдесу мүмкіндігі беріліп отырғанын ескере отырып, біз осы зерттеу жұмысымызда педагогикалық көкейкесті мәселелерінің бірі - оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыруды қарастырдық; олардың оқып-үйреніп жатқан тілін жақсы меңгергендігі, сол тілде өз ойын сыртқа шығарып, өзгелермен бөлісе алатын қабілеттілігі сөйлеу дағдысынан анық көрініс табады деген ойдамыз.

Бастауыш мектеп оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыру әдіс-тәсілдерін сөз етуден бұрын, «коммуникативтік компетенция» немесе «құзыреттілік» терминдерінің қандай мағынаны беретінін, бастауыш мектепте ағылшын тілін оқытуда әдіс-тәсілдерді қалай қолдануға болатыны жөнінде айта кеткен жөн.

Құзыреттілік – лингводидактикада кейінгі жылдарда ғана сөз болып жатқан мәселе. Әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде бұл терминді тілді оқытуда оқушыларға тілдің заңдылықтарын жаттанды үйретпей, сол тілді тілдік қатынаста, өмірде, кәсіпорындарда тілдік және қатысымдық тәсілдерді орынды қолданумен байланыстырады.

Бастауыш мектеп «Ағылшын тілі» сабағында оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі – тілдің қатысымдық және когнитивтік салаларының өзара ортақ бағыттары мен ұстанымдарынан туындаған жаңа бағыт. Бұл бағыт бойынша оқушылардың тілді оқуда сөз мағынасын қабылдауда, пайымдауда, түсінуде танымдық ерекшеліктерін ескеру, олардың түрлі өмірлік жағдаяттарда, сабақта өз ойын, пікірін жеткізу, қатысымдық міндеттерді шешу, қатысымдық мақсатты іске асыруда тілдің заңдылықтары мен нормаларын орынды пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру мәселелері алдыңғы орынға шығады.

Зерттеу әдістері. Бастауыш мектептің ағылшын тілі сабағында оқушылардың құзыреттілігін дамытуда қолданылатын ойын әдісінің тиімді жолдарын зерттеу барысында кез келген педагогикалық құбылыстарды зерттеуде қолданылатын ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістері пайдаланылды. Зерттеу міндеттерін шешуде бір-бірімен өзара тығыз байланысты, бірін-бірі толықтырып отыратын төмендегідей кешенді әдістер пайдаланылды:

- бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде, ондағы ағылшын тілі сабағында оқушылардың құзыреттілігін дамытуда қолданылатын ойын әдісінің тиімді жолдары туралы ғылыми-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерге талдау жасау;
- бастауыш мектептің ағылшын тілі сабағында оқушылардың құзыреттілігін дамытуда қолданылатын ойын әдістерінің тиімді жолдарын анықтауда эмпирикалық материалдар жинауға көмек беретін әдістер: педагогикалық бақылау, әңгімелесу, диагностикалық әдістер, сауалнама және интервью жүргізу, озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және қорыту;
- кесінді әдісі, бастауыш мектеп құжаттарын зерттеу және талдау;
- оқушылардың жазба жұмыстарына салыстырмалы талдау жасау;

- бастауыш мектептің ағылшын тілі сабағында оқушылардың құзыреттілігін дамытуда қолданылатын ойын әдістері бойынша жинақталған материалдарды қорыту.

Зерттеу нәтижелері. Оқыту үдерісінде оқушылардың құзыреттілігін қалыптастыру амал-тәсілдері мен ұстанымдары жөнінде пікірлер мен құнды тұжырымдар Ф.Ш.Оразбаева, Е.И.Пассов, Т.А.Печенцова, Д.И. Изаренков, Л.В.Фарисенкова, В.Г.Костомаров, М.Н.Вятютнев, Н.И.Формановская, А.А.Чингизова, Г.К.Селевко және т.б. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

Әдістеме ғылымында бүгінгі күнге дейін бір ізге түспей жүрген мәселе: оқушылардың құзыреттілігіне не жатады, оның қандай өзіндік ерекшеліктері бар дегенде ғалымдардың пікірлерінде қайшылықтар кездеседі.

Э.Г.Азимов және А.Н.Щукиннің «Словарь методических терминов» атты еңбегінде «қатысымдық құзыреттілік - оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, өндірістік және мәдени өмірде коммуникативті міндеттерді шет тілі арқылы шеше білу қабілеттілігі, қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушы-лардың тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы», - дей келе, оқушының сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе реалдық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, оның қатысымдық құзыреттілігі қалыптасқан деп тұжырымдайды [127,70-75].

М.Н.Вятютнев тілдік қарым – қатынаста оқушылардың тілді қолдана білу қабілетін коммуникативті құзыреттілік деп таниды [123,81-89].

Д.И.Изаренков қатысымдық құзыреттілікке оқушылардың бір немесе бір-неше тілдесім әрекеттеріне түсу қабілеттерін, осы қарым-қатынаста қатысымдық міндеттерді шешуде оқушылардың ерекше қабілетін атайды [120,55-59].

Қатысымдық құзыреттілігі қалыптасқан оқушы екінші адаммен, сыныптасымен белгілі бір ақпаратты жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар екінші адамға немесе ортаға өз ойын түсіндіреді, олардың пікірін ұғады. Оқушының екінші адамға өз ойын ұғындыруы, онымен түсінісуі оның әлеуметтенуіне, өзін қоғамның мүшесі ретінде сезінуіне әкеледі. Сондықтан да бұл терминнің мән-мағынасына түсініктеме бергенде, ең алдымен қатысымдық құзыреттілік өз пікірін дәлелдейтін, тілдік қарым-қатынаста айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, және тілдесім үдерістерін жүзеге асыратын, өзіндік пікірі бар жеке тұлғаның бойында қалыптасатын қабілет екендігіне назар аударған жөн.

Бастауыш сынып барлық білімнің қалануының негізі. Бастауыш сынып оқушыларына нені үйретсең соны санасына сіңіретін нағыз қабылдау жасында болғандықтан, мейлі қандай тіл болмасын өте тез игеріп алуға болады. Балдырғандарымыз тіл жағындағы нық басса, алдағы болашақта нұрлы жолға қадам тастауына негіз қаланар еді. Бастауыш сынып оқушыларының тілі толық дамып жетілмегендіктен әрине, ағылшын тілі басында қиынырақ сезілгенімен, соңына келе біртіндеп қалыптасып, жаттық әрі әдемі ағылшын тілін сөйлеуіне болады. Бастауыш сынып оқушылары ауыр сабақ жүгін алып жүре алмайтындықтан біз балаларды ағылшын тілінен жалықпауы үшін көбінесе жаңаша үйрету тәсілдерімен тәрбиелеуіміз қажет.

Талқылау. Мектептерімізде бірінші сыныптан ағылшын тілі оқытыла бастады. Ағылшын тілін ерте жастан оқытудың мақсаты-оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алу негіздерін меңгеруі болып табылады.

5-6 жастағы балалардың негізгі іс-әрекеті ойнау іс-әрекеті болып табылады, сондықтан ағылшын тілін үйрету үшін мұғалім осы факторды ескере отырып әртүрлі ойындарды пайдалану керек. Ойындар арқылы мұғалім балаларға жаңа сөздерді,сөз

тіркестерін үйрете алады. 7-9 жастағы балалар да ойнағанды ұнатады, бірақ оларды ағылшын тіліне оқыту үшін тек ойындарды ғана емес, әртүрлі тапсырмалар, жаттығуларды да орындатқызу керек. Ойын арқылы балалар ағылшын тілінде жеңіл қарым-қатынас жасай алады және ойын кезінде оқушылар шаршағандарын сезбей, әсерлене, қызыға отырып ағылшын тілін тез үйренеді. Егер мұғалім ойынды тек балаларды көңілдендіруге, дем алдыру үшін ойнатса, одан ешқандай пайда жоқ. Ойын белгілі бір білім беруді мақсат етіп, ойналған кезде ғана нәтижелі болады.

Ойын дегеніміз:

1. іс-әрекет (тілдік)
2. зорлықтың, қыстаушылықтың жоқтығы
3. жеке адамға ғана тән іс-әрекет
4. коллектив арқылы тәрбиелеу және білім беру
5. баланың психикасын, ой-өрісін дамыту
6. қызықтыра отырып үйрету

Ағылшын тілінде лото, карта, домино, жұмбақтар, кроссвордтар, байқаулар түрінде де, лингвистикалық ойындар, қолғап ойыншықтар, жануарлар, көкөністер т.б. түрінде де ойналады. Ағылшын тілін үйрету ойынының мынадай түрлері бар:

1. грамматикалық ойындар
2. фонетикалық ойындар
3. лексикалық ойындар
4. орфографиялық ойындар
5. рольдік ойындар

Ағылшын тілі сабағының әр кезеңінде ойын элементтерін пайдалануға болады. Мысалы: сабақтың басында ұйымдастыру бөлімі кезінде алынатын фонетикалық рифмовка алған кезде, ал кәне кім мына өлеңді бірінші жаттап алып, маған айтып берер екен деп жарыс ойынын ұйымдастырса және эстафета таяқшасын дайындап алып барып, оны алда отырған оқушыға берсе, ал оқушы өлеңді айтып болып, келесі оқушыға берсе, балалар жарыса отырып өлеңді қалай жаттап алғандарын байқамай да қалады.

Фонетикалық ойындарды сабақтан бес-алты минут жарыс түрінде өткізуге болады.

А) мұғалім оқушыларды топқа бөліп, ағылшынша сөз айтады. Сол айтылған 4 сөздің әшәнде біреуі қалған 3сөзден жазылуы басқаша. Жазылуы басқаша сөзді тапқан топ жеңеді. Мысалы:

Man-man-men-man
Bad-bed-bad-bad
Ship-sheep-ship-ship
Live-leave-live-live

Ә) Сабақ барысында өтіп кеткен қандай да бір дыбыс бойынша ойын жүргізуге болады. Мысалы [æ] дыбысына. Мұғалім әр топқа кезек-кезекпен осы дыбыс бар сөздерді айтқызады. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңеді.

That, back, hand, map, cap, glad, to have, man.

Б) Мысалы сыныптағы бір оқушы (Айжан) тақтаға шығады. Айжан оқушы балаларға карамай теріс карап тұрады. Мұғалім қолымен партада отырған Айдананы көрсетеді.

Айдана “Good morning, Aijan!” дейді. Егер де Айжан Айдананың даусын таныса “Good morning, Aidana!” деп жауап береді. Содан тақтаға Айдана шығып ойын жалғаса береді.

Сөйлеуге дағдыландыру ойындары:

А) Тақта жанында 2 орындық тұрады. Біруінде “дұрыс”, ал екіншісінде “қате” деген жазулар тұрады. Мұғалім “The weather is fine!” дейді. Бірақ бұл кезде далада боран. Мұғалім бір баланың атын айтады. Аты аталған бала “қате” деген жазуы бар орындыққа отырады да “The weather is bad”-деп қатені дұрыстайды. Бұл ойынды да топ арқылы жарыстыруға болады. Қай топ аз қате жіберсе сол топ өздеріне ұпай жинайды. Жазба жұмысындағы ойындар.

А) мұғалім тақтаға қандай да бір сөз жазып қояды. Мысалы: Schoolchildren. Осы жазылған сөздерден оқушылар жаңа сөздер құрастырып шығарып керек. Шығатын сөздер мыналар (he, she, side, shoe, son, nose, ill, red, doll, line, child, school) т.б. Қай топ көп сөз жинаса, сол топ жеңеді.

Ә) Мұғалім оқушыларды топқа бөледі де, бірінші топқа black деген сөз айтады.

1-топ black сөзін аударады. 2-топ сөздің антонимін табады. Black-white. 1-топ black сөзіне сөйлем құру тапсырмасын орындайды. Мысалы: black cat. Келесі топқа мұғалім тағы да бір сөз айтып оны аударып ары қарай ойын жалғасады.

Б) Бір оқушы ағылшынша бір сөз айтады. Келесі оқушы сол айтылған сөздің екінші әрпінен басталатын сөз айтуы керек. Қай бала сөз құрай алмаса сол бала ойыннан шығады.

В) Тақтада 2 қатарда сөздер жазылған. Ол сөздердің арасынан әріптер түсіп қалған. Екі топ арасынан бір-бір оқушы шығып белгі берілген уақытта қолдарына бор алып, түсіп қалған әріпті жазу керек. Әріпті жазғаннан кейін қолындағы борды келесі оқушыға беру керек. Тапсырманы тез, дұрыс орындаған топ жеңімпаз атанады.

Сонымен қоса оқушылардың күнбе-күн алып жүрген жаңа сөздеріне сөзжұмбақ құратуға болады. Немесе мұғалім өзі дайындап келіп оқушыларға шешкізеді. Немесе оны грамматикалық тақырыпта, мысалы етістіктерге, сын есімдерге құрайды. Көрнекілік ойынға балық аулау ойыннан пайдалануға болады. Көк түспен боялған қағаз беті көл ретінде пайдаланылады. Әр балықтың астында тапсырма болады. Магнитті жіп арқылы қаламға байлап қармақ жасаймыз. Аулаған балықтың астындағы тапсырманы шешкен оқушы жеңімпаз атанады.

Сабақ процесінде ойын пайдаланылған кезде баланың миында Не істеймін? Қалай айтам? Қалай жеңем? деген сұрақтар тұрады. Ағылшын тілін нашар білетін бала ойын басқалармен бірдей үйретіліп жатқан тілде сөйлеп, мен де басқалармен бірдей екенмін ғой, мен де біледі екем деген ойда болады. Психологтардың айтуы бойынша бастауыш сыныптардың балалары ойын іс-әрекетінен оқу іс-әрекетіне көшеді. Дегенмен, ойынның маңызы бұл жаста мол. 6-7 жастағы балалардың қызығушылығы мол, жаңа тақырыпты қабылдағанда әдемі, қызықты заттарға назар аударады, бірақ олардың назары тұрақсыз болып келеді. Балалар 2-3 минуттан астам әңгімесін тыңдай алмайды, сондықтан сабақ түсіндіргенде сұрақ-жауап тәсілін қолданған жөн. Бастауыш сынып оқушылары ұзақ отыра алмайды, тез шаршағыш болады, сондықтан 10-15 минут сайын ойындар, қимыл іс-әрекет жаттығулар өткізген жөн. Белгілі бір сөйлеу үлгілерін бекіту үшін ойыншықтар, құрылыс құралдарын қолдануға болады. Ойыннан оқу іс-әрекетіне көшу үшін ойыншықтардан суреттеуге көшуге болады. Әдетте 6-7 жастағы балалар жалпы жасалған нұсқауларды қабылдамайды, сондықтан тапсырма беру үшін әр балаға жеке ескерту жасаған жөн. Бастауыш сынып оқушыларын ағылшын тіліне үйретуге арналған бағдарлама бар. Осы бағдарлама бойынша шетел тіліне оқытудың мақсаттары: белгілі бір шетел тілі бойынша оңай біліктіліктерге үйрету, яғни қарапайым әңгімені түсінуге үйрету және шет тілінде сөйлеуге үйрету болып

табылады. Бағдарламада Отан, отбасы, сандар, түстер, көкөністер, тағамдар, жануарлар тақырыбында материалдар енгізілген. Қойылған мақсаттарға жету үшін мұғалім 6-7 жасар балалардың психологиялық ерекшеліктерін білуі. Бұл жастағы балалар шет тілін үйренуге икемделген: олар қысқа тіл материалын оңай жаттап алып, оны айтып бере алады, бірақ бала өскен сайын бұл қабілеттерді жоғалта бастайды. Бастауыш сынып оқушыларына ағылшын тілін үйреткенде басты төрт дағдыны үйретеміз. Олар: тыңдалым, оқылым, сөйлем және жазылым. Бірінші сыныпта осы төрт дағдыны қалыптастыру сақталған. Оқытуда жаңа технологияларды қолданып, мысалы әндерді бірге орындауға, мәтіндерді тыңдатуға т.б. қолданылса, көзбен көріп үйренген есте көп сақталады.

Қорытынды. Бастауыш мектепте ойын әдістерін қолданудың ғылыми – әдістемелік негіздерін айқындау оқушылардың пәнге қызығушылығы мен оқу – танымдық мотивацияларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Тілді оқыту үдерісінде ойын технологиясы арқылы қатысымдық құзыреттілігін дамытудың мақсаты – оқушыны: біріншіден, ағылшын тілінен игерген білімдерін күнделікті өмірде іс жүзінде қолдана алуға; екіншіден, өз пікірі, көзқарасы бар жеке тұлға болып қалыптасуына; үшіншіден, ұлтымыздың тарихы, әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін, тілін құрметтеуге, бағалауға; төртіншіден, тілдік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, ағылшын тілде сөйлеу нормаларын сақтауға дағдыландыру.

Қазаргі таңда біздің алға қойған мақсатымыз егеменді еліміздің болашағы үшін, тәуелсіздігіміздің баянды болуына, қазақ халқын, яғни мемлекетіміздің дамушы мемлекеттер қатарына қосу үшін аянбай еңбек ету. «Тәрбие басы бесіктен» демекші, егер біз мектептегі тәрбие мен білім беру үрдісін дұрыс және тиімді, ұтымды ұйымдастырсақ, тәуелсіз, егемен іліміздің болашағының жарқын әрі жарық болғаны. Елбасымыздың төмендегідей ыстық қанатты сөздерімен тәмамдағым келеді. «Қазақстан 2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол. Осы жолдан айнымайық, сүйікті халқым! Әр бір күніміз мерекелі, әр бір ісіміз берекелі болсын! Дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын! Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін Елдігіміз Мәңгілік!»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы // Егемен Қазақстан, 26 желтоқсан 2003ж. - 83б.*
2. <http://www.akorda.kz/>. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007.*
3. *Рогова В.М., Языкова Н.В., Верещагина И.Н. Методика обучения английскому языку. 1-4 классы. – М: Просвещение, 2008.- 223 с.*
4. *Л.В.Щерба. Языковая система и речевая деятельность. - Изд. 2-е. М.: 1979.-107с.*
5. *Балақаев М., Серғалиев М. Ағылшын тілінің мәдениеті: Оқулық ./М.Балақаев., М.Серғалиев. - Алматы: ЗиятПресс, 2004. - 140 б.*
6. *Қаржаубаев А. Ойын-тиімді тәсіл//Бастауыш мектеп. -1992. №5-621-246.*
7. *Қоянбаева С., Ойын мақсатын талдау және ойын мәні//Қазақстан мектебі. -2001. - №1-2. – 45-48б.*
8. *Рамазанова В.Б. Методика использования игровых технологий в обучение английскому языку учащихся начальных классов. –М, 2007. -172 с.*

9. *Ағылшын тілі сабағында білім сапасын арттыруда жаңа технологиялық әдістерді тиімді*

пайдалану. Мектептегі шет тілі №2, 2011. – 11-19 б.

Ж.Н.САДУОВА¹
А.О.ЕСЕНҚҰЛОВА²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ҰЖЫМДАҒЫ ДАУ-ДАМАЙ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Психологиялық тұрғыдан алғанда дау-дамай (конфликт) адамдардың санасындағы, қатынастарындағы жағымсыз сезімдермен байланысты қарама - қарсы бағыттардың тоғысуы. Дау-дамайлық қатынастар мен әрекеттердің негізінде бір-бірімен сәйкес емес, бір мезгілде жүзеге аса алмайтын қызығушылықтар, қажеттіліктер, құндылықтар жатады. Дау-дамайдың түрлері: тұлғаишндік адам (өзімен-өзі келіспейді), тұлғааралық (екі адам арасында), топаралық (екі топ арасында), тік (бастық пен қызметкер арасында), көлденең (әріптестер арасында). Субъективті себептерді былай қойып, объективті қайшылық болған кезде де дау-дамайға қатысушылардың психологиялық хал-ахуалы төмендейді, жағымсыз сезімдері туады. Дау-дамайдың психологиялық құрылымын екі ұғым: "дау-дамай жағдаяты" және "инцидент" арқылы түсінуге болады. Дау-дамай жағдаяты дау-дамайдың нақтылы негізі, екі жақтың қызығушылығы мен қажеттілігі арасындағы нақтылы қайшылық. Бұл әлі дау-дамайдың өзі емес, нақтылы болмыстағы қайшылықты ұзаққа дейін бірлескен әрекетке қатысушылар саналы түрде қабылдамай жүре береді. Дау-дамайдың психологиялық құрылымын екі ұғым: "дау-дамай жағдаяты" және "инцидент" арқылы түсінуге болады. Дау-дамай жағдаяты дау-дамайдың нақтылы негізі, екі жақтың қызығушылығы мен қажеттілігі арасындағы нақтылы қайшылық. Бұл әлі дау-дамайдың өзі емес, нақтылы болмыстағы қайшылықты ұзаққа дейін бірлескен әрекетке қатысушылар саналы түрде қабылдамай жүре береді.

Түйін сөздер: дау-дамай, ұжым, мекеме, қарым-қатынас, ашу-ыза, талас-тартыс.

Ж.Н.САДУОВА¹
А.О.ЕСЕНҚҰЛОВА²

¹Международный казахско-турецкий университет им.Х.А.Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

ПУТИ РЕШЕНИЙ ПРОБЛЕМ КОНФЛИКТОВ В КОЛЛЕКТИВЕ

Аннотация

Конфликт-это столкновение противоположных направлений, связанные неприятными чувствами в отношениях, в сознании людей могут с точки зрения психологии, на основе конфликтных отношений и действий не соответствующих друге другом, относящихся к заинтересованности необходимости, ценности не претворяемые в жизнь в одно время.

Виды конфликтов: (несогласованные с самим внутри- личностные), (между двумя людьми), (между двумя группами), (межличностные, групповые, горизонтальные (начальник и служащий) и вертикальные, (среди коллег). Исключая субъективные причины, в виду объективных противоречий у участников конфликта понижается психологическое состояние, чувство неприязни. Два понятия составляют структуру психологи: «условия конфликта» и инцидент. Условия конфликта являются основой конкретного конфликта, между двусторонними заинтересованными необходимыми бывают конкретные противодействия. Это не сам конфликт, в конкретной действительности длительные противодействия не принимаются участниками конфликта в объединенных действиях.

Ключевые слова: конфликт, коллектив, организация, отношения, чувство гнева, споры.

J.N.SADUOVA¹
A.O.YESSENKULOVA²

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi
(Turkestan city, Kazakhstan)

WAYS TO SOLVE THE PROBLEM OF CONFLICTS IN THE TEAM

Abstract

Collision of opposing directions of related unpleasant feelings in rotationships, people's consciousness in terms of psychology, on the basis of conflicting attitudes and actions do not correspond to each other, concerns interested, need for, values are not at stake in life an one time. Types of conflicts: intrapersonal, group, horizontal and vertical. In view of the objective contradictions of the participants conflicts. The psychological state of feelings of dislike is lowered. Two concepts make up the structure the terms of the conflict and the incident. It's not the itself conflict.

In a concrete reality, long-term counteraction is not accepted to the participants in the conflict in the united actions.

Key words: conflict, collective, organization, relations, fillings of anger dispute.

Кіріспе. Еңбек ұжымы мен мекеме қызметкерлері арасындағы талас-тартыстар мен дау-дамай кездесетіні белгілі. Кез-келген ұжым мен мекемеде, өндіріс орындарында түрлі себептерге байланысты талас-тартыстар мен дау-дамай болып отыратындығы мәлім. Бұл мәселені психология ғылымы адамдар мен көпшілік арасындағы қарым-қатынаста психологиялық, ахуалдың жағымсыз көріністері деп санап, оны өз алдына бөліп қарастырады [1].

Өндіріс орындарында ұжымдар ішінде туындап отыратын талас-тартысты, дау-дамайлы мәселелер негізінен жеке адамдардың мақсат-мүдделерінің көзқарастары мен қалыпты жағдайлардың өзгеруіне, олардың жеке бастарының мінез-құлық ерекшеліктерінің қанағаттанбау сезімінің салдарынан туындап жатады. Ал дау-дамайлы ұжымдарда олардың іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыра алмай іскерлік қасиеттерінің тоқырап қалуына әкеп соқтырады. Сөйтіп талас-тартыстың шығуы негізінен тоқырап қалуға қарсы күрес жүргізуге байлынысты екенін аңғартады. Дау-дамай әсіресе жеке

адамдардың өзара жалпы тіл тауып, түсінісе алмау салдарынан шығады. Өйткені әрбір адамның даралық ерекшеліктері, көзқарастары мен өмір тәжірибесі түрліше. Сондай-ақ, дау-дамай әрбір адамның өзгелерден тәуелсіз өзіндік мінез-құлқына орай бостандықты қалауы деп те түсінуіміз керек. Дегенмен, дау-дамайлардың жағымсыз, ұнамсыз жақтарымен бірге, пайдалы да ұнамды сипаттары болатынын атап айтуға тиіспіз.

Жеке адамдар мен ұжым ішіндегі талас-тартысты мәселелерді дер кезінде шешіп отыру әрбір істің алдағы кезеңдерде тиісті нәтижелер беріп, олар өмір тіршілігінде барынша пайдалы екендігін атап айтқан жөн.

Зерттеу әдісі: Дау-дамайлы мәселелердің мән-жайын бағдарлап, оларды шешіп отыру, ең алдымен, жеке адамдар арасындағы, өзара түсіністікті орнықтыратын болса, ал ұжым атқаратын іс-әрекеттердің онан әрі қарай жемісті жүргізілуіне де себепші болмақ. Сөйтіп адамдар арасындағы қарым-қатынас орнататын факторға айналады.

Екіншіден, дау-дамайлы мәселелердің туындау себептері анықталып, оларды болдырмаудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдері белгіленеді.

Үшіншіден, бұрынғы кикілжіңді қарым-қатынастардан бас тартып, енді өзгеше де тиімді қатынас орнату'дың амал-тәсілдері қарастырылады.

Төртіншіден, топтар мен ұжымды жаңа жағдайларға бейімдеп қарым-қатынас орнатудың әдістері негізінде адамдардың бойында бұрыннан орын алған ашу-ызасы мен кекті пікірлерін ұмытып, нақты істерді атқаруға бағдарлайды.

Бесіншіден, әрбір адамның өз бойындағы қадір-қасиеті мен қабілетінің сипаттарын ашып көрсетіп, оның кісілік ерекшеліктерінің беті ашылып, бойындағы күш-қуаты мен ақыл-ойының дамуына кеңінен жол ашылады. Осы орайда дау-дамайлы қарым-қатынасты жеңген жағдайда адамдардың бойынан ауыр жүк түскендей сезімде болып, күнделікті өмір мен тіршіліктен қаңағаттанарлық ләззат алады, ал талас-тартыс одан әрі жалғаса беретін болса, онда адамдардың жемісті еңбек етуге кедергі келтіріп көңіл күйін жабыранқы етеді. Сондықтан адам өз өмірінде, қалайда пайдасыз талас-тартыс туғызатын жәйттерден бойын сақтай білгені барынша пайдалы болмақ[2].

Дау-дамайлы мәселелердің туындап, адамдар арасындағы іскерлік қатынас орнатуға кедергі жасайтын әр түрлі себептердің бар екендігі жасырын жәйт емес. Сондай жәйттердің бірнеше түрлері бар. Оның, бірі-өндіріс орындарындағы бастықтар мен жұмыскерлер арасындағы жоғары-төменді даулы мәселелер болса, ал жұмыскерлер мен қызметкерлердің өзара қарым-қатынастарындағы талас-тартыстардың туындап отыруы. Мұндай талас-тартыстардың, туындауы бір жағынан ар алуан іс-әрекеттер мен қызмет түрлерінің жөнге салынуына байланысты талап-тілектер болса, ал екінші жағынан өндіріс орны мен ұжым ішіндегі іс-әрекеттердің қалыпты жүргізілуіне кедергі жасайтын өсек-өтірік пен әр алуан алыпқашты пікірлерді таратумен байланысты. Істің жөні мен өнімділігін артыруға байланысты дау-дамайлар әдетте ұжымдағы байсалды түрде талас-тартысты мәселелерді көпшіліктің ашық түрде айтылатын сын мен өзара сын пікірлерін талқылау нәтижесінде шешілсе, ал өсек-аяң мен жеке бастық кикілжіңге тіректелетін талас-тартыстар ұжым ішінде іріткі тудыратын жағымсыз әрекеттер болып саналады.

Өндіріс орындары мен мекемелерде, ұжымдар мен жеке адамдар арасындағы дау-дамайдың туындауына көбінесе мынадай жәйттердің себеп болатынына көз жеткіземіз:

Ұжымдар мен адамдардың топтары арасындағы мақсат-мүдделердің сәйкессіздігі олар арасындағы алауыздық;

ұжым мен өндірістегі адамдарға қатысты ұйымдық құрылымның, атқаратын істерінің уақыт талабына сәйкессіздігі және жұмыс стилінің ескіруі;

ұжымдағы басқарушылар мен бағынушылар арасындағы үйлесіміз қарым-қатынас;
адамдардың міндетті істері және олардың құқының айқынсыздығы;
кейбір қызметкерлер мен жұмыскерлердің қатар атқаратын істерінің көптігі,
мақсат-міндетердің, айқынсыздығы;
кәсіптік іскерліктің, жетімсіздігі;
мамандықтың мардымсыздығы;
қызметкерлердің болашақ іс нәтижелеріне және қызмет бабында өсу жолына сенімсіздігі;

жетекшілер тарапынан қарамағындағы адамдарға немқұрайды көзқарасы мен кейбір қызметкерлерге қоятын орынсыз талаптар;

өзгелерге деген реніш-өкпесі мен қызғаншақтығы, күншіл пиғылы — мұның бәрі адамдарға қатысты психологиялық жәйттер екенін үнемі ескертіп отыруды қажет етеді[3].

Жетекші қызметкердің өз бойындағы қабілетін, мінез-құлқындағы ұнамды және ұнамсыз қылықтарын таразылап, қарамағындағы адамдарға істің жәйін ашық та, шынайы түрде айтып отыратын болса, оның ұжымдағы беделі артып, іскерлік әрекеті мен өзгелермен қарым-қатынасы нығая түсері даусыз.

Зерттеу нәтижесі: Жетекшілер мен бағынушылар және адамдардың арасында кездесіп отыратын талас-тартысты мәселелердің мән-жайына жете көңіл аударып, оларды дер кезінде шешіп отыру еңбек ұжымындағы қалыпты психологиялық ахуал орнатудың басты шарты болып саналады.

Мұндай жағдайда жетекші өзінің басшылық ісін мынадай ретпен жүзеге асыруды мақсат етеді:

— дау-дамай туғызған мәселе мен оның жағдайы. Бұл жәйтті анықтауда жетекші қызметкер болған оқиғаның себептерін, оның туындауы туралы қажетті мағлұматтарды толық білуі керек;

— сол дау-дамайлы мәселенің түйінін шешіп, оны болдырмаудың тиімді амал-тәсілдерін белгілейді;

— сондай-ақ адамдар арасындағы талас-тартысты мәселенің одан әрі қарай шиеленіспеуі үшін оны барынша қысқа мерзім ішінде шешуді қарастыру қажет;

— талас-тартысты топтардың арасында туған кикілжің мен дау-дамайлы мәселелер өршіп кетпеуін тоқтату үшін жанжалдасушы жақтардың мақсаттарын қанағаттандыруарлық тиімді жолдарын бірлесе отырып шешкен жемісті болары күмәнсіз және ол топтардың мақсаттарын да жүзеге асырудың адал-тәсілдерін іздестіру керек[4].

Басшылар мен жетекшілердің даулы мәселелерді шешуде олардың туындау себептері мен салдарын жан-жақты талдай отырып, объективті тұрғыдан шешіп отырудың, нәтижелері әлдеқайда тұрақты болатындығын өмір тәжірибесі көрсетіп отыр.

Дау-дамайлы мәселелерді шешуде мынадай факторларды үнемі ескеріп отырған пайдалы болмақ:

— талас-тартысты мәселенің туындау себептері мен оған қатысушы адамдар мен топтардың пікірлерін екі жағының да ашық-айқын түрде айтып ортаға салынуы және оны шешудің тиімді жолдарын белгілеу;

— талас-тартысқа қатысушылардың өзара біріне-бірі сенімділік білдіріп, істің мән-жайын анықтауға ықыласты болуы.

Дау-дамайлы мәселені әділ түрде шешудің тиімді жолдары. Әдетте біз даулы мәселенің түйінін, шешуде өзіміздің мақсат-мүддеміз бен іс-әрекетәмізді қарсыластарымыздың, көзқарасы тұрғысынан пайымдап түсінуге мән бере бермейміз.

Сондай ерекшеліктерге жататын түсінігіміздің бірі — біз өзіміздің қылығымыз бен мінезіміз жайында теріс көзқараста болып, қарсылас адамдардың зулымдығының құрбанына айналып отырмыз, біздің пікіріміз бен мақсатымыз дұрыс, шындық біздің жағымызда деген ойда боламыз да, ал біздің қарсыластарымыз даулы мәселені шешуге ықылас білдіріп отырған жоқ деп санап, қарсы жақтар өз көзқарастарын мақұлдаумен шектеледі де қарсыластарына жеккөрушілікпен қарайды. Сөйтіп қарсыластар арасындағы даулы мәселенің шешілуі онан әрі қарай шиеленісе түседі. Мұндай шиеліністің бұдан былайда күрделене беруі қарсылас жақтардың бірін-бірі дұшпан деп санап, өзара келісімге келе алмай ашу-ызаның қармағынан шыға алмауынан деп бағалаған дұрыс. Қарсыластар арасындағы бұл жәйт тек екі жақтың да көңіл күйі мен іс-әрекетін берекесіздікке дұшар етумен ғана шектелмей, жалпы ұжым ішіндегі қалыпты жағдайдың бұзылуына әкеп соқтыратын жағымсыз ахуалдың туындауына себепші болады.

Талқылау: Ұжым мен адамдар арасындағы талас-тартысты мәселенің байыпты шешілуіне себепші болатын тиімді тәсілдің бірі - адамдар арасындағы ашық-жарқын сөйлесіп өзара пікір алысу. Қарым-қатынас жасаудағы мұндай тәсілдің тиімді болуындағы бір жәйт-қарсыластар даулы мәселе жайында өз пікірлерін ашық айтып, көздеген мақсаттарын да білдіреді. Алайда қарсыластардың қарым-қатынасының бұл тәсілінде қалайда қарсы жақтарын кінәлап, олардың іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы кемшіліктерін бетіне басып көрсетіп, өз айтқандарының үстем болуын көздейді. Өздері тарапынан жіберілген кемшіліктер мен олқылықтарын ортаға салып, ашық талқылаудан қорғанады. Дау-дамайлы істің түйінін шешуде қарсы жақтардың мұндай айла-тәсілдері тиісті нәтижелерге жеткізуі қиын. Өйткені талас-тартысқа түскен жақтар әр қайсысы өз пікірін қостап, бірін-бірі зейін қоя тындамай, даулы мәселенің байыбына бара қоймайды. Психологиялық тұрғыдан даулы мәселені шешудегі бұл тәсілді — адамды сезім билеп, істің мән-жайын ақылға салып шешуден алыстайды деп санайды[5].

Адамды сезім билеп, әрбір істің, мән-жайына ой жүгіртпей оған атүсті қарайтын болсақ, даулы мәселені салқын қандылықпен шешу мүмкін емес. Дегенмен адамдар арасындағы қарым-қатынас орнатуда сезімдік күйдің қандай арнада көрінуіне орай пікір алысуда мынадай жәйттерді үнемі ескеріп отырудың пайдасы көп екенін ұмытпаған дұрыс.

— Дау-дамайлы мәселені шешуде мендегі көкейтесті мақсат не?

— Менің ой-пікірім мен көңіл күйімді қарсылас жағым қалай түсінеді? Оған нендей жауап береді?

— Егер қарсыласым менің сөзімді тыңдамай, айтқан ойыма мән бермейтін болса, онда мен нендей айла-тәсілдер қолданып, оның ой-пікірің ашық айтқызуыма болады?

— Қарсылас жақпен жалпы тіл тауып, онымен келісімге келетін болсам, мен алдағы кезде нендей нәтижелерге қол жеткізуім керек? деген жәйтердің мән-жайына баса көңіл аударуды талап етеді!

Сонымен қарсыластардың өзара тілдесіп, бірін-бірі түсінуі үшін мынадай пікір алысу жәйттеріне ерекше мән бергені нәтижелі болмақ:

— Қарсы жақтың айтқан сөздері мен іс-әрекетінен оның көздеген мүддесін дұрыс қабылдап, түпкі ойының мәнін ашық айту;

— өзінің ниеті мен тілегін ашық айтып білдіруі арқылы менің жай-күйімді қалайша пайымдай алатындырына көзін жетіп, оның, мінез-құлқының сырын атқарғандай болдым;

— менің әңгімелесуім нәтижесінде қарсыласымның кісілік қасиетін аңғарып, оның не себептен маған, менің жақтастарым жайында айтқан сын пікірлерін талдап, мұндай

жәйттердің нендей жағдайларға байланысты айтылатын себептерін анықтауға мүмкіндік болды;

— қарсыластармен пікір алысқанда олардың бізге жасаған алдамшы сөздерінің шынайы мәнін оның түрлі қимыл-қозғалысынан, бетқұбылыстарымен, дауыс ырғағынан анық аңғаруыма мүмкіндік болды. Сөйтіп, қарсыласымның әр алуан айла-тәсілдері мен кемсітуші ой-пікірлерінен оның маған деген көзқарасынан қалайда үстемдік етіп өзінің билік жүргізгісі келетінін аңғардым. Бірақ оның менің пікірімді құптап, екі жақтың істің мақсаты үшін келісімге келіп бірігіп тіршілік етуді қажет деп санамайтындығына көз жеткіздім. Бір сөзбен түйіндеп айтқанда, қарсыласым қалайда маған (біздерге) айтқанын істеуге көндіруді талап ететін ниетте екеніне түсіндім.

Күнделікті өмірде адамдардың өзара түсінісіп, бірлесе отырып қызмет атқаруы үшін олар біріне-бірі сенім артып, жұмыла іс атқаруы — ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал орнатуға тәуелді болып отыратындығы өмір тәжірибесінде дәлелденген жәйт. Осы тұрғыдан қалайда қарсыластардың өзара қарым-қатынасындағы ұнамсыз жәйттер кез келген істің алға басуы үшін аяққа тұсау саларлық кедергі екені кімге болса да жақсы атақ әпермейтіні мәлім. Өзара келісімге келіп жалпы тіл таба алмайтын адамдар бір ұжымда қызмет істегенімен межелі нәтижелерге қолы жетпейді. Өйткені қарсы жақтар бірінің-бірі кем-кетігін тез аңғарып, жеке адамдардың бойындағы олқылықтарын өздерінше теріс ниеттеп мақсатына пайдаланады. «Түймедей нәрсені түйедей етіп көрсетуге тырысады. Әрине, мұндай ұжымдағы қызметкерлер мен жұмыскерлер арасындағы кикілжің онан әрі шинелісіне түсіп, жалпы еңбек адамдарының ұнжырғасын түсіріп, енжарлық тудырады.

Кез келген даулы мәселе, талас-тартытты жәйтті біз психологиялық мәселе, соның ішінде әлеуметтік психологиядағы өзекті мәселенің бірі — адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау проблемасымен тығыз ұштастыра отырып қарастырамыз. Сондай-ақ бұл мәселені жалпы психология ғылымындағы адамның жеке басына тән жан дүниесінің қасиеттерімен мінез-құлқының айырым ерекшеліктері мен өзара ұштастыра отырып іздестіреміз.

Адамның әлеуметтік ортада өмір сүруі, әр алуан іс-әрекет түрлерімен шұғылдануы үнемі қоғамдағы өзге адамдармен тығыз қарым-қатынаста болып отыратындығын көрсетеді.

Дау-дамайдың шығу себебі неде?

Бұл мәселені жеңу үшін алдымен оның туындау себебін, ерекшеліктерін анықтап алу керек. Мұндай сипаттарға:

1) талас-тартыстың мәні; 2) оның туындау себептері; 3) дауда-майды шешу жолдары; 4) дау-дамайды бірлесе отырып жеңу тәсілдері; 5) ондай шараларды жүзеге асыру жолдары; 6) даулы мәселені шешудегі тиімді әдіс-тәсілдер.

1. Қай кезде және қандай ортада болса да дау-дамай мен талас-тартысты жәйттердің туындауы екі жақтың қатысуымен, олардың әрқайсысының өзіндік мақсат-міндеті болатыны мәлім. Осы тұрғыдан алғанда талас-тартыстың, айырмашылықтары мен ұқсасты ерекшеліктерін нақты анықтап біле қою белгісіз болып қала бермек.

Сондықтан бұл мәселенің мәнін айқындап білу үшін ең алдымен, осы даулы мәселеге мен қалай қараймын бұл даулы істің туындауына қарсыласымның қатысы қандай және бұл мәселе не себепті шиеленісе түсті? деген жәйттерді анықтап алу керек; екіншіден, менің қарсыласымның осы даулы мәселенің шығу себебін және оның шиеленісуіне тигізген әсері қандай? Үшіншіден, даулы істі шешуге екі жақтың ынтасы

мен құлқы қандай?; төртіншіден, біз қарсыласымызбен қандай мәселе жөнінде келісе алмай жүрміз?; бесіншіден, біз нендей мәселелер жөнінде қарсыласымызбен тіл табыса алар едік деген жәйттерге барынша мән беріп оларды ақыл ой елегінен өткізіп талдаған дұрыс болмақ.

2. Дау-дамайдың туындау себебі неде? Ертелі-кеш біздер өзара түсініскенімізбен адамдар арасында талас-тартыстын болып отыратыны шындық жәйт. Алайда, біз «Бәледен машайық қашыпты» деген мәтелді туғыр етіп тұтсақ, дау-дамайдан бойымызды аулақ ұстауға тырысып барамыз. Дегенмен, біздің қарсыласымыздың кейбір іс-әрекеттері қалайда өзара тіресіп қалуға дұшар етіп отырады. Сондықтан әрбір адам өз қарсыласының мінезіндегі жағымсыз іс-әрекеттерін дұрыс бағдарлап білу үшін: 1-ден, менің қарсыласыммен тіресе қалғанда мен не істеуім керек; 2-ден, осы таластын, туындауы неден деген жәйттерді анықтап алып білген тиімді болмақ.

3. Дау-дамайды шешудің мүмкіндігі бар ма? Бұл міндетті шешіп жүзеге асыруда: а) Мен осы дауды шешу үшін өз мүмкіншілігім бар ма? ә) Менің қарсыласым нендей әрекеттер жасай алады? б)біздің жалпы мақсатымыз не? деген сұрақтарға жауап іздеп, дұрыс шешімнің жолын іздестіру қажет болады.

4. Дау-дамайды бірлесе отырып шешу үшін қарсыластар жағы осы мәселенің соңы бізді неге әкеп тірейді? деген сауалға жауап іздеп: а) дауды шешудің нәтижесі қандай болмақ? ә) белгіленген істі жүзеге асыру үшін не істеу керек? б) біздердің қолданған айла-тәсілдерімізден нендей нәтижеге қол жеткіздік деген жәйттердің жай-жапсарын жете түсінетіндей болуы керек.

5. Белгіленген шараларды нақты және нәтижелі іске айналдыруды екі жақ бірдей қалайда бірлесе отырып дау-дамайды шешуге күш салады да, одан туындайтын нәтижелерге іштей қанағаттандық сезімін білдірді. Даулы мәселе шешімін табатын болса, істе өнімді болмақ. Осы орайда халқымыз «Бірлік түбі-тірлік, тірлік түбі-береке» дейтін мәтелді біздерге мұра етіп қалдырған.

6. Даулы мәселені шешуде қолданылған әдіс-тәсілдер тиісті нәтижелер беретін болса, ондағы қарсылардың жұмсаған ерік-жігері мен күш-қайратын басынан аяғына дейін талдай отырып, сәтті әрекетер мен олқылықтардың, бәрі ескеріліп, таразылап отырып қарастырылады да, оған тиісті бара беріледі.

Қорытынды: Әриіе осы айтылған жәйтердің бәрі даулы мәселені шешуден тұрақты өлшем, қасан, қағида деуге болмайды. Дегенмен адамдар арасындағы қарым-қатынас психологиясына қатысты дау-дамай мен талас-тартысты мәселелерді шешуде осы көзге дейінгі өмір тәжірибесінен жинақталған факторлар екені шындық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бэйли Рой. НЛБ-консультирование. –М.,:Изд. «КСП», 2000.-320 с.
2. Самойленко Е.С. Основные направления экспериментального исследования речи в ситуации общения./ Психологический журнал №4,1985 с. 153-158.
3. Бодалев А.А. Личность и общение. М., 1983. -272 с.
4. Михеева С.М. Психологическая совместимость и характер взаимодействия членов группы.- В сб.: Вопросы психологии познания людьми друг друга я общения. Краснодар,1978.кн.2, с. 135-143.
5. Ковалев С.В. НЛП человеческого совершенства. М., 2007

Ж.С.ШАЛАБАЕВА¹
А.М.СУГУРАЛИЕВА²

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП – БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ АЯСЫНДА ОҚУ ІС-ӘРКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада бастауыш мектеп – білім беру мазмұнын жаңарту мәнмәтінінде қазіргі қоғам мұғалімнен тек қана білім беру ғана емес, сондай-ақ оқушының жеке басына тән маңызды қасиеттерін дамытуды мақсат етеді. Білім басты мақсат болып табылмай, жеке тұлғаны дамытудың құралы, тәсілі болып табылатын жерде, білім берудің маңыздылығы оқушылардың әртүрлі жеке тұлғалық мінез-құлқына деген жауапты қарым-қатынасты дамытуды ұсынады. Білім беру жүйесінің реформасы жалпы білім беруді модернизациялаумен байланысты өз кезегінде: біркелкі білім кеңістігі және Қазақстанның білім беру жүйесінің еуропалық білім ортасымен ықпалдасуы тәрізді мәселелерді қарастырады. Мұндағы біркелкі білім кеңістігі ұғымын оның басты өлшемі бойынша түсіндіруге болады. Жалпы, әр мемлекеттің ұлттық білім жүйесінің өзіне тән моделі, сол елдің экономикалық дамуына, халқының тарихи тағылымына, мәдениеттің деңгейіне сәйкес жасалады. Білім беру кеңістігі әртүрлі деңгейлерде: мемлекеттіктен бастап өзінің бірінші элементі – білім беру мекемесі мен оның құрылымдық бөлімшелерінде қалыптасады. Білім беру жүйесіне мемлекеттің идеологиялық және экономикалық саясатында басымдылық беру, оны ұйымдық-құрылымдық жаңару, қаржылық, ғылыми-әдістемелік, материалдық, ақпараттық, технологиялық базасын нығайту, мамандармен қамтамасыз ету, құқықтық-нормативтік, әлеуметтік статусын көтеру, бүкіл қоғамдық қолдау жүйесін қалыптастыруды қарастырады.

Түйін сөздер: *Білім, жаңару, модел, тұлға, оқушы, өлшем, мемлекет.*

Ж.С.ШАЛАБАЕВА¹
А.М.СУГУРАЛИЕВА²

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

НАЧАЛЬНАЯ ШКОЛА – ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ УЧЕБНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РАМКАХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ.

Аннотация

В этой статье начальная школа это обновление содержания образования в контексте образования современного общества, не только учителей, а также развитие важных качеств, характерных для личности учащегося.

Образование не главная цель, а является средством и способом развития личности, где значимость личностного образования учащихся это развитие ответственного отношения поведения в общении.

В свою очередь, реформа системы образования связанная с модернизацией общего образования: рассматривает такие вопросы как, интеграция в европейское образовательное пространство системы образования Казахстана. Здесь, понятие образовательное пространство можно объяснить его главным критерием. Вообще, специфические модели национальной системы образования каждого государства составляются в соответствии с экономическим развитием страны, историей народа и с развитием уровня культуры. Образовательное пространство формируется на различных уровнях: первый элемент начинается с государства, образовательного учреждения и его структурных подразделений. Приоритет системы образования в идеологической и экономической политике государства это его организационно-структурное обновление, укрепление финансовой, научно-методической, материальной, информационной и технологической базы, кадровое обеспечение, повышение нормативно-правового и социального статуса, предусматривает формирование общественной поддержки всей системы.

Ключевые слова: образование, обновление, модель, личность, ученик, критерий, государство.

Zh.S.SHAIAVAEVA¹
A.M.SUGURALIEVA²

¹International Kazakh-Turkish University named by Khoja Ahmed Yassauy
(Turkestan, Kazakhstan)

THE PRIMARY SCHOOL ARE FEATURES OF SCHOOL ACTIVITY FORMING IN THE FRAME EDUCATION CONTENT UPDATE.

Abstract

In this article the primary school is an update of education content in the context of modern society education are not only teachers but also the development of the significant qualities which are characterizes for a student personality.

The education is not an important goal. It is a mean and a way of personality development where the importance of students` personality education is a development of responsible relation of behavior in the communication.

By the way the reform of educational system relating with the modernization of compulsory education deals with such issues as integration in the European educational area of Kazakhstan educational system Here the concept of educational area can explain its main criteria.

In general the specifical models of education national system of every state are based in accordance with the country economic development people history and the levels of culture The educational area s formed on the different levels: the first element begins with the state educational institution and its structure units the priority of educational system in the ideological and economical polities is its organizational and structural update, the strength of financial ,

methodical, material, informational and technological base, personnel provision, the raise of law and social support of all system.

Key words: education, update, model, personality, student, criteria, state.

Кіріспе. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ендігі ұрпақ - Мәңгілік Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы - Мәңгілік Ел!» деп атап көрсеткен. Бұл құндылықтар: Қазақстанның тәуелсіздігі және Астанасы, Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісімі, Зайырлы қоғам және жоғары руханият, Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы, және тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы, Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы. Қазақ халқы өзінің тарихи негізгі ұлттық құндылықтарын өзі де танып, өзгеге де танытып, ұлттық тілін құрметтеп, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелегенде ғана руханияты жоғары, зайырлы қоғам бола алады [1].

Бастауыш мектеп – білім беру мазмұнын жаңарту мәнмәтінінде қазіргі қоғам мұғалімнен тек қана білім беру ғана емес, сондай-ақ оқушының жеке басына тән маңызды қасиеттерін дамытуды мақсат етеді. Білім басты мақсат болып табылмай, жеке тұлғаны дамытудың құралы, тәсілі болып табылатын жерде, білім берудің маңыздылығы оқушылардың әртүрлі жеке тұлғалық мінез-құлқына деген жауапты қарым-қатынасты дамытуды ұсынады.

Бастауыш білім беру жүйесінің жаһандануға ықпалдасуы Қазақстанның бүкіл әлемдік білім кеңестігіне ену табалдырығында тұрғанымен сипатталады. Ел президенті Н.Ә.Назарбаев білім мен ғылым қызметкерлерінің екінші съезінде: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан жүктелетін міндет өте ауыр», - деген болатын [2]. Осындай жүктелген ауыр міндетті жүзеге асыруда мұғалімнің әлемдегі білім беру кеңестігінің даму бағытын, кіріктірудің әртүрлі бағдарынан хабары бар, білім мен ғылымның негізін меңгерту нәтижесінде ғана іске асыраы сөзсіз. Бұл әлемдік білім кеңестігіне кірудің басты көрсеткіші болмақ.

Бастауыш білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңестігіне кірігу үшін елімізде білім беру жүйесінің әлемдік тәжірибесіне бірнеше жылдар бойы талдаулар жүргізілгені белгілі. Мысалы: Ұлыбританияда білім беру жүйесінің құрылымы: бастауыш – 5-11 жас; орта – 11-16 жас; мектептен кейінгі – 16-18 жас; жоғары – 18 жастан кейін. Бастауыш мектеп 6 жыл. Францияда мектепте білім беру жүйесінің құрылымы үш сатыдан тұрады: бастауыш мектеп (5 жыл).

Білім беру жүйесінің реформасы жалпы білім беруді модернизациялаумен байланысты өз кезегінде: біркелкі білім кеңестігі және Қазақстанның білім беру жүйесінің еуропалық білім ортасымен ықпалдасуы тәрізді мәселелерді қарастырады. Мұндағы біркелкі білім кеңестігі ұғымын оның басты өлшемі бойынша түсіндіруге болады. М.Жұмабаев: «Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебін салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрылысына байланысты нәрсе. Бұл ескірмейтін игі сөз, өзгермейтін бір шындық. Тарихты аз ғана болса да, атқарған кісі мұны біледі. Қазақтың тағдыры, келешегі, ел болуы да мектептің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізде сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізде құра білсек, келешегімізге тайынбай серттесуге болады. Сондай негізде құра алмасақ, келешегіміз күңгірт», - деп көрегендікпен айтып кеткен. Халқымыздың талантты ақыны, ғалым-педагог

М.Жұмабаевтың өткен ғасырдың басында айтқан құнды ой-тұжырымдары заман талабына сай қайта жаңғырып, ХХІ ғасырда мектеп тағдыры – ел тағдыры екенін жете түсініп, ұлттық мектептің моделін құруда, оны дамытуда бағыт беретін ұстаным ретінде басшылыққа алынып отырғанын көреміз.

Жалпы, әр мемлекеттің ұлттық білім жүйесінің өзіне тән моделі, сол елдің экономикалық дамуына, халқының тарихи тағылымына, мәдениеттің деңгейіне сәйкес жасалады. Білім беру кеңістігі әртүрлі деңгейлерде: мемлекеттіктен бастап өзінің бірінші элементі – білім беру мекемесі мен оның құрылымдық бөлімшелерінде қалыптасады [3]. Білім беру жүйесіне мемлекеттің идеологиялық және экономикалық саясатында басымдылық беру, оны ұйымдық-құрылымдық жаңару, қаржылық, ғылыми-әдістемелік, материалдық, акпараттық, технологиялық базасын нығайту, мамандармен қамтамасыз ету, құқықтық-нормативтік, әлеуметтік статусын көтеру, бүкіл қоғамдық қолдау жүйесін қалыптастыруды қарастырады. Білім беру мекемесі мен оның құрылымдық бөлімшелері дегеніміз – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта білім, жоғары білім, жоғары білімнен кейінгі білім деңгейлері болып табылады.

Зерттеу әдістері: Білім беру жүйесі қоғаммен бірге дамып, онымен бірге үнемі өзгеріп отырады. Ол әр ұлттың өзіндік ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, үнемі жетіліп, уақыт өткен сайын күрделене береді. Қай кезеңде де жалпы білімнің атқаратын қызметі – жас ұрпақтың танымдық дүниесін байытып, дамуын қамтамасыз ету. Заман өзгерісіне қарай мектептерге қойылатын талап та, ондағы оқыту және тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгеруде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған, жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын, көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін бүгінгі таңда білім беру саласының өзекті 12 мәселесін айқындап беруіне сәкес.

- Орта білімнің жаңартылған мазмұнына көшу;
- Мектептегі бескүндік оқу аптасы;
- 12 жылдық оқыту үлгісіне көшу;
- Орыс тілінде білім беретін мектептерде қазақ тілін жаңаша оқыту әдістемесі;
- Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістемесі;
- 2019 жылдан бастап жоғары сыныптарда пәндерді ағылшын тілінде оқытуды енгізу;
- Бірыңғай оқулықты енгізу;
- Оқу бейнематериалдары;
- Шағын жинақты мектептермен жұмыс;
- ҰБТ - дағы өзгерістер;
- Мұғалімдердің жүктемесі;
- Мектептердің есеп беруін азайту және мұғалімдермен тікелей байланысу.

Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңында: білім беру мазмұнының ұғымына жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білім берудің әрбір деңгейі білімдер жүйесі. ҚР "Білім туралы" Заңына сәйкес елімізде бастауыш білім стандарттары 1997 жылы қабылданып, 2002, 2010 жылдары жетілдіріліп, тәжірибеге енгізілген [4].

Бастауыш білімнің оқу бағдарламалары мен негізгі ережелері, білім беру саласындағы әлеуметтік қызметкерлердің біліктілік талаптары мен оларды аттестаттау ережелері, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу, сараптамадан өткізу және баспадан шығару және т.б. ережелер әзірленіп, бекітілген болатын. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – 4 жыл.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты білім алушылардың дайындық деңгейіне, бастауыш білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды айқындап берді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартының ерекшеліктеріне тоқталсақ:

- 1-4 жаратылыстану» пәнінің енгізілуі;
- 3-4 сыныптан бастап ақпараттық-коммуникациялық технология пәнінің енгізілуі;
- 1-4 «қазақ тілі», «орыс тілі», «ағылшын тілі» пәндерін деңгейлеп оқыту;
- 1-4 «дүниетану» пәнінің мазмұны жаңартылуы.

Стандартта бастауыш білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылатыны көрсетілген. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді.

Үштілді білім беру іс жүзінде мынадай жолдармен іске асырылады:

- қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің халықаралық стандарттарға сәйкес деңгейлік меңгерілуін қамтамасыз ету;
- сабақтан тыс жұмысты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұйымдастыру.

Бүгінде стандарттың аясында бірінші сыныптан бастап шет тілін оқыту іске асырылып отыр. Мектептерде аталған үш тілді оқытуға қатысты жұмыстар жасалу үстінде. Мысалы, Назарбаев зияткерлік мектебінде білім беру үдерісі үштілде жүргізілуде. Бұл мектептегі ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің басты ерекшеліктері:

- бағдарлама бойынша пәндер түрлі тілдерде жүргізіледі;
- қажет болған жағдайда ана тіліндегі материалмен қамтамасыз ету үшін командалық оқыту;
- сабақтан тыс шараларда: факультативтерде, үйірмелерде (драма клубы, хор, спорттық секциялар, оқырмандар клубы, т.б.) тілдердің кіріктірілуі;
- түпнұсқадан оқытуға мүмкіндік беру үшін мектеп кітапханасының үштілді ресурстармен қамтамасыз етуі;
- барлық маңызды құжаттамалардың (саясаттар, қарым-қатынастар, веб-сайттар) үш тілде жүргізілуі;
- тіл құзырлығының дамуына себепші болатын тілдік курстарды ұйымдастыру;
- шет елдерде оқыту арқылы ынталандыру;

- халықаралық стандарттар талабына сәйкес келетін халықаралық ойлауды, оқушыларды дамыту мақсатында тіл тәжірибесін мәдениетке, әдебиетке т.с.с. апаратын жол ретінде қарастыру арқылы қолдау табады». Мұғалім оқушыға бағыт-бағдар бере отырып, өзі де көп біліп, көп зерттеп, сабақ беру барысында оқушылардың бойында оқып-үйренуге деген құштарлықты оятып, жауапкершілікке үйретіп, пәнді меңгеру тәсілдерін, яғни оқу қызметін қалыптастыру қажет. Осыдан барып оқушы бойында іскерлік пен дағды меңгеріледі. Сонымен қатар, жаңа технологияларды және интерактивті әдістерді оқу үрдісінде қолдану, оқушылар жинақталған тәжірибесін сыртқа шығарып, оны өмірінде пайдалана алады. Жалпы заман талабына сай білім беру қашан да өзекті мәселе. XXI ғасыр-техниканың озық дамыған ғасыры. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатының арқасында елімізде көптеген мектептер компьютермен қамтамасыз етілді. Компьютер оқушы үшін қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады.

Зерттеу нәтижелері: Бастауыш білімнің жаңа мазмұнды оқу бағдарламалары 1-деңгейдегі негізгі бағдар – оқушының өзін-өзі таныту мүмкіндігі мен қоршаған ортасының шынайылығы туралы білімді игерудегі даралығын ашу, оқуға талабын және білігін қалыптастыру, яғни оқытудың келесі сатыларына қажетті танымдық қызығушылығын арттыру, кіші жастағы оқушылардың біртұтас оқу әрекетін қалыптастыруға ықпал етуді көздейді.

Бастауыш мектепте қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге, оқу, жазу, санау, шығармашылықпен ойлау элементтерінің жеке гигиенасы мен денсаулығын сақтау негіздерінің болуына ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастырады. Сапалы білім ғана бәсекелестікті қамтамасыз етеді, оңтайлы, тиімді дамуға жеткізеді, шығармашылық пен еңбек етуге икемдейді. Қазіргі кезде кәсіби салада білім беруді интеграциялау, жаңа инновацияларды ендіру үстінде [5].

Оқу үдерісін сәйкестендіруге, білім мен оқу іс-әрекетінің тәсілдерін біріктіруге, оқушылардың зияткерлік дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға, олардың белсенділігін ынталандыруға, оқу үдерісіне бейімделуге мүмкіндік беретін және іске асыратын педагогикалық үдерістің бірізділік жиынтығын ұсынады; бастауыш сынып оқушыларының психологиялық дамуын және біліми даярлығын диагностикалау; мұғалімнің шығармашылық бағдарланған ортаны қалыптастыруы; қалыптастырылатын оқытуды жобалау жоспарының оқыту мазмұнымен арақатынасы; сәйкесті пәндік және ойлау құралдарын анықтау; жүйелеу; оқу-танымдық қызметті құрастыру негіздері ретінде іріктеу және құрылымдау; адекватты мәселелік жағдайларды, дидактикалық материалдарды, бастауыш сынып оқушыларының оқуын жобалау үдерісін бағалау, реттеу, түзету бойынша қолданылатын педагогикалық тәсілдерді, әзірлеу; оқытуды жобалауды орындау үдерісінде педагог, оқушы және ата-аналардың серіктестік ынтымақтастығын қамтамасыз ететін бірлескен іс-әрекетін қамтамасыз ететін бірлесу іс-әрекет жағдайларын құрылымдау; жаңа жобалау іс-әрекетіне бастауыш сынып оқушыларын ынталандыратын танымдық міндеттерді құрылымдау. Бұның өзі оқытудың белсенді әдістері мен жаңашыл технологияны оқу үдерісінде кеңінен жағдай жасайды. Жаңаша оқыта алатын білімді ұстаздарды қажет етеді. Олай болса, қоғам сұранысына сай болашақ кәсіби деңгейі жоғары педагог мамандар даярлауда оқушыларды оқытудың жаңашыл әдістемесімен мұғалімдердің озат тәжірибелерімен жан-жақты таныстыру, қоғамның білім беруге қойылатын жаңа талаптарын түсіндіруге септігін тигізеді.

Талқылау: Бастауыш білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуінің алғашқы бастамасы 2003-2004 оқу жылдары, эксперименттік тәжірибеден өткізіліп, зерделеніп, сараланды. Заман ағымынан туындап отырған қажеттілікке сәйкес 2015-2016 жылдары жаңа мазмұнды бастауыш білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендері әзірленіп сараптамадан және эксперименттен өткізілді. Аталған жаңартылған мазмұнды оқу бағдарламалары мен оқу-әдістемелік кешендер 2016-2017 оқу жылынан бастап, жаппай тәжірибеге енгізіліп, 6 жастан 1-сыныпқа оқушылар қабылданды. Бұдан шығатын қорытынды Бастауыш білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуі осы кезеңнен басталды, - деген тұжырым жасауымызға болады. Баланың мектепке қабылдануынан бастап ол үшін жетекші іс-әрекетке айналады. Өйткені оқу іс-әрекеті арқылы баланың қоғаммен басты қатынасы іске асады, оқу іс-әрекетінде мектеп жасындағы бала тұлғасының негізгі қасиеттері мен жекеленген психикалық үдерістері қалыптасады.

Елбасы өзінің «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты Жолдауында «Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланылатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс.

Бұлар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі –ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деген болатын. Елбасының сындарлы саясатының астары өте тереңде. Біз әлемдік аренаға шығу үшін ағылшын тілін жетік меңгерген Мәңгілік елге айналуымыз керек. Өз тілің бірлік үшін, өзге тіл тірлік үшін қажет екенін естен шығармайық. Әуелі өз ана тілімізді құрметтеп, оны ардақтап, аялап үйренейік те, өзге тілдің бәрін білуге барынша құлшыныс жасайық. Қазіргі таңда әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды міндет деп санайды. Сондықтан біз де өз халқымыздың қарыштап дамып, өркениеттен қалыс қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз керек. Бұл заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Себебі, бірнеше тілде сөйлей де, жаза да білетін маман бәсекеге қабілетті тұлға айналатыны сөзсіз. Осы орайда басқарушы Мұғаліммен ұйымдастырылып оқу іс-әрекеті мақсатты және жүйелі түрде сырттан келетін талаптармен реттеліп отырады. Оқушы іс-әрекеті білім, дағды мен әдет игеретін іс-әрекет ғана емес, оларға тәрбиелік, дамытушы ықпал ететін іс-әрекет қалыптастыру қажет.

Қорытынды: Тіл-қазақтың жандүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ана тілі – әр адамға ананың ақ сүтімен бойға жетіп, ананың әлдімен, бесік жырымен құлаққа сіңіп, атадан балаға жетіп отыратын ұлы күш. Ана тілі – ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлықтың баға жетпес байлығы, қуаты қайнар бұлағы. Тіліміз арқылы халқымыздың жандүниесін танып білеміз, себебі, халықтың рухани байлығының сарқылмас бұлағы сонда жатыр. Туған жеріміз бен ел жұртымызды да сол арқылы айтып жеткіземіз. Тіл адам баласының басты қазынасы болғандықтан – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылымы мен әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, дәстүрінің - мұрасының қай дәрежеде екенін танытатының дәлелді көрсеткіші. Әрбір халықтың ғұмыры – оның тілінде. Әрбір тіл өзінің халқы үшін «Ұлы» деп қырғыздың атакты жазушысы Шыңғыс Айтметов айтқандай, тіл-ұлттың тірегі. Ол жандүниені ашып көрсететін мөлдір аннаң.

Үш тілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашылатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. Бүгінде ағылшын тілі бастауыш сыныптардан бастап оқытыла бастады. Бұл, өте дұрыс нәрсе. Себебі, бала жасатайынан тілді базалық деңгейде білсе, болашақта кәсіби деңгейде үйреніп алуына мүмкіндік туады. Қазіргі кезде мектеп бағдарламасынан ағылшын тілін еркін меңгерген көптеген бітірушілер шетелдерде білімін дамытып, тәжірибесін молайтуда. Ең бастысы жүрегі «Отаным, Қазағым, Тілім» деп соғатын ұлттық сана – сезімі жоғары, ұлтжанды оқушылар тәрбиелеу. Өзге тілдерді еркін меңгере отырып, өз ана тілімізді сақтап, айтар смөзімізді өз орнымен пайдалана білсек. ХХІ ғасыр-ғылым ғасыры. Сондықтан жасұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Жеке тұлға яғни, дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің еңмаңыздысы. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ендеше, адамзат баласының өз ұрпағын оқыту тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу, жаңашыл әдіс-тәсілдер, озық үлгілерін дамытуда ұстаздарымыздың еңбегі жанып, мәртебесі биіктей берсін. «Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуляр айтқандай бала бойындағы дарындылық, ғылымилық қабілетін ашу, жақсы танымдық қасиеттерін зерттеу – бүгінгі заманның талабы десек бұндай жолдардан өту үшін оқушы бойында қалыптастыруда оқу іс-әрекетін ұйымдастыру үрдісінде мазмұндық, операциялық және себеп-салдалық компоненттердің бірлігін

қамтамасыз ету, оқушылардың оқу іс-әрекетін меңгеру үдерісінде нақты және жалпы өлшемін мақсаттылықпен өзгертуі, негізгі әрекетіміз оқу іс-әрекетін ұйымдастыру үдерісінің субъектісі - бастауыш сынып оқушысының дамуы болып табылад.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – 2050:Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ17.01.2014ж.
- 2.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 11 қараша. Нұрлы жол – болашаққа бастар жол
- 3.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР МЖМБС 1.4.002-2012)».
4. Амирова А.С. Дидактика Алматы, 2013ж.
5. Оңалбек Ж.К., Еркебаева Г.Г., Оңғарбай Ә.М. Оқыту теориясының негіздері Алматы, 2010ж.

УДК: 37.013.8
МРНТИ: 14.43.47

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҰСТАЗДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

¹**Болатқызы Ш.** - *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы*
Алматы қаласы

²**Днислам А.** - *Абай атындағы ҚазҰПУ, 5В010800 - Дене мәдениеті және спорт*
мамандығының
3 курс студенті
Алматы қаласы

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ халқының аса көрнекті ағартушы педагогы Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы, педагогикалық қызметі және педагогтың ұстаздық шеберлігі баяндалған. Ыбырай Алтынсарин қазақ жеріне алғаш қоңырау сыңғырын әкелген, қазақ халқының алфавитін құрастырған ұлы гуманист педагог. Ол өзінің «Қырғыз хрестоматиясы» атты еңбегінде қазақ балаларының дүниетанымын кеңейту мақсатында тек қазақ шығармаларымен ғана емес, сонымен қатар шет елдік ақын-жазушылардың шығармаларын да аударып баяндаған болатын. Ы.Алтынсарин қазақ балаларының білімге деген қызығушылығын арттыруда аянбай еңбек етті. Оқыту процесінде мұғалімнің орнын ерекше бағалай отырып, «мектеп жүрегі - мұғалім» деген болатын.

Тірек сөздер: тәрбие, білім беру, оқыту процесі, гуманистік көзқарас, ағартушылық, тұлға, қалыптастыру, даму, шеберлік, педагогикалық шеберлік.

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ МАСТЕРСТВО Ы.АЛТЫНСАРИНА

¹**Болатқызы Ш.** – *кафедры теории и методики подготовки педагогов физической культуры спорта КазНПУ им.Абая,*
г.Алматы, Казахстан

²**Днислам А.** - *студентка кафедры теории и методики подготовки педагогов физической культуры спорта КазНПУ им.Абая,*
г.Алматы, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматривается жизненный путь, педагогическое мастерство и педагогическая деятельность просветителя казахского народа Ыбырая Алтынсарина. Ы. Алтынсарин положил начало светскому образованию казахского народа, создал варианты алфавита на основе русской графики для записи казахских текстов. Вся многогранная творческая и общественная деятельность Ы. Алтынсарина была подчинена главной задаче - приобщению казахского народа к прогрессивной мировой культуре, укреплению дружбы между народами, он внес неоценимый вклад в образовании казахских детей. Ыбырай Алтынсарин ценил труд учителей, по его мнению учитель - это сердце школы.

Ключевые слова: воспитание, образование, процесс обучения, гуманистический взгляд, просветительство, личность, формирование, развитие, мастерство, педагогическое мастерство.

Pedagogical mastery of Y. Altynsarin

¹**Bolatkizi Sh.** - Department of Theory and Methods of Training of Teachers of Physical Culture of Sport of KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

²**Dinislam A.** - student of the Department of Theory and Methods of Training of Teachers of Physical Culture of Sports of KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

Abstract

This article examines the life path, pedagogical skills and pedagogical activity of the educator of the Kazakh people Ybyray Altynsarin. S. Altynsarin initiated the secular education of the Kazakh people, created variants of the alphabet on the basis of Russian graphics for recording Kazakh texts. All the multifaceted creative and social activities. Altynsarina was subordinated to the main task - involving the Kazakh people in the progressive world culture, strengthening friendship between the nations, he made an invaluable contribution to the education of Kazakh children. Ybyray Altynsarin appreciated the work of teachers, in his opinion the teacher is the heart of the school.

Keywords: upbringing, education, learning process, humanistic view, enlightenment, personality, formation, development, skill, pedagogical skills.

Қазақ халқының ұлы перзенті, қазақ жерінде оқу-ағарту ісін жүзеге асырған қазақ зиялылығының көшбасшысы, тұңғыш халық ағартушысы, қоғамдағы өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, халық игілігі үшін жан алмай, аянбай еңбек етудің үлгісін көрсеткен, аса көрнекті ағартушы, этнограф ғалым, жазба әдеби тілінің негізін қалаушы ақын әрі жазушы, жаңашыл педагог - Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы қазанның жиырмамыншы жұлдызында орта жүздің қыпшақ руында дүниеге келген. Әкесі 1844 жылы Кенесары шапқыншылығы кезінде қаза болып, жас Ыбырайды атасы, белгілі би Балғожа Жаңбыршыұлы тәрбиелейді. 1844 жылы патша өкіметі Орынбор Шекаралық комиссиясының жанынан қазақ балаларын оқытып тілмаштар дайындайтын арнаулы мектеп ашу туралы шешім қабылдайды. Балғожа Жаңбыршыұлы 1846 жылы наурыздың бесінші жұлдызында ашылмақ мектепке немересі Ыбырайды оқушы етіп қабылдау жөнінде Орынбор Шекаралық комиссиясының председателі генерал-майор М.В.Ладыженскийге өтініш жасайды. Орынбор шекаралық комиссиясының сол жылғы наурыздың бесінші жұлдызындағы журналдағы қарары бойынша Ыбырай Алтынсарин сол мектепке оқушы болып қабылданады. 1850 жылы жиырма екінші тамыз күні Орынбор қаласында ашылған мектепке отыз баланың бірі тоғыз жасар Ыбырай болды. Бос уақытында сондағы шекара комиссиясында қызмет істеген белгілі Шығыс зерттеушісі

В.Григорьевтен сабақ алады. Оның үйінде жиі болып, кітапханасынан әдебиет, тарих тағы басқа ғылым салаларынан кітаптар оқиды. Кейіннен дүние жүзі әдебиеті классиктері В.Шекспир, И.Гете, Д.Байрон, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Ю.Лермонтов, Ә.Фирдауси, Г.Низами, Ә.Науаи тағы басқа классик шығармаларын өздігінен оқып білім алады. Бұл Алтынсаринның ой-өрісін кеңейтеді, өркениетті елдердің ғылымы мен мәдениетіне деген құштарлығын арттырады.

Мектепті үздік бітірген ол, 1857-1859 жылдары арасында өз атасы Балқожа бидің пәсірі болады да, 1860 жылы Орынбор облыстық басқармасына кіші тілмаштыққа ауысады. Кейіннен өз қалауы бойынша Торғай қаласындағы бастауыш мектепке мұғалім болып келеді. Осы кезден бастап Алтынсариннің ағартушылық – педагогикалық қызметі басталады. Ол кездері шалғай түкпірде мектеп ашу өте қиын еді (қаражат, мектеп үйі, оқу құралдары жетіспейтін). Оның үстіне осындай ізгілікті іске облыстық басқармадағылар да, жергілікті әкімшілік те салқын қарайтын. Бірақ соның бәрі оның талабын қайтара алмады, ағартушылық идеямен қанаттанған қайраткер көздеген мақсатын орындауға құлшына кірісті. Ол мектеп ашуға ел-елді аралап қаражат жинауға кіріседі.

1864 жылы қаңтардың 8-ші жұлдызында жұрттың көптен күткен мектебі ашылады. Ыбырай Алтынсарин балаларға сабақты қызықты, тартымды, әрі түсінікті етіп беруші еді. Мәселен, діни мектептерде молдалардан сабақ алған балалар бір жыл ішінде әзер хат таныса, Ыбырайдың алдынан оқыған шәкірттері небәрі үш айдың ішінде хат танитын болды.

Әуел бастан-ақ Ыбырайдың бар ынтасы халық ағарту жұмысы болады. Бұл тұрғыда «Ыбырай ылғи оқу жұмысымен айналысуды, қазақ халқын ағарту жұмысына ат салысуды көксейтін, бұл оған бақыт, рахат сияқты көрінетін» - дейді Ильминский.

1860 жылы Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балалары үшін мектеп ашу тапсырылады, әрі сол мектепке орыс тілінің мұғалімі болып белгіленеді. Оқу-ағарту жұмыстарына өз заманының ең озық әдістемелерін қолдана отырып, білімнің балаларға ана тілінде берілуіне айрықша мән берді.

Алтынсарин мектептің мақсаттары мен міндеттерін былай көрсетті:

- діннің ешқандай ықпалында болмай, жаңа өмір үшін күресетін жаңа адамдарды тәрбиелеу керек;
- қазақ халқы арасында жаңаша мәдениетте өмір сүрудің жаңа әдет-ғұрып, тәртіп, тазалық, қолөнер мен өнердің үлгісі болуы қажет;
- нәтижелі және жемісті болуы, мұғалімге, тәрбиешіге байланысты.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ол дүние жүзі педагогика классиктері, атап өтсек, Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой және тағы басқа педагогтардың гуманистік идеяларын басшылыққа алып, оларды қазақ даласында мектеп өміріне енгізген тұңғыш педагог болды. Оқу-тәрбие процесінде Ыбырай Алтынсарин мұғалімдерді өте жоғары деңгейде бағалайды, ол: "Халық мектептері үшін ең керектісі – мұғалім, тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да мұғалімге тең келе алмайды"- деп, атап көрсетеді. Оның педагогикалық көзқарасынан бүкіләлемдік тәлім-тәрбиенің алтын - діңгегі гуманистік көзқарас, яғни шәкіртке жылы жүректі болу, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық принциптері көрініс табады.

Мысалы, өзінің екі кластық мектептердің меңгерушілеріне жазған нұсқау хатында ол: «Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиіс емес, оларға түсіндіре алмаған өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай,

жұмсақ сөйлесуі, шыдамдылық етуі керек, әрбір нәрсені де ықыласпен, түсінікті етіп түсіндіру керек, орынсыз терминдерді қолданбау керек, мұндай сөздер оқушыларға түсініксіз болады да, жалықтырып жібереді... Оқытушыларды бағалағанда олардың іске мәнді қатынасы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың біліміне қарап бағалау керек» - деп жазған еді. Ал Н.И.Ильминскийге жазған бір хатында: «Мен балаларды жазалауды сүйетін катал адам емеспін. Бірақ тентек етіп өсірсең, балалардың адамгершілік қасиетін бұзып аласың», - деген болатын.

Ыбырай Алтынсарин мұғалімдердің бала оқытудағы орнын жоғары бағалап: «Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, ол - мектептің жүрегі» - деген сөзі осы күнге дейін құнын жойған жоқ. Бұл жерде Ыбырай Алтынсарин мұғалімнің педагогикалық шеберлігін жоғары деңгейде бағалағанын көре аламыз. Педагогикалық шеберлік - бұл кейбіреулерге ғана берілген табиғат сыйы емес, ол үздіксіз ізденудің, өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдірудің және өзінің қалаған мамандығына деген құштарлығынан туындайтын іс-әрекеттер жиынтығы. Ол Л.Н.Толстойдың, И.П.Паульсонның, К.Д.Ушинскийдің оқулықтарын өз хрестоматиясына үлгі етті. Ыбырай жаңа типті мектептер үшін оқулық жасау мәселесін 60-жылдардың басында-ақ қолға алды. Себебі қазақ арасында діни оқудың кең орын алғандығы, діни кітаптардың көптігі Ыбырайдың қазақ жастарына шын мәнінде білім мен тәрбие беруі үшін жаңа оқулықсыз жұмыс жүргізудің мүмкін еместігіне көзін жеткізді, жаңа оқулық жасау мәселесіне үнемі итермеледі. 1879 жылы шыққан «Қазақ хрестоматиясының» негізін осы кезеңнен ойластырған.

Ағартушы оқулықты жазудағы мақсатын хрестоматияның алғы сөзінде: «Бұл кітапты құрастырғанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қабат, жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім...», - деп тұжырымдаған. Хрестоматия бұл екі міндетті де толығынан атқарды. Оқулықтың революцияға дейінгі мерзімде бірнеше мәрте (4 рет) қайталап жарық көруі, оның өз кезеңінде ғана емес, одан кейінгі ұзақ жылдар бойында да талай жас ұрпақ үшін білім, өнеге көзі, рухани қазына бастауы болып келгендігін көрсетеді. Хрестоматияға Ыбырай Алтынсарин өзінің педагогтық мақсатына лайықты жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтары мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Бұл шығармалардың тақырыптық – идеялық мазмұнынан біз Ыбырайдың ұстаз – тәрбиеші ретінде алдына мақсат етіп қойған адамгершілік мәселелері байқалады. Олар жас жеткіншектерді адал еңбекке тәрбиелеу, белгілі бір кәсіпке, өнерге баулу, адам бойындағы адалдық, достық, мейірімділік секілді асыл қасиеттерді ардақтау, үлкенді, ата-ананы қадірлеу, өнер – білімді байлық-дәулеттен жоғары қою тағы басқалар.

Ағартушы-педагогтың «Кел, балалар, оқылық!» атты өлеңі - «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі болып табылады. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнер – білімі бар жұртқа» - терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес. Қайта халқымен бірге жасасып, ұлы ағартушының арман – сәлемін жақсы күндерге жеткізген бұл тарихи туындының жаңа мәнге ие болып, бүгін де бұдан бір ғасыр бұрынғыдай:

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!, - деп өзінің тот баспас, мәңгі тозбас озық халықтық идеясымен бүлдіршіндерді білім бағына шақыра бермек.

Ыбырай Алтынсарин ер балалармен қатар қазақ қыздарын да білімге тарту, оларға әртүрлі кәсіптік мамандық беру жөніндегі жұмыстарды алғаш ұйымдастырушы болғанын білеміз. Ер балалардың өзін оқытуға қырын қараған қытымыр заманда оның қыз балаларды оқыту, оларға арнап мектеп, интернаттар ашу қажеттігі туралы мәселе көтеріп, бұл ойын айтыса – тартыса жүріп дәлелдеуі, біртіндеп іске асыруы шын мәніндегі азаматтық ерліктің, гуманизмнің үлгісі болды.

Ыбырай Алтынсариннің айрықша атап айтар тарихи еңбегінің бірі – оның қазақ балалар әдебиетінің негізін қалауы. «Қазақ хрестоматиясына» енген алуан жанрдағы шығармалар. Ол төл туындыларын жазғанда да, орыс және Европа халықтары әдебиетінен аудармалар жасағанда да бір мақсатты қатты ұстанды, ең алдымен ол туындылардың балалар ұғымына сай, олардың қиял – ойын шарықтататындай тағлымды да қызықты болуына баса назар аударады. Сондықтан оның әңгімелерінен балалар әдебиетіне қойылатын негізгі талаптардың барлығы да атап айтқанда, туындының көлемінің шағындығы мен құрылысының қарапайымдығы, тілінің таза, түсінікті әрі шұрайлылығы, тәрбиелік – танымдық мәннің жоғарылығы, оқиғалардың балалар ұғымы мен жасына сай, көркем әрі қызықты баяндалуы, балаларға тән мінез, әрекет, ой – қиялдың табиғи түрде жазылуы. Осы жайлы өзінің алғашқы еңбектерінің бірі қырғыз хрестоматияның алғы – сөзінде ол былай деп жазған еді: «Кітапқа енгізілетін әңгімелердің басым көпшілігі қазақтар рухында болуын көздедім. Сондықтан да ол үшін әңгімелерді таңдап алу аз қиындық келтірген жоқ. Әрбір жеке шығарма туралы жан-жақты ойлап қорытынды жасау қажет болды».

Оқушыларды басқа тілде жазылған шығармамен таныстыру мақсатында Ыбырай Алтынсарин И.Крыловтың «Егіннің бастары», «Қарға мен түлкі», «Қайырымды түлкі», Лев Толстойдан «Полкан деген ит» сияқты көптеген шығармаларын аударды. Ыбырай Алтынсариннің білім дәрежесі жағынан өте төменгі сатыда тұрған қазақ оқушыларына лайықты шығармалар іздеді, басқа тілдегі кейбір шығармаларды олардың дүниетануы мен біліміне сәйкестендіріп аударды. Бұл шығармалардың барлығы да әрі қысқа, әрі көркем, баланың жас ерекшелігі мен білім көлеміне сай, түсінуге жеңіл, тәрбиелік жағынан шебер құрылған шығармалар. Әр шығарманың ең алдымен, оның тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлді. Оның аудармаларының негізгі тақырыптары еңбек, адамды сүйе білу, кішіпейілдік, қарапайымдылық, үлкенді сыйлау, жолдасты қадірлеу т.б. болды. Бұл мәселелер Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының озық сипатын танытады.

Балаға жастай дұрыс тәрбие беру бүкіл дүниежүзіндегі педагог-ғалымдардың ертеден бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі десек, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогы Ыбырай Алтынсарин. Бұл мәселе жөнінде ол көптеген педагогтердің, әсіресе орыстың алдыңғы саптағы ұлы педагог – ғалымдары К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Бунакаковтармен пікірлес болды.

Қалай болғанда да жастарға дұрыс тәрбие беру үшін олардың дүние танушылық көзқарасын кеңейту үшін «Қазақ хрестоматиясының» тек өз кезі ғана емес, қазірдің өзінде де мәні зор. Сондықтан да ол талай жылдар, талай рет басылып, мектеп оқушыларына ұсынылып келеді. Бұл кітапқа енгізілген әңгімелер: еңбек сүюшілік, оқу, өнерге ұмтылушылық, Отанын – елін сүюшілік, талаптылық, жігерлік, іздемпаздық, кішіпейілділік, махаббат, қайырымдылық, адамгершілік, жинақтылық, тағы басқа осылар

тәрізді жақсы мінез-құлыққа тәрбиелеуге керекті мәселелерді қамтиды. Бұларға жалқаулықты, қиянатшылдықты, надандықты, сотқарлықты қарсы қойып, жастардың мұндай әдеттерден аулақ болуына жол көрсетті.

Украин халқының белгілі шығыстанушысы А.Е. Крымский «Қазақстан түріктерінің әдебиеті» дейтін мақаласында ағартушы-педагогтың хрестоматиялық еңбегі жөнінде мынадай құнды пікір білдірген болатын «Через учителей и учеников хрестоматия Алтынсарина и вне школы получила самое широкое распространение и сильно послужило к возбуждению национального духа у казахского народа».

«Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегі «К.Д. Ушинскийдің «Балалар әлемі» және басқа да (мысалы Л.Н.Толстой «Әліппе жазу және оқу кітабы». Б.Ф.Бунаковтың «Грамматикалық элементарлық курсы, Тихомировтың) орыс классикалық педагогикасының үлгісінде жасалып, мынадай бөлімдерден тұрады.

- тақпақтар, балаларға арналған әңгіме ертегілер, оқушылардың туысқандарына хат жазу үлгісі;
- үлкендерге арналған әңгімелер;
- ауыз әдебиеті үлгілері;
- мақал мәтелдер.

Сонымен, Ы. Алтынсариннің ағартушылық –педагогикалық идеяларын жүйелеуде мынадай белгілерін түйіндеуге болады: Ағартушылық – педагогикалық идеялары:

- мектеп жүйесін құрастыру;
- гуманистік көзқарасы;
- қазақ баларын сауаттандыру;
- ана тілінде оқыту;
- білімді саналықпен игеру;
- дидактиканың ғылымилық принципіне сүйену;
- халықтық педагогикаға сүйену;
- орыстандыру саясатына қарсы күресу;
- дінді оқуға өзгеше көзқарас.

Ы. Алтынсариннің білім беру үрдісіндегі ағартушылық идеялары:

- ана тілін үйрету;
- орыс тілін үйрету;
- математика;
- жаратылыстану;
- тарих және жағрапия;
- еңбек сабақтары.

Қазақ арасында халықтық мектептер ашып, ағарту жұмысын белсенді жүргізудегі Ыбырай Алтынсариннің қазақ педагогика ғылымында еңбегі ұшан-теңіз. Қараңғыда қарманған халқын жарыққа жетелеген, қазақтың санасын жайлаған дерттің емін тап басып, көре білген Ыбырай ұстаз қазақ қоғамына жаңалықтың дәнін себуші қарлығаш. Көрнекті ағартушы-педагог қазақ жастарының, көзі ашық, көкірегі ояу болуы жолында болуына аянбай еңбек етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қ.Жарықбаев Ұстаздық еткен жалықпас.- Алматы, «Мектеп», 1987.
- 2 Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика. - Алматы, 2000.
- 3 Ж.Әбиев. Педагогика тарихы. - Алматы, 2006.
- 4 Қ.Сейталиев. Педагогика тарихы. - Алматы, 2008.

А.Қ.РЫСБЕКОВА¹
С.Б.БЕЙСЕМБАЕВА²
МАГИСТРАНТ Ж.Ұ.СӘРСЕНОВА³

¹*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ОҚУШЫЛАРДЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларын зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың теориялық ерекшеліктері мен тәжірибеде қолдану барысы және зерттеушілік іс-әрекетінің басты бағыттары талданып, оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыру жолдарын іздестіру мәселелері талданады. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетке қызығушылығы анықталып, зерттеушілік іс-әрекетінің құрылымы, зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық – психологиялық негіздері талданып, ізденіс деңгейінде игерту жүзеге асырылған. Оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың тиімділігі көрсетілген және зерттеу іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған ғылыми педагогикалық әдебиеттерге шолу жасалған.

Түйін сөздер: зерттеушілік іс-әрекет, таным, танымдық белсенділік, зерттеушілік тәжірибе, зерттеушілік-жобалау, зерттеушілік іс-әрекет, зерттеу практикасы, құзіреттілік.

А.К.РЫСБЕКОВА¹
С.Б.БЕЙСЕМБАЕВА²
Ж.У.САРСЕНОВА³

¹*Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи*
г. Туркестан,

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПОДГОТОВКИ УЧАЩИХСЯ К ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Аннотация

В статье анализируются теоритические особенности подготовки к исследовательской деятельности учащихся начальных классов, также применение их на практике и анализ основных направлений исследовательской деятельности, затронута проблема путей организации исследовательской деятельности учеников. Выявлены интересы учеников к исследовательской деятельности, структура исследовательской деятельности, проанализированы психолого-педагогические основы подготовки к исследовательской деятельности. Сделан обзор литературы направленных на эффективную подготовку и формирование у учеников навыков исследовательской деятельности.

Ключевые слова: исследовательская деятельность, познание, познавательная деятельность, исследовательский опыт, исследовательский проект, практика исследования, компетентность.

A.K.RYSBEKOVA¹
B.S.BEYSENBAYEVA²
ZH.U.SARSENOVA³

¹Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University

THE EFFICIENCY OF TRAINING STUDENTS FOR RESEARCH ACTIVITIES

Abstract

The article deal with the theoretical features of the training for the research activities of primary school pupils, also their application in practice and the analysis of the main directions of research activities, discussed ways of organizing research activity of students. Revealed the interests of students to research, structure of research activities analyzed psychological - pedagogical bases of training to research activities. Review of the literature aimed at the effective training and formation at students of skills of research activity.

Keywords: research activity, cognition, cognitive activity, research experience, research project, research practice, competence.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» [1] заңында білім беру жүйесінің жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған ролі атап көрсетілген: «педагог қызметкерлер оқушылардың мемлекеттік білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес білім, білік, дағды алуын қамтамасыз етуге, жеке шығармашылық қабілеттерінің көрініп, дамуы үшін жағдай жасауға міндетті»- делінген. Осыған орай, заман талабына сай қазіргі өркениетті үздіксіз өзгеріп тұрған әлемде адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді үздіксіз дамытуды талап етеді. Сондықтан мемлекетімізді дамыған өркениетті елдер қатарына жеткізу үшін қазіргі таңда жас буын ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап танымдық ізденімпаздыққа даярлауға үлкен мән беру керек. Білім беру саласында әлемдік білім кеңістігіне шығуға талпыныстар мектеп оқушыларының жеке дербестігін, ізденімпаздығын, белсенділігі мен шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлемдегі алдыңғы 30 елдің қатарына кіреміз деген мақсат қойылды [2]. Жолдаудың үшінші бағытындағы «Білім мен кәсіби машық – кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін дамытуға бағытталған, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары» деген бөлімінде «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» – деді. Міне осы мақсатқа жетудің жолы – оқушыларды мектеп қабырғасынан бастап зерттеушілік іс-әрекетке даярлап, білімді ізденіс әрекетінде алудың тиімділігінің мол екенін дәлелдеп көрсетуіміз қажет.

А.Н.Леонтьев бойынша зерттеушілік іс-әрекет дегеніміз, белгілі қажеттіліктерге жауап беретін, мотивтерге бағынатын және адамның дүниеге деген өзіндік қатынасын іске асыратын белсенді процестер дей келе адамның кез-келген белсенділігін зерттеушілік іс-әрекет деп атаған жоқ, тек тұлға, қажеттілік, мотив, мақсат, міндеттермен психологиялық байланыстағы, мақсатқа бағытталған белсенділіктерді ғана зерттеушілік іс-әрекет деді. А.В.Леонтович зерттеушілік іс-әрекетті алдын-ала шешімі белгісіз және ғылым саласындағы зерттеулерге тән мәселені қою, тақырыпты теориялық зерттеу, зерттеу әдістерін тандау, практикада жүзеге асыру, өз бетінше ақпарат жинақтау, оны талдау және қорытынды шығару сияқты негізгі кезеңдерден тұруды болжайтын шығармашылық, зерттеушілік міндетті шешумен байланысты оқушылардың іс-әрекеті деп анықтайды [3].

А.С.Обухов зерттеушілік іс-әрекетті белгісіз шешімді іздеу мақсатындағы екі субъектінің бірлескен әрекеті арқылы жүзеге асатын шығармашылық үдеріс - деп түсіндіреді[4].

А.И.Савенков зерттеушілік іс-әрекет зерттеушілік бағытында құрылған іздеу белсенділігі арқылы жүзеге асатын интеллектуалды-шығармашылық әрекеттің ерекше түрі -деп атайды [5]. Ал, біздің пікірімізше, оқу үдерісінде мұғалім үнемі жүргізуі тиіс бірден-бір әрекет және сол әрекет арқылы білім беру үдерісін жетілдіру мақсатында құрылған оқу үдерісі.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған деректер мен құбылыстарды түсіндіру және оларды алдын ала болжастыру мақсатындағы зерттеу әдістерін, М.А.Даниловтың дидактикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын әдістері яғни, шығармашылық іс-әрекеттерін, мақсатқа реттейтін ұйымдастыру тәсілдері, И.Я.Лернердің оқушылардың танымдық іс-әрекеті және өз бетімен білім алудың әдістері, Н.Д.Хмельдің педагогика ғылымындағы жобалау әдісінің теориялары мен әдістемелері, қолданылды. Педагогикалық тәжірибені зерттеу барысында келесідей педагогикалық құжаттармен танысу және оқушылардың шығармашылық туындыларын зерттеу әдістер қолданылады.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу барысында оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлауды ғылыми-зерттеу нәтижесінде алынған теориялық зерттеудің тұжырымдарын дәлелдеу мен жоққа шығару мақсатында эмпирикалық деңгейде педагогикалық-психологиялық зерттеу жүргізілді. Зерттеудің басында жасалған болжамның дұрыстығының ғылыми-объективті және дәлелді тексерісін қамтамасыз етуге бағытталған әдіс болып табылуы шарт. Сондықтан, зерттеудің берілген тарауының мақсаты болжамдық тұжырымдар негізінде оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлау процессі білім беру мекемелерінде неғұрлым тиімді нәтиже беретіндігін тексеріп, анықталған заңдылықтардың, критерийлердің және принциптердің қолданысының тиімділігіне педагогикалық-психологиялық тәжірибе жүзінде көз жеткізу болып табылады.

Жоғарыда ұсынылған теориялық зерттеулердің нәтижесі оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың мазмұнын анықтауға, зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың негізгі сыртқы факторлары мен ішкі «пайда болу механизмдерін» ашуға мүмкіндік берді. Келесі жүргізілетін жұмыстың мақсаты оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың психологиялық-педагогикалық диагностикасына қажетті әдістер жүйесін құрастыру болып табылады. Олар төмендегідей ерекшеліктерді анықтауға бағытталуы қажет:

оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың тиімділігін дәлелдейтін мәліметті айқындау;

оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың неғұрлым маңызды эмпирикалық көрсеткіштерін анықтау;

оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың ерекшеліктерін айқындау;

анықталған зерттеу нәтижелерін ескере отырып, оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың тиімді жолдары мен тәсілдерін ойластыру.

Оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлауды зерттеудің алғашқы жұмыстары, ең алдымен, зерттеушілік іс-әрекетке даярлаудың тиімді әдіс-тәсілдерін анықтауға бағытталған. Оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлау процесстерінің қазіргі таңдағы күйіне талдау жасау олардың зерттеу жұмыстарына қызығушылығын арттырудың ерекшеліктерін анықтауға, олардың зерттеушілік іс-әрекетінің қалыптасу процессіне педагогикалық-психологиялық ықпал етуінің тиімді құралдарын іздестіруге жағдай жасалды.

Сонымен қатар, жүргізілген зерттеу жұмыстары бірқатар мәселелерді белгіледі, оларды тиімді шешу барысында психологиялық-педагогикалық диагностика кезеңінде алынған зерттеу нәтижелерінің шынайылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Талқылау

Оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке баулу – жеке адамға бағытталған білім беру парадигмасын іске асыру болып табылады. Зерттеушілік іс-әрекет тұлғаның зерттеушілік қабілеттерін дамыта отырып білімді шығармашылықпен игертуге бағытталған. Зерттеу біліктілігі мен дағдысы әр адамның түрлі саладағы іс-әрекеттерін дәлелді және тиімді ету үшін қажет - ол оқу қызметінің ажырамас бөлігі.

Зерттеу, іздену - баланың қоршаған ортасын өз бетінше танып білуге негізделген оқытудың негізгі тәсілі. Зерттеу- ол жаңалыққа қол жеткізу белгісізді іздеу, табу, жоспарлау, жаңа білімді іздеу үдерісі және адамның танымдық іс-әрекеттерінің бірі. Оқушыларды зерттеу үдерісінде жоспарлауын ұйымдастыру мақсатты болжау мен қойылған мақсатты жүзеге асыруды байланыстыратын кезең болып саналады, бұл кезеңде орындалатын жұмысқа жауапты қатынас және қызығушылықты тәрбиелеу, оның тиімділігін арттыру құралдарын іздеуге белсенді ұмтылыс жасау, алдын ала орындалатын әрекетті ойластыру дағдысын тәрбиелеу, оны жетістікпен орындау көп еңбек пен танымдық қызығушылықты талап етеді. Орындалған зерттеу жұмыстарының барлық кезеңдерінде зерттеу нәтижелері анықталып талдау жүргізілді және зерттеу барысында нәтижесі нықталды.

Зерттеу барысында біздің алдымызға қойған мақсатымыз оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке даярлай отырып, іскерліктерін, ізденімпаздығын қалыптастыру, яғни шығармашылық тұлға ретінде дамуына ықпал ету. Бұдан шығатын нәтиже оқушыларды өз бетімен білім алуға баулу және танымдық қызығушылығы арқылы зерттеушілік іс-әрекетін дамыту. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеті жаңа білімді игеруге ғана бағыттап қоймай, жаңа ақыл-ой қызметінің қалыптасуына көмектеседі және шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде оқушыларға зерттеушілік іс-әрекетті меңгерудің өзектілігі мен қазіргі таңда үздіксіз білім алуға ауысу қажеттілігі бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруды, сонымен қатар шығармашылық деңгейде білімді игерген оқушыларды дайындауды талап етеді. Бұл жағдайда оқыту арқылы жастарға сапалы білім беру,

ізденушілік бағытта жүзеге асырылады және оқу қызметінің де ажырамас бөлігі зерттеушілік іс-әрекет болып табылады. Оқушыларды зерттеушілік іс-әрекетке баулу – жеке адамға бағытталған білім беру парадигмасын іске асыру, ол білімді шығармашылықпен игертуге, яғни жеке тұлғаның зерттеушілік қабілеттерін, біліктіктерін дамытуға бағытталған оқытуға негізделеді.

Зерттеуге негізделген оқыту үрдісінде мұғалімнің басшылығымен жүргізілетін оқу әрекеті оқу проблемаларын шешуге немесе зерттеу жүргізуге бағытталады, ал кейбір проблемаларды оқушылардың өздері біртіндеп қойып, оны өздері шешуге қол жеткізеді. Зерттеуге негізделген оқыту үрдісі оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тақырыптарды және сабақ кезеңдерінің ерекшеліктеріне байланысты материалдарды белгілі критерийлерге сүйене отырып таңдау арқылы ғана тиімді шешімін табады. Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін дамытудың негізгі құралдарының бірі арнайы тапсырмаларды орындату мен жобаларды орындау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы заңы. Егемен Қазақстан. 2017ж. 15.08.№254-256- газеттегі мақала
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. // «Қазақстан-2050» Стратегиясы – жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты. Астана, Ақорда 14.12.2012 ж.
3. Леонтьев А.Н. Развитие творческой активности школьников. - М.: Педагогика, 1991. - 155 с.
4. Обухов А.С. Психологические особенности личности в условиях традиционной преемственности русской деревни (на материале анализа этнического самосознания трех поколений жителей деревень Русского Севера). М., 2001. – 224 с.
5. Савенков А.И. Методика исследовательского обучения младших школьников. — Самара: Издательство «Учебная литература», 2004. – 80 с.

А.А. ЖУМАДУЛЛАЕВА¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Түркістан қаласы, Қазақстан)

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ

Аңдатпа

Әдеби шығармалар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі баланың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы оның тілі жетіледі. Әдеби кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсінеді, жаманынан жиренеді – бойын қорқыныш билейді. Сәбилерде жақсы және жаман іс-әрекет жөнінде түсінік пайда болады. Сөйлеу тілі жетіле түседі. Ал тілінің дамуы – баланың бойында қабылдай-ести білу сияқты психологиялық процестердің бірте-бірте қалыптасуына негіз болады.

Әдеби шығармаларды оқып, тыңдату (ересек топта), әңгімелеп беру, әңгімелету, жаттату сияқты сабақ түрлері экскурсия, бақылау, санау, музыка, бейнелеу өнері сабақтарымен байланыстыра жүргізілгені жөн. Бұл сабақтар бірінің мазмұнын бірі толықтырып отырса, тіпті жақсы. Ендеше баланы мектепке даярлау мәселесінде әдеби шығармалармен таныстыру ерекше орынға ие екенін ескеру қажет.

Түйін сөздер: тіл дамыту, әдеби шығармалар, ертегі, шағын әңгіме, өлең, мақал-мәтел, жұмбақ, мектеп жасына дейінгі балалар, ана тілі, сөйлеу тілі.

А.А. ЖУМАДУЛЛАЕВА¹

¹Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

РАЗВИТИЕ РЕЧИ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ПОМОЩЬЮ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация

Важную роль в развитии детей дошкольного возраста играет художественная литература. Художественная литература занимает особое место в развитии мировоззрения, мышления, словарного запаса, эстетического вкуса, человечности. Ребенок с раннего возраста интересуется художественной литературой. Он легко заучивает наизусть короткие стихотворения и сказки. Таким образом у него развивается речь. Они интересуется героями сказок, так они учатся различать хорошее и плохое. Улучшается речь. А развитие речи способствует развитию психологических процессов у детей. Чтение

и слушание художественных рассказов должны быть связаны с экскурсией, наблюдением, музыкой, рисованием. Эти занятия должны дополнять друг друга. Таким образом, знакомство детей художественной литературой имеет особое место при подготовке детей в школу.

Ключевые слова: развитие речи, художественные произведения, сказки, краткие рассказы, стихотворения, пословицы, загадки, дети дошкольного возраста, родная речь, разговорная речь.

A.A.ZHUMADULLAEVA¹

¹International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasavi
(Turkestan city, Kazakhstan)

DEVELOPMENT OF THE SPEECH IN CHILDREN OF PRESCHOOL AGE WITH THE HELP ART LITERATURES

Abstract

An important role in the development of children at preschool age is played by fiction. Fiction holds a specific place in development outlook, thinking, a lexicon, esthetic taste, humanity. The child from early age is interested in fiction. He easily learns by heart short poems and fairy tales. Thus he develops the speech. They is interested in heroes of fairy tales, so they learn to distinguish good and bad. The speech improves. And development of the speech promotes development of psychological processes in children. Reading and hearing of art stories have to be connected with an excursion, observation, music, drawing. These occupations have to supplement each other. Thus, acquaintance of children fiction takes special place when training children in school.

Keywords: development of the speech, works of art, fairy tales, short stories, poems, proverbs, riddles, children of preschool age, native speech, informal conversation.

Кіріспе. Мектеп жасына дейінгі баланың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше. Әрине, мектеп жасына дейінгі сәбилердің әдеби шығармаларды оқи алмайтыны мәлім. Олар әдеби шығармаларды тәрбиешінің мәнерлеп оқып беруі бойынша ғана сөз сырын санасына ұялатады.

Ертегі, шағын әңгіме, өлең, мақал-мәтел, жұмбақ сияқты балаларға лайықты көркем сөз жанрларының ежелден-ақ тәрбие ісінде зор көмекші екені белгілі. Балабақшада тәрбиеленбеген, әлі мектеп жасына жетпеген ауылдық жерлердің сәбилері кішкентай күнінен өз әже-аталары мен әке-шешелерінен естіген халық ауыз әдебиеті нұсқаларынан нәр алып өсетіні белгілі. Мұндай шығармаларды сәбилер қызыға тыңдайды, жылдам жаттап алады. Мысалы: «Торғай», «Бақа-бақа балпақ», «Қарғалар», «Санамақ», тағы басқалар сияқты халық өлеңдері ойнақы тілімен, қайталама сөзімен, музыкалық үнімен бөбектерді баурап, сөз өрнегіне баулиды. Сол себепті де «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында» 2 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға әдеби шығармаларды оқу, тіл дамыту жұмысы арнайы бөлім, 2-ден 3 жасқа, 3-тен 4 жасқа дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті үлгілерінен «Бесік жыры» сияқты ойнақы өлеңдер, санамақтар берілді [1, 70б].

Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы оның тілі жетіледі. Әдеби кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсінеді, жаманынан жиренеді – бойын қорқыныш билейді. Сәбилерде жақсы және жаман іс-әрекет жөнінде түсінік пайда болады. Сөйлеу тілі жетіле түседі. Ал тілінің дамуы – баланың бойында қабылдай-ести білу сияқты психологиялық процестердің бірте-бірте қалыптасуына негіз болады.

Зерттеу әдістері. Мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін шығармалар, негізінен, үш салаға бөлінеді: 1) ауыз әдебиеті нұсқалары; 2) классик жазушылардың шығармалары; 3) қазақ жазушыларының шығармалары. Осы саладағы шығармалар тәрбиешіге арналған бағдарламалық материалда нақты жүйеге бөліп берілген. Әдеби шығармаларды оқу мен сабақты жоспарлауда мына жағдайларды өте мұқият ескеру керек:

1. Әрбір шығарманы оқып берерде баланың жас ерекшелігі, осыған байланысты тәрбие жұмысының мақсаты мұқият ескерілуі шарт. Шығарманың лайықтысын ғана алу керек. Мысалы, сәбилер (3-4 жасар балалар) алғаш рет балабақшаға келді делік. Олардың көпшілігі әлі дұрыс сөйлей алмайды, балабақшада болатын жайттармен, ойыншықтармен әлі таныс емес. Сондықтан алғашқы үш-төрт айда тәрбие жұмысының бәрі, оның ішінде әдеби шығарманы оқып, тыңдату, көбінесе ойын түрінде өтіледі. Ол үшін ойынға негіз боларлық, суретті (суреті өте күрделі болмасын) шығармалар керек. Көлемді шығарманың лайықты бөлімінен кейбір үзінді ғана алынады.

2. Ана тіліне арналған жоспар 14-15 күнге лайықталады. Жоспарда қандай шығарма оқылуы керек, оған байланысты бақылау жұмысы, суреттер, ойындар нақты көрсетіледі. Әрбір ойынның мақсаты белгіленеді (білімін бекіту немесе сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға жаттықтыру сияқты).

3. Оқылатын шығарма тәрбие жұмысының әр саласын қамтитын болсын. Мысалы: жануарлар, жыл мезгілдері, еңбек, мерекелер туралы және тазалыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке баулитын шығармалар.

4. Сәбилер тобында (3-4 жас) тәрбиеші шығарманы мәнерлеп жатқа айтып беруі керек. Бұл тұста тәрбиеші балаларды түгел бақылап отыратын болады. Тәрбиешінің шығарманы жатқа айтып беруі балаларға қызықты болады, оларды жалықтырмайды. Өйткені бала тәрбиешіні тыңдай отырып, әр сөзді дұрыс айтуға тырысады. Сәбилерге тапқакты арнайы жаттату қиын. Сондықтан тәрбиеші өзі жатқа айта отырып, шығарманың қажетті шумағын ойын ретінде қайталау кезінде біртіндеп өзіне ілесіп айтуға үйретеді.

5. Көркем шығарманы оқығанда шығарманың мазмұнына лайықты суреттерді пайдаланған жөн. Өйткені бұл жастағы балалар өз беттерімен оқи алмайды. Ал шығарманың мазмұнын сурет арқылы жылдам түсінеді. Бала кейде кітаптың бетін ашып отырып, суреттің астына жазылған өлең жолдарын дәл тауып, өз бетімен оқып отырғандай әңгімелеп береді.

Сондықтан тәрбиеші қажетті шығарманы оқудан бұрын, суретті көрсету арқылы (сәбилер үшін) әңгімелеседі. Соңынан шығарманы оқып береді. Ересек балаларға шығармаға байланысты қажетті суретті шығарма оқылған соң берген дұрыс. Өйткені шығарманы оқудан бұрын сурет көрсетілсе, балалардың бар ынтасы сол суретке ауады да, тәрбиеші оқығанда зейін қойматын болады.

Зерттеу нәтижелері. Оқылған шығарманы әңгімелеп айтуға үйрету сабағының үлгі жоспарын төмендегіше құруға болады:

- тәрбиешінің кіріспе әңгімесі;
- тәрбиешінің әңгімені оқып беруі;

- оқылған әңгіме, ертегі мазмұнын көмекші сұрақтар қоя отырып айтқызу;
- шығарманы қайталап оқу, шығарма мазмұнын балаларға айтқызу.

Мұндайда қысқа әңгіме, ертегі мазмұнын бір балаға, көлемді шығармалардың мазмұнын бірнеше балаға айтқызуға болады. Егер әр алуан жастағы балалар аралас болса, алдымен ересек, естияр балалар әңгімелеп айтады, сәбилер тыңдап отырады.

Әдеби шығармаларды оқып, тыңдату (ересек топта), әңгімелеп беру, әңгімелету, жаттату сияқты сабақ түрлері экскурсия, бақылау, санау, музыка, бейнелеу өнері сабақтарымен байланыстыра жүргізілгені жөн. Бұл сабақтар бірінің мазмұнын бірі толықтырып отырса, тіпті жақсы. Ендеше баланы мектепке даярлау мәселесінде әдеби шығармалармен таныстыру ерекше орынға ие екенін ескеру қажет. Бағдарламаға сай мұндай жұмыс баланың жас ерекшелігіне қарай, сабақ мақсатына сәйкес берілетін білім-дағдылар (пән аралық байланысты ескере) бір-бірімен байланыстыра өтіледі. Осылай оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту принципі сәбилер тобынан бастап (2-4 жас аралығы) баланы өзіне қойылған сұрақты түсінікті, оған дұрыс, толық жауап беруге, өзі басқаға сұрақ қойып, жауап алуға, үйрету міндеті іске асады.

Талқылау. Осы білім-дағдыларды меңгерте отырып, тәрбиеші баланы айналасындағы адамдармен амандасу, әдепті сөйлесу, алғыс айту, жылы шырайлылық білдіру сияқты мінез-құлық әдептеріне үйретеді. Мысалы, сәбилер тобында Ә.Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» деген өлеңінен үзінді оқығанда тәрбиеші мына мақсаттарды көздейді: өлең түріндегі шығарманы тыңдай білуге, жатқа айтуға үйрету; «рахмет», «кешіріңіз», тағы басқа ізеттілікті аңғартатын сөздерді айтуға дағдыландыру, осы сөздерді күнделікті қолдана білуге баулу, тағы басқа. Ал Қ.Мырзалиевтің «Ойыншықтар» өлеңін ересек балалар тобында оқығанда тыңдай білуге үйрету, өлеңде аталған ойыншық жануарлар туралы сұрақтар қойып, олар туралы білімдерін жетілдіру қажет.

Балабақшаға бармас бұрын да бала әр алуан білім-дағдыларды меңгереді. Бірақ көрген-білгені жайлы айтып беріп, салыстыра алмайды. Ал бала білімін жетілдіру, оқуға әзірлену – балабақша тәрбиешісінің жұмысы. Тәрбиеші қай тақырыпта қандай шығарма оқыса да, бақылау, экскурсия, әңгімелесу, әңгімелетіп айтқызу сабақтарын өткізсе де, әр заттың, іс-қимылдың сөздік атауларын бала түсініп, дәл тани білуге тиісті.

Әдеби шығармаларды оқу, тіл дамыту жұмыстарындағы басты әдістердің бірі – сөздік жұмысын жүргізу. Мектеп жасына дейінгі мекемелерде балалар өздігінен оқи алмайтыны анық. Сондықтан текст оқуға, әңгімелеп айтуға үйрету, көркем сөздермен таныстыру жұмысы бағдарлама талабына сәйкес тақырыптық принциптерге негізделеді. Ол принциптер:

- айналадағы дүниемен, қоғам өмірімен, табиғатпен таныстыру;
- дүние танымын, ой-өрісін жетілдіру;
- зейінін, қабылдауын бағдарлай білу;
- қабілеттерін дамыту болып табылады.

Осы мақсаттарға орай әдеби шығармаларды оқу, алған білімдерін тиянақтау, жалпы сөздік қорларын молайта отырып, мағынасы ұқсас, мағынасы қарама-қарсы сөздерді меңгерту, көрген-білгендері жөнінде (салыстыра, теңей айтуға үйрету) алғашқы ұғымдарын қалыптастыру міндеті қойылады.

Қорытынды. Шығарма оқу, тіл дамыту жұмысында сәбилер (2-3 жасар) тобында тыңдау қабілетін дамыту, шағын өлеңді жатқа айтуға, ауызша әңгімелеп берген ертегі, әңгімелеп беруге үйрету көзделеді. Ал естиярлар мен ересектер (4-6 жас аралығы)

шығарманы тыңдай отырып, оның (әңгіме, ертегі) мазмұнын жүйелі әңгімелей білуге, кейіпкерлердің іс-әрекетін түсініп, өзінше талдап, ойын қорытындылай білуге, кейбір үзінділерді жатқа айтуға, мазмұнға сай әңгіме құрауға, бейнелі сөздерді дәл тауып айтуға, өздігінен салыстыра сипаттай білуге, үйренуге тиісті [2, 256].

Сабақты мынадай жоспар бойынша өткізуге болады:

1) тексті оқудан бұрын текстке байланысты баланың не білетінін анықтау ниетімен әңгімелесу;

2) шығарманы оқу (сәбилерге ауызша айтылады);

3) әңгімелесу;

4) әңгімелету (суретпен, суретсіз, ойыншық көрсету арқылы);

5) экскурсия, бақылау.

Бала тілін жетілдіруде мынадай міндеттер көзделеді:

1) сөз үйрету жұмысын әр топта өтілетін барлық сабақ процесінде ұдайы жүргізу;

2) өмірмен байланысты сөздерді үйрету;

3) шығарманы оқыған кезде жаңа сөз үйрету;

4) оқылған шығарма мазмұнын қайталап түсіндіру.

Жаңа сөз үйрету, үйренген сөзді қолдану жағына көңіл бөле отырып, баланың жас ерекшелігіне орай сөз санын (2-ден 3 жасқа дейін сабақта – 2-3 сөз; 4-5 жаста - 4-5 сөз; 5-6 жаста - 6-7 сөзден) белгілеп, сабақ тақырыбын баланың нені игергенін, нені игерту керектігін ескере белгілеу. Осылайша баланы үйренген сөзді саналы қолдана білуге, жаңа сөздермен сөз қорын молайту дәрежесіне жеткізу қажет. Үйренген сөзді қолдана білуге үйрету, сабақта және сабақтан тыс әр алуан серуен, ойын, еңбек процесіндегі жаттығу жұмыстарында іске асады [3, 716].

Мектепке дейінгі балалардың сөз қорының басым көпшілігінің зат есім, етістік сөздерден болатыны, ал сын есім, сан есім, есімдік, тағы басқа сөздердің сөз таптарының аздығы көрініп жатады. Сондықтан сөзге үйрету ісінде заттың түр-түсі, формасы, кейде түрі ұқсас заттарды салыстыра отырып жауап алу, білмегенін түсіндіру қажет. Екінші кезекте «Сен нені қалайсың?», «Танып ал, атын ата» деген дидактикалық ойын (ұсақ суреттемен) ойнату орынды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісіне тәрбиешінің балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Метербаева Мектеп жасына дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге қалыптастыру әдістемесі. Оқу құралы. - А. «Қыздар университеті» баспасы, 2013.- 95 б.*
2. *Баймұратова Б.Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы А.,1991. -65 б.*
3. *Алексеева М.М., Яшина В.И. Методика развития речи обучения родному языку дошкольников. / Уч .пособие для студ.высш. и. Сред пед.уч завед-2 изд. М .,1998. - 224.*

К.И.Ергазиева¹
К.А.Абдреимова²

¹*Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау
кафедрасының х.ғ.к., доценті
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

²*Абай атындағы ҚазҰПУ Дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау
кафедрасының п.ғ.к., қауым. профессорі
(Алматы қаласы, Қазақстан)*

¹ СПОРТТАҒЫ ТЕСТТЕР ТЕОРИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Андатпа

Тестімен таныспай тұрып, оны тәжірибелік жұмыстарда пайдалану қиындық туғызады. Аталған мақалада тестілеу тапсырмалары мен тест туралы негізгі түсініктер және тестілердің жіктелуі қарастырылған. Адамның қозғалыс мүмкіндіктерін тестілеу дене мәдениеті және спорт саласындағы педагогтар мен ғылыми қызметкерлердің ең бір маңызды бағыттағы іс-әрекеттері болып табылады. Ол дене қабілеттерін дамыту деңгейін айқындайтын және техникалық-тактикалық дайындық сапаларын бағалайтын қиын педагогикалық тапсырмаларды шешуге көмектеседі. Тестілеу нәтижесінің негізіне жеке спортшылардың дайындығын салыстыру; сол және басқа да спорт түрлерінен өткізілетін сабақтарға сай келетін іріктеу жүргізу; жарыстарға қатысу, спортшылардың жаттықтыру процесіне бақылау жасауды жүзеге асыру, сабақты ұйымдастыру формасы мен оқыту әдістерін және қолданылатын құралдардың кемшілігі мен артықшылығын анықтау жатады.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, тест, тесттің сенімділігі, тесттің хабардарлығы, моторлы тесттер, сенімділік коэффициенті, тесттің эквиваленттілігі, тест тұрақтылығы, эмпирикалық хабардарлық

К.И.Ергазиева¹
К.А.Абдреимова²

¹к.х.н., доцент кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.
(г.Алматы,Казақстан)

²к.п.н., ассоц.профессор кафедры «Теории и методики подготовки педагогов физической культуры и спорта» КазНПУ имени Абая.
(г.Алматы,Казақстан)

¹ ОСНОВЫ ТЕОРИИ ТЕСТОВ В СПОРТЕ

Аннотация

В статье рассматриваются основные понятия тестов и задачи тестирования, без ознакомления с которыми трудно применять тесты в практической работе. Рассмотрена классификация тестов. Тестирование двигательных возможностей человека является одним из наиболее важных направлений деятельности научных работников и педагогов в области физической культуры и спорта. Оно помогает решению ряда сложных педагогических задач по выявлению уровней развития физических способностей и оцениванию качества технической и тактической подготовленности. На основе результатов тестирования можно сравнивать подготовленность отдельных спортсменов; проводить соответствующий отбор для занятий тем или иным видом спорта; для участия в соревнованиях; осуществлять контроль за тренировочным процессом спортсменов; выявлять преимущества и недостатки применяемых средств и методов обучения и форм организации занятий.

Ключевые слова: физическая культура, тест, надежность теста, информативность теста, моторные тесты, коэффициент надежности, эквивалентные тесты, стабильность тестов, эмпирическая информативность.

K.I.Yergaziyeva¹

K.A.Abdreimova²

¹ Candidate of chemistry sciences, Associate professor Kazakh National Pedagogical University named after Abai

² Candidate of pedagogical sciences, Associate professor Kazakh National Pedagogical University named after Abai

BASIS OF THE THEORY OF TESTS IN SPORT

Abstract

The article deals with the basic concepts of tests and testing tasks, without which it is difficult to apply tests in practical work. The classification of tests is considered. Testing of human motor abilities is one of the most important areas of activity of scientific workers and teachers in the field of physical culture and sports. It helps to solve a number of complex pedagogical problems to identify the levels of development of physical abilities and to assess the quality of technical and tactical preparedness. Based on the results of testing, one can compare the preparedness of individual athletes; to carry out the appropriate selection for the performance of one or another sport; for participation in competitions; To control the training process of athletes; Identify the advantages and disadvantages of the means and methods of instruction employed and the forms of organization of classes.

Key words: physical culture, test, test reliability, test informative, motor tests, reliability factor, equivalent tests, test stability, empirical informativeness.

Тесттер теориясында түрлі жолмен және түрлі мөлшерде жекелеген қоғам тану және табиғат тану пәндері келтірілген, олар бұл комплексте түрлі функцияларды атқарады. Спортшының қозғалыс мүмкіндіктерін тесттеу спорттық жүйедегі педагогтар мен ғылым қызметкерлерінің қызмет аясының маңызды бір саласы болып табылады. Биометриялық әдістерді қолдана отырып қозғалыс мүмкіндіктерін өлшеудің денені жай өлшеуге қарағанда анағұрлым күрделі екендігіне байланысты. Сонымен қатар денені өлшеу

неғұрлым толық теориялық материалға негізделген, онымен анағұрлым ұзақ уақыт айналысады.

Дене шынықтыру мен денені өлшеуде қозғалыс қабілетін өлшеудің негізгі екі ерекшелігі бар. Олар мына төмендегіше сипатталады:

1. Денені өлшеу бір түрлі жағдайда көп рет қайталануы мүмкін, моторлы тестті бір - екі рет қайталануға болады, сосын шаршай бастайды.

2. Денені өлшеген кезде объектілерді жеке өлшейді және басқа дене объектілерін өлшеуді есепке алмағанда олардың деңгейін барынша өз бетінше көрсетуге тырысады, қозғалыс қабілетін тесттеу көп жағдайда бір топ адамдардың қатысуымен өтеді (мысалы, көбінесе бір адамның қабілетін өлшегенде осы осы бір топ адамның орташа қабілеті есепке алынады).

Спортшының жағдайын немесе қабілетін анықтау мақсатымен жүргізілетін өлшеу немесе сынау тест деп аталады. Алайда кез-келген өлшеу тест деп аталмайды, тек арнаулы талаптарға жауап беретін өлшеу ғана тест деп аталады, Олар:

- 1.Стандарттылығы (тесті қолданылатын жағдайлардың барлығында да тесттердің әдістемесі немесе методикасы өзгермейді)

2. Бағалар жүйесінің болуы

- 3.Сенімділік

- 4.Хабардарлық

Қозғалыс қабілетін тесттеу іліміне мына төмендегі мәліметтер жиынтығы жатады:

1. Қозғалыс қабілетін, мүмкіндіктерін және олардың моделдерін өлшеу туралы.

2. Моторлы тесттердің қасиеті туралы: сенімділіктің хабардарлығы және т.б.

3. Моторлы тесттердің негізінде қозғалыстық қол жеткізетін табысын болжау туралы.

4. Жекелеген қасиеттердің арасындағы өзара қатынас туралы.

5. Үйрету (спортшының әр түріне жарайтын адамдардың моторлы тесттің көмегімен тандау туралы).

6. Іске жарамды моторлы тесттерді немесе тесттер батареясын құрастыру туралы.

7. Моторлы тесттер нәтижелерінің негізінде қозғалыс қабілеті құрылымының құрылысы мен моделін жасау.

Математикалық статистика мен ықтималдық теорияларының басқа эмпирикалық және теориялық әдіс - тәсілдермен байланысы - тесттер теориясының негізгі әдісі болып табылады.

Моторлы тесттерді қолдануда физкультура мен спорт үшін мына төмендегі бағыттардың маңызы айтарлықтай:

- 1.Машықтану процессіне бақылау жасау, оның сапасы және қол жеткен нәтижелер туралы хабар.

- 2.Қозғалыс сапасының арту деңгейі туралы хабар.

- 3.Машықтану әдістерінің тиімділігін және оларды тандап алудың негіздерін белгілеу.

- 4.Белгілі бір топтың көлемінде арнаулы нормативтердің көмегімен оқушылар тест жасалатын адамдарға баға беру.

5. Тестке қатысқан адамдардың спорттық жетістіктерін болжау.

6. Кандидаттарды іріктеу және т.б.

Моторлы тесттерге талдау жасаған кезде тесттің күрделілігі, тесттің ұзындығы және т.б. секілді нақтылы статистикалық сипаттамалар және ең алдымен тесттің хабардарлығы

мен сенімділігі анықталады. Моторлы тесттердің хабардарлығы мен сенімділігі - бұл тестің аса маңызды қасиеті. Адамдардың тестті бірдей жағдайда қайталаған кезде нәтижелерінің сәйкес келу дәрежесін тесттің сенімділігі деп атайды. Тестті қайталаған кездегі нәтижелер вариациялары ішкі жеке, ішкі топтық, немесе ішкі кластық деп аталады. Бұл вариациялардың төрт түрлі себебі бар:

1. Сынаушылардың жағдайының өзгеруі (шаршауы, үйрені, көңіл-күйінің өзгеруі және т.б.);

2. Сыртқы жағдайлардың өзгеруінің әсері, мысалы температурасының, ауаның ылғалдылығының, желдің, электр жүйесі қуатының, сырт адамдардың болуының (кездейсоқ қате өлшеу деп аталатын) және т.б бақыланатын факторлар;

3. Тестті жүргізуші немесе бағалаушы адамның жағдайының өзгеруі;

4. Тесттің жетілдірілмеуі.

Тренд болмағанда, екі әрекет жасалған жағдайда сенімділік коэффициенті корреляция коэффициентіне тең. Тренд - әрекеттен әрекетке тырысу кезіндегі нәтижелердің үнемі артуы немесе төмендеуі.

Сенімділік коэффициенті - тестті сипаттайтын абсолютті керсеткіш деп аталады. Бұл «коэффициент сыналандықтардың контингентіне, тест жүргізудің жағдайына және т.б. байланысты өзгеруі мүмкін. Тесттің сенімділігі туралы айтқанда оның тұрақтылығын, келісімге келушілігін және эквиваленттілігін айыра білу керек. Тест тұрақтылығы дегеніміз - белгілі бір уақыт өткеннен кейін бірдей жағдайларда қайталанатын тест нәтижелері. Қайталап жүргізілген тестті ретест деп атайды. Тесттің тұрақтылығы мына жағдайларға байланысты:

1. Тесттің түрлеріне.

2. Сынаушылар контингентіне (балалар, ересектер және т.б.).

3. Тест пен ретест арасындағы уақыт интервалына.

Балаларға қарағанда ересектердің, спортпен айналыспайтындарға қарағанда спортшылардың нәтижелері анағұрлым тұрақты екендігін атап айтқан жөн. Тесттің келісімге келушілігі тестті жүргізушінің жеке қасиеттеріне, жүргізілген тесттердің нәтижелерінің тәуелсіздігімен анықталады. Ол сыналушы топтың кез-келген адамның нәтижелерін салыстыру арқылы анықталады. Мынандай варианттары болуы мүмкін:

1. Тестті жүргізуші адам тек оның нәтижелерін бағалайды, оған ықпал етпейді.

2. Тестті жүргізуші адам оның нәтижелеріне ықпал етеді (емтихан және сынақ алу).

Тесттің эквиваленттілігі - дегеніміз, бұл кез-келген тестің немесе спортшының әр түрлі тесттермен тест жүргізілген кездегі нәтижелерінің сәйкес келу дәрежесі (50 және 60 метрге немесе 100 метрге жүгіру). Эквиваленттілікті білу әр түрінен біреуді тандап алуға немесе сенімділікті арттыру үшін бірнешеуді алуға мүмкіндік береді.

Тесттің сенімділігін арттырудың жолдары.

1. Тест жүргізудің неғұрлым қатаң стандартталуы.

2. Әрекеттер санының артуы.

3. Бағалаушылар санының көбеюі.

4. Эквивалентті тесттер санның көбеюі.

5. Сыналушылардың ынталылығы көңіл - күйінің жақсы болуы.

Хабардарлық дегеніміз - спортшыға баға беру үшін қолданылатын дәлдік дәрежесі. Мысалы: спринттердің (желаяқтар мен жүзгіштердің) арнаулы күш дайындық деңгейін анықтау үшін мына көрсеткіштерді пайдаланғысы келеді:

1. Қол динамометриясы.
2. Табанның жазылу күшін.
3. Иықтың жазылу күші.
4. Мойын күші.

Тесттер ойдағыдай таңдап алынды ма? Хабардарлық дәрежесі қандай? Екінші тест желаяқтарға, ал үшіншісі жүзгіштерге катысты. Бірінші және төртінші желаяққа да, жүзгішке де хабардарлық емес сияқты, бірақ палуандарға пайдалы болуы мүмкін.

Әр түрлі жағдайларда бір тесттің өзінің түрлі хабардарлығы болуы мүмкін. Мынаны білген маңызды: бұл тест нені өлшейді? қандай дәрежеде дәл өлшейді? Мысалы, стайерлердің МПК хабардарлығы қандай? Осы тестті оларды бақылау процессінде пайдалануға бола ма? Оларға арналған мұндай тесттің дәлдік дәрежесі қандай?

Спортшының болашақтағы болуы мүмкін көрсеткіштері туралы қорытынды шығару үшін қолданылатын тестті прогностикалық тест деп атайды. Диагностикалық тесттің прогностикалық болуы немесе керісінше болуы міндетті түрде емес. Хабардарлық дәрежесі тәжірибиелік мағлұматтар негізінде сандық (эмпирикалық хабардарлық) және сапалық (логикалық хабардарлық) жағынан сипатталуы мүмкін.

Эмпирикалық хабардарлық дегеніміздің (өлшенетін критерийлер бар) мәні мынандай, тесттің нәтижесі кейбір критерийлермен теңеседі, сосын хабардарлық коэффициенті деп аталатын критерий мен тесттің арасындағы корреляция коэффициентін есептейді. Критерий ретінде тесттің көмегімен анықталған көрсеткіштер алынады. Мысал: спортшылардың арнаулы дайындығына баға беру кезінде спортшының айналысып жүрген спорт түрінен көрсеткен нәтижесі критерий болып табылады.

Корреляциясы спорттық нәтижеден жоғары тұрған тесттің хабардарлығы басым болады. Критерий ретінде көбінесе мыналар саналады:

1. Спорттық нәтиже.
2. Жарысу процессінің қандайда бір сандық сипаттамасы (мысалы, жүгірудегі, шаңғы тебуге адым ұзындығы, секірудегі итеру күші және т.б.
3. Хабардарлығы дәлденген басқа тесттің нәтижелері.
4. Белгілі бір топқа жатуы (спорт шебері және басқа разрядтар).
5. Құрамалы критерий (көп сайыстағы ұпайлар жиынтығы).

Бұл критерийді жекелеген критерийлер болмай қалған кезде, мысалы спортшының дайындығына баға берген кезде пайдаланады. Критерий таңдау тесттің хабардарлығын анықтау кезіндегі маңызды міндет. Егер спорттық шеберлікті сандық тұрғыдан өлшеу мүмкін болса, жасанды критерийлер енгізеді, мысалы ойыншыларды олардың шеберліктеріне қарай ранжирлеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

4. *Спортивная метрология: Учебник для институтов физической культуры / Под ред. В.М. Зациорского. – М.: Физкультура и спорт, 1982. – 282 с.*
5. *Коренберг В.Б. Спортивная метрология. Учебник. - М.: Физическая культура, 2008. – 368с.*
6. *Начинская С.В. Спортивная метрология. Учебник для студентов высшего профессионального образования. – М.: Академия, 2011 -240с.*
7. *Смирнов Ю.И., Полевицков М.М. Спортивная метрология. Учебник для студентов педагогических вузов. – М.: Академия, 2000. – 232с*

КОММЕРЦИАЛИЗАЦИЯ СОВРЕМЕННОГО СПОРТА

С.А.Погорелов¹

А.С.Якупов²

¹*Старший преподаватель кафедры теории и методики подготовки педагогов физической культуры спорта КазНПУ им. Абая
г.Алматы, Казахстан*

²*Старший преподаватель кафедры теории и методики подготовки педагогов физической культуры спорта КазНПУ им. Абая
г.Алматы, Казахстан*

Аннотация

В статье рассматриваются такое явление, как коммерциализация современного спорта. Современные реалии общественного развития убедительно свидетельствуют о необходимости развития рыночных отношений в области спорта и особенно спорта высших достижений. В современных условиях представляется возможным и целесообразным с других позиций рассмотреть принципиальные социологические и социально-педагогические аспекты коммерциализации спорта и понять объективное влияние рынка на тенденции его дальнейшего развития.

Развитие спорта высших достижений – это не самоцель. Это определяется общественной потребностью в подготовке высококвалифицированных спортсменов с целью поддержания престижа страны на международной арене, проведения крупных спортивных соревнований и удовлетворения спроса населения на спортивно-зрелищные услуги.

В связи с этим в организации и финансировании спорта высших достижений весьма важно значение государственной поддержки.

Ключевые слова: коммерциализация современного спорта, спорт высших достижений, физическая культура и спорт, социологические аспекты, социально-педагогические аспекты, рыночные отношения в области спорта, влияние рынка на тенденции, высококвалифицированные спортсмены, престиж страны, международная арена, спортивно-зрелищные услуги, государственная поддержка, удовлетворение спроса.

COMMERCIALIZATION OF MODERN SPORT

S. Pogorelov¹

A. Jakupov²

¹*Senior teacher of Kazakh National Pedagogical University named after Abay
Almaty, Kazakhstan*

²*Senior teacher of Kazakh National Pedagogical University named after Abay
Almaty, Kazakhstan*

Abstract

In article are considered such phenomenon as commercialization of modern sport. Modern realities of social development convincingly testify to need of development of the market relations in the field of sport and especially elite sport. In modern conditions it is

obviously possible also expedient from other positions to consider basic sociological and social and pedagogical aspects of commercialization of sport and to understand objective influence of the market on tendencies of his further development.

Development of elite sport is not end in itself. It is defined by the public need for training of highly skilled athletes for the purpose of maintenance of prestige of the country on the international scene, holding large sports competitions and satisfaction of demand of the population for sports and spectacular services.

In this regard in the organization and financing of elite sport the value of the state support is very important.

Keywords: commercialization of modern sports, sport of higher achievements, physical culture and sport, sociological aspects, social and pedagogical aspects, market relations in the field of sports, market influence on trends, highly qualified athletes, prestige of the country, international arena, sports and entertainment services, state support, satisfaction of demand.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ СПОРТТЫ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

С.А.Погорелов¹

А.С.Якупов²

¹ҚазҰПУ ДМжСПДТмӘ кафедрасының аға оқытушы,

Алматы қаласы, Қазақстан

²ҚазҰПУ ДМжСПДТмӘ кафедрасының аға оқытушы,

Алматы қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада қазіргі заманғы спортты коммерцияландыру құбылысы қарастырылады. Қазіргі таңдағы қоғамдық дамудың сенімді қажеттігі, спорт саласындағы нарықтық қатынастарды дамыту, көрсетеді. Қазіргі жағдайда мүмкін және мақсатты басқа позицияларын қарастыру принципті социологиялық және әлеуметтік-педагогикалық аспектілері коммерцияландыру спорт және түсіну объективті әсері нарық тенденциялары, оны әрі қарай дамыту ұсынылады.

Жоғары жетістіктер спортын дамыту – бұл басты мақсат емес. Ол қоғамдық қажеттілікке жоғары білікті спортшыларды қолдау мақсатында халықаралық аренада елдің беделін, ірі спорттық жарыстар мен сұранысын қанағаттандыру, халықтың спорттық-ойын-сауық қызметтері.

Осыған байланысты мемлекеттік қолдаудың жоғары жетістіктер спортын ұйымдастыру және қаржыландыруда өте маңызды мәні бар.

Түйін сөздер: қазіргі заманғы спорт түрлерін коммерцияландыру, жоғары жетістіктер спортын, дене шынықтыру мен спортты, әлеуметтік аспектілерді, әлеуметтік-педагогикалық аспектілерді, спорт саласындағы нарықтық қатынастарды, тенденцияларға нарық әсерін, жоғары білікті спортшыларды, ел беделін, халықаралық аренаны, спорттық және ойын-сауық қызметтерін, қолдау, сұранысты қанағаттандыру.

Такое явление, как коммерциализация современного спорта, не всегда находит понимание у специалистов физического культуры. Некоторые исследователи рассматривали коммерциализацию спорта как негативное явление, пагубно влияющее на воспитание человека и препятствующее гармоничному развитию личности. Однако

современные реалии общественного развития убедительно свидетельствуют о необходимости развития рыночных отношений в области спорта и особенно спорта высших достижений.

В современных условиях представляется возможным и целесообразным с других позиций рассмотреть принципиальные социологические и социально-педагогические аспекты коммерциализации спорта и понять объективное влияние рынка на тенденции его дальнейшего развития.

Коммерциализация спорта включает в себя следующие составляющие:

- социальную;
- экономическую;
- финансовую;
- кадровую.

Социальная составляющая коммерциализации спорта имеет три ключевых компонента:

- выбор и продвижение работников (спортсменов, тренеров, судей) в соответствии с их деловыми качествами и компетентностью, с учетом других основных критериев: а) высокой квалификации; б) опыта общения и готовности к сотрудничеству, лояльности к организации, команде предприятию, фирме;
- заработная плата должна (обязана) быть справедливой и стимулирующей добросовестный и качественный труд;
- ликвидация барьеров (статусных, стратификационных, социально-психологических) между различными категориями работников, формирование «духа команды» и «общего дела».

Экономическая составляющая действий в рыночных условиях предполагает гарантированную ответственность организации, команды, фирмы (спортивной федерации, спортивного клуба) за свои действия, создание необходимых условий для планомерного и обеспеченного тренировочного процесса.

Кадровая составляющая включает разработку системы найма, которая учитывает: а) желание работника выдвинуться, что стимулируется рейтинговой системой оценки классификации спортсмена; б) наличие желания освоить им специфику своей деятельности; в) добиться существенных результатов в своей деятельности.

Кадровая политика предполагает соблюдение определенных правил работы с людьми:

- отношение к спортсмену должно быть не только как к штатному работнику, но и как к личности;
- заработная плата должна соответствовать уровню спортивной квалификации, усилиям и реальному вкладу в общее дело, а также стимулировать члена команды к еще лучшей работе;
- ясная и определенная возможность поступательной карьеры спортсмена должна строиться в зависимости от успешности его деятельности.

Все это напрямую относится к деятельности спортсмена, тренера, менеджера и руководителя (владельца) команды. Все взаимоотношения между ними организуются на основе контракта, в котором оговариваются условия труда, выполнение заданий, заработная плата и штрафные санкции за невыполнение контрактных условий.

В практике важную роль играет выбор финансовой составляющей подготовки спортсменов, которая включает бюджет и некоторые другие вопросы.

В настоящее время формирование бюджета спортивного клуба является одной из главных задач, которая обеспечивает полноценное участие спортсменов в соревнованиях и достижение существенных результатов.

Без денег в современном спорте не обойтись. Например, большой футбол называют «игрой миллионеров». В этой игре «бедняки» могут выиграть матч-другой на морально-волевых качествах, но не более. Для стабильного результата нужны серьезные кадры и серьезные стимулы, которые и определяются бюджетом команды. В то же время сами по себе деньги не могут решить всех задач, стоящих перед спортсменами. Эффект от одних и тех же денежных средств может быть абсолютно разным и определяется не только их толковым распоряжением, но и чистотой намерений. Кто-то вкладывает деньги в перспективных спортсменов, приглашает квалифицированного тренера, вкладывает в собственную школу материальные средства и всерьез борется за лидерство. А кто-то занимается пополнением собственных карманов за счет разницы официальной и реальной цены спортсменов.

Важное значение в бюджете любого профессионального спортивного клуба играет заработная плата спортсменов.

В нашей стране сфера спорта высших достижений еще не имеет достаточно устойчивой системы финансирования. Следует отметить, что мировая практика использовала два направления финансирования спортивной деятельности. Первое направление характеризуется 100%-ным государственным финансированием спорта. Эта система была свойственна всем социалистическим странам, а в настоящее время – Китаю. Считается, что такая модель в рыночных условиях бесперспективна. В китайской модели большой спорт – часть государственной идеологии. Там побеждать на Олимпиаде значит доказывать преимущества политической системы. Причем каждая такая победа спортсмена конвертируется во славу.

Второе направление имеет смешанное финансирование физической культуры и спорта. Часть средств поступает из государственной казны (меньшая), значительная же часть средств происходит из внебюджетных источников. Например, в США большой спорт – часть общественного престижа и вид бизнеса. Там побеждать на Олимпиаде значит осуществлять «американскую мечту». Причем каждая такая победа конвертируется в деньги.

Проблема спорта высших достижений в Казахстане состоит в том, что он находится между двумя этими направлениями. С одной стороны, государство уже не в состоянии сделать из спорта большую политику, а с другой стороны – не в состоянии превратить большой спорт в престижный бизнес.

Варианты государственной поддержки спорта могут быть различными. Так, в некоторых странах принимаются законы, позволяющие существенно снизить налогообложение своей деятельности, направленной на развитие спорта (США). В других странах принимаются законы, регулирующие права Национальных олимпийских комитетов (НОК) на организацию спортивных лотерей и тотализатора, прибыль от которых идет спортивным федерациям, спортивным сооружениям и клубам (Италия, Франция).

В Бельгии спонсорские платежи, включая средства на обеспечение социальной жизни корпоративных служащих (например, посещение спортивных клубов, оздоровительных комплексов или соревнований), освобождаются от налога на прибыль

как затраты спонсоров. В Финляндии платежи в спортивные ассоциации также относятся к корпоративным расходам и не облагаются налогом.

В современной развитой экономике распределение ограниченных ресурсов для удовлетворения разнообразных общественных потребностей делят между собой рынок и государство. Рынок сферы физической культуры и спорта на 70 % – это рынок услуг.

В спорте преобладает производство услуг малых и средних предприятий, которым свойственна высокая чувствительность к рыночной конъюнктуре в связи с невозможностью, транспортировать и складировать эти услуги.

При формировании услуг в физкультурно-спортивной деятельности необходимо использовать опыт стран Запада, который предполагает учитывать теорию ограниченности рыночного механизма в данной сфере и формирование хозяйственных отношений на принципах смешанной экономики при значительной роли общественного сектора. Данное положение исходит из ограниченности рыночных отношений в сфере спорта, роли государства в производстве общественных благ, обеспечения гарантий в пользовании социально значимыми услугами всем членам общества, регулирования производства смешанно-общественных благ.

В соответствии с теорией частного и общественного блага услуги физической культуры и спорта могут являться чистым общественным благом, смешанным общественным, коллективным и частным благом. Поэтому организационный и экономический механизм функционирования инфраструктуры отрасли определяется развитием четырех секторов: государственного, смешанного (частного некоммерческого), общественного и частного коммерческого.

Роль государства в сфере физической культуры и спорта направлена на формирование государственной политики, в том числе разработку государственных программ отраслевого развития на федеральном и местных уровнях, программ в помощь олимпийскому движению в стране. С развитием рыночных отношений роль государства в регулировании рынка физкультурно-спортивных услуг становится дифференцированной, что выражается в применении различных методов прямого и косвенного воздействия (ценовых, налоговых, кредитных).

Развитие спорта высших достижений – это не самоцель спортивных клубов и федераций. Оно определяется общественной потребностью в подготовке высококвалифицированных спортсменов с целью поддержания престижа страны на международной арене, проведения крупных спортивных соревнований и удовлетворения спроса населения на спортивно-зрелищные услуги. В связи с этим в организации и финансировании спорта высших достижений весьма важно значение государственной поддержки.

Одной из основных проблем коммерциализации спорта является проблема справедливого вознаграждения за достижения в соревнованиях. Фактически довольно незначительное количество спортсменов высокого класса получает фантастические суммы, в то время как большинство их коллег вообще не получают ничего или еле сводят концы с концами.

Выводы. Таким образом, в спорте, как и в других сферах деятельности, существует множество проблем, решение которых видится в совместных усилиях государственных, общественных и коммерческих организаций.

Список использованной литературы

1. Спортивные игры. Ю.Д. Железняк, Ю.М. Портнов. 6 – издание, Москва «Академия» 2010
2. Теория и методика физического воспитания и спорта. Ж.К. Холодов, В.С. Кузнецов. 8 – издание, Москва «Академия» 2010
3. Физическая подготовка футболистов. М.А. Годик «Человек» 2009
4. Теория и методика футбола. К.И. Адамбеков. «ЕЛНУР» 2007
5. Психология физической культуры и спорта А.В. Родионов. Москва «Академия» 2010
6. Педагогика физической культуры и спорта. С.Д. Неверкович. Москва «Академия» 2010
7. Теория и методика подготовки юных футболистов. О.Б. Лапин. Москва «Человек» 2010
8. Эра Лобановского. Дэви Аркадьев. Москва «Аст» 2009

Уманов Г.А.¹

¹пғд., Абай атындағы ҚазҰПУ дене мәдениеті және спорт педагогтарын даярлау теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессоры

А.М.Сыдық²

²Абай атындағы ҚазҰПУ-ң Дене мәдениеті және спорт мамандығының 2 курс магистранты

Құқық мәдениеті ұғымының генезисі

Аңдатпа

Бұл мақалада құқықтық мәдениет мәселесінің зерттелуі пән аралық зерттеу нысанына алынғанына көз жеткіземіз, сонымен қатар, мәселенің зерттелуінің қайнар көздері сонау ежелгі дәуірден бастау алатыны анықталды. Құқықтық мәдениетті қалыптастыруға қатысты әр ғылым саласындағы еңбектерді зерделей келе дене мәдениеті және спорт саласындағы құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ дене мәдениеті спортын құқықтық тұрғыда дамытып, жетілдіру мәселелері қарастырылған. Дене мәдениеті және спорт саласындағы құқықтық негіздері мәселелерін кешенді түрде зерделеу қазіргі кезде зерттеу жұмысының көкейкесті талабы болып отыр.

Түйін сөздер: құқықтық реформа, дене мәдениеті, спорт, құқықтық мәдениет.

Уманов Г.А.¹

¹дпн, профессор кафедрасы теориясы мен методикасы педагогтарын физикалық культураны және спортты ҚазНПУ им. Абая

А.М. Сыдық²

²Магистрант 2-го курса ҚазНПУ им. Абая

Генезис понятия правовой культуры.

Аннотация

В статье рассматривается (вопрос) о межпредметном исследовании объекта и проблемы правовой культуры, также определено, что исследования проблемы (ведутся) идут с давних времен. Рассмотрены вопросы совершенствования и развития физической культуры и спорта с правовой точки зрения, с учетом (анализа) изучения научных трудов по формированию правовой культуры. Комплексное изучение правовых основ физической культуры и спорта в настоящее время является (актуальным) востребованным.

Ключевые слова: правовая реформа, физической культуры, спорт, правовая культура.

Umanov G.A.¹

²doctor of pedagogical sciences, Professor of the Department of Theory and Methods of Training of Teachers of Physical Culture and Sports of KazNPU after Abay

A.M.Sydyk²

²undergraduate 2nd year Kazakh National Pedagogical University named after Abai

The genesis of the legal culture.

Abstract

In the article it is discussed about the interdisciplinary research of the object and the problem of legal culture, it is also determined that the research of the problem has been going on for a long time. There are considered the issues of improving and developing physical culture and sport from a legal point of view, taking into account the study of scientific works on the formation of legal culture. A complex study of the legal basis of physical culture and sports is currently in demand.

Keywords: legal reform, physical culture, sports, legal culture.

Бүгінде еліміз әлеуметтік-экономикалық және құқықтық қарым-қатынасты жаңарту, құқықтық жүйенің жаңа типін қалыптастыру жолына түсті. Оның табысты жүруі бір жағынан, заң шығарушылық пен мемлекеттік басқаруды жетілдіруді қажет етсе, екінші жағынан, субъективті фактор – жеке тұлғаның жаңа өмір жағдайларына дайындығы, әр адамның заң үстемдігін қабылдауы мен жүзеге асыруы, азаматтардың құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейімен қамтамасыз етіледі. Қоғамның жаңаруы, экономикалық, саяси, қоғамдық саладағы өзгерістер, демократиялық құқықтық мемлекет құру ісінде әлеуметтік әрекеттің саналы субъектісі ретінде тұлғаның қалыптасуы мен дамуы алғашқы орынға шығады. Осыған орай, адамның жалпы базалық мәдениеті сипаттамасының бірі ретінде құқықтық мәдениеттің рөлі мен маңызы туралы Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Мемлекеттік бастауларды нығайту құқықтық қоғам орнатумен бірге жүргізілуі тиіс. Бұл - жалпы ұлттық міндет. Құқықтық мәдениет пен құқықтық реформасыз қоғам өрге баспайды, ал онсыз тәуелсіздік толыққанды сипатқа ие бола алмайды», -деп құқықтық мәдениетті қалыптастырудың құндылық сипатын атап көрсетеді [1, 16]. Ғылыми зерттеу жұмысымыздың түйінді ұғымдарының бастысы «құқықтық мәдениеттің» шығу, қалыптасу тарихына тоқталмас бұрын, құқық және құқықтық тәрбие ұғымдарына тоқталған жөн. Өйткені, құқықтық мәдениет жүйелі жүргізілген құқықтық тәрбиенің жемісі екені түсінікті. Ал құқық ұғымының мәнін әр қырынан түсініп алмай, құқықтық тәрбиені жүргізу мүмкін емес. Ғасырлар бойына адамдар бір-біріне зиян келтірмес үшін мінез-құлық ережелерін ойлап тауып, оны жетілдірумен болды. Осындай ізденістің соңғы, ең жетілген қорытындысы ретінде құқық өмірге келді. Оның пайда болу тарихына тоқталайық.

Зерттеушілердің пікірінше, құқық мемлекетпен бірге пайда болған. Құқықтың пайда болуының бірнеше негіздері бар: әлеуметтік негізі -адамдар мінез-құлық мен психологиясындағы өзгерістерге байланысты. Қазіргі жағдайда елімізде Қазақстанның құқық жүйесі қалыптасуда [2, 936]. Ғалымдар Ғ.Сапарғалиев [3,96], Б.Ғ.Шынтемірова, Т.Т.Шайхиев, Т.Білдебаевтардың [4, 406] еңбектерінде «құқық» ұғымын мемлекетте қолданылатын барлық құқықтық нормалардың: құқықтық ғұрыптардың, әділеттілік үлгілердің, мемлекеттің құқықтық ережелерінің жиынтығы деп түсіндірсе, философ Т.Ғабитовтың ой-пікіріне сүйенсек, ақыл-ойдың мақсаты – ақиқат және құқық философиясы да құқық туралы ақиқатты іздеумен айналысады. Бастапқыда «құқық философиясы» термині (сонымен бірге құқық философиясының концепциясы да) заң ғылымында пайда болды. Оның авторы, құқықтың тарихи мектебінің негізін қалаушы, неміс заңгері Г.Гуго болып табылады [2].

Біздің тұжырымымыз бойынша, «құқық - мемлекет бекітіп, жүзеге асырылуын қадағалайтын, жалпыға міндетті тәртіп ережелерінің жиынтығы және қоғам өмірінде тұлғалардың заңға сүйеніп әрекет етуінің көрсеткіші» деген анықтама ұсынамыз.

Мемлекеттік құқық жүйесінің тарихы туралы сөз еткенде ежелгі заң ретінде Вавилонның «Хаммурапи заңы», Үндінің «Ману заңы», көне Римнің «XII кестесі» заңдары айтылады. Б.э.д. III мың жылдықта Вавилон мемлекеті пайда болған. Вавилонның көркеюі I Вавилон әулетінің алтыншы патшасы Хаммурапи (б.э.д. 1792-1750 жж.) тұсында болды. Хаммурапи ірі мемлекет қайраткері, айлакер дипломат, ақылды заңгер және көріпкел ұйымдастырушылық қасиетімен бағаланды. Хаммурапи ел басқарған тұста мемлекетте егін және мал шаруашылығын, қолөнер, сыртқы және ішкі сауданы дамытуға күш салды. Хаммурапи заңының ел басқарудағы құндылығы - қоғамда құқықтық әділеттілікті орнату. Үнді елінің «Ману заңы» варналарға мынадай сипаттама береді: брахмандар – абыздар тайпасы мүшелері, кшатрии - әскери аристократия, вайшья – қатардағы шаруалар, шудра – құқығы жоқ қоғам мүшелері енген. Ертедегі Рим құқығы классикалық болып есептеледі. Рим құқығының негізгі бөлімдері қазіргі құқық жүйелерінде кездеседі. Римнің жеке құқығы бес ғасыр бойына жинақталып дамыды. Бұл жеке адамдардың мүддесін қорғауға бағытталған құқық еді. Б.д.д. V ғасырда пайда болған алғашқы заңдар жинағы «XII кесте заңдары» жеке адамның бостандығы мен оның айырылмас негізі – жеке меншікті қорғады. Мұнда басқа біреудің мүлкіне келтірілген кез келген зиян үшін айып белгіленді. Ғалымдар өз еңбектерінде ерте замандағы заңдардың қазіргі заңдардан ерекшелігіне тоқталады: Біріншіден, олар нақты құқық салаларына бөлінбеген еді. Бір заңның ішінде отбасылық, қылмыстық және мемлекеттік мәселелер де реттелді. Кейбіреулері бапқа да бөлінбеген. Екіншіден, ерте заман заңдары өте қаталдығымен ерекшеленді. Мысалы, б.д.д. 350 жылғы Цинь жарлығында «Халық бес, он отбасымен бірігіп орнықсын, оған көнгісі келмегендер шауып өлтірілсін...» делінген. Еуропадағы, Шығыс елдеріндегі ортағасырлық құқық жүйесі діни қағидаларға толық тәуелділігімен ерекшеленеді. Мұндай діни-құқықтық жүйелердің басты ерекшелігі - бір мемлекет шеңберімен шектелмеуінде. Олар өз іс-әрекетін қай жерде тұрғандығына қарамастан, сенушілердің барлығына да таратты. Осы дәуірдің құқықтық жүйелерімен біз канондық (христиан) құқық және шарият (мұсылман) арқылы таныса аламыз. Бұл құқықтық жүйелердің ерте замандағы құқықтық жүйелерден ерекшелігі нақты салаларға бөлінуінде. Сондай-ақ, қазіргі заманда өте ауыр қылмыс болып табылатын әрекеттерді орта ғасыр заңдары қылмыс деп санаған жоқ. Мысалы, турнир кезіндегі жекпе-жекте кісі өлтіру қылмысқа жатқызылмайтын еді. [4, 356] Құқық жүйе болып қалыптасқанға дейін оның дамып, қалыптасуына белгілі тұлғалар ықпал етіп, үлес қосып отырды. Енді осы тұлғалар тарихына тоқталайық.

Атақты тұлғалардың алғашқысы Перикл (шамамен б.д.д.490-429 жж.) – Афинаның саяси қайраткері, теңдесі жоқ әскери стратег (бас қолбасшы). Периклдің тұсында мемлекеттік құрылысты, сот құрылысын және сот ісін жүргізу жүйелерін жетілдіру заң шаралары белгіленген. Перикл: «Біздің мемлекеттік тәртібіміз өзге ел дәстүрін қайталамайды, біз өзгелерге еліктегенше, өзіміз үлгі боларлық іс жасаймыз. Біздің құрылыс халық билігі деп аталатын себебі, ол азшылыққа емес, көпшілік халыққа сүйенеді. Біздің заңымыз жеке ісімізде әрқайсымызға бірдей мүмкіндік береді. Бізде әркім еңбегіне қарай құрметке ие, әркім қолдаушыларының арқасында емес, өз еңбегімен үлкен табысқа жетеді» деген құнды ойлар айтқан [2, 36] Құқықтық мемлекет туралы ойды негіздеген атақты тұлғалар Платон мен Аристотель болды. Платон – саяси ғылымның, құқық пен заң ғылымының ең алғашқы негіздерін жасады. Сократтың шәкірті және

Аристотельдің ұстазы ол 35 диалогтан тұратын («Апология», «Федон», «Республика», «Саясаткер», «Заңдар» т.б.) өзінің жеке философиялық жүйесін жасады. Қоғам өміріндегі құқық пен мемлекет рөлін жоғары бағалай отырып, Платон: «Заңының күші жоқ, біреуге бағынышты болған мемлекеттің күні санаулы деп білемін. Ал заң билеушілерге де өктемдігін жүргізетін, олар оның алдында құрдай жорғалайтын мемлекет мықты, құдайлар құрметіне бөленіп, байлыққа кенеледі» дейді [2, 46]. Аристотель – Платонның алымды шәкірті және 17 жыл бірге жүрген серігі, кейін өзінің шешендік өнер және философия мектебінің негізін қалайды. Заң шығарушы, атқарушы және сот билігін бөлу идеясы – Аристотельдің негізгі құқықтық тұжырымдамасы. Философ трактатында құқық - негізгі міндеті жалпыға қызмет ету болып табылатын, саяси әділеттілік ретінде сипатталады. Оның айтуынша: «Заң билігі жоқ жерде, мемлекеттік құрылыс та болмайды. Заң барлық жерде үстемдік етуі тиіс» [2, 56]. Олардың бұл идеясын Ежелгі Римнің атакты мемлекет қайраткері, белгілі адвокат М.Т.Цицерон іліп алып, одан әрі дамытты. Марк Туллий Цицерон – Ежелгі Римнің саяси қайраткері, атакты сот шешені, ғалым, заңгер. Цицерон «Брут», «Шешен туралы», «Шешен» т.б. ірі философиялық туындыларын жазды. Ол шын мәнінде құқықтық мемлекет идеяларының бастауында тұрды. Аристотель сияқты Цицерон да мемлекетті барлық еркін адамдардың келісілген құқықтық қатынасы деп түсінеді. Ол: «Сот – сөйлеуші заң, ал заң - мылқау сот» деген [2, 66]. Ал Юстиниан – Византия императоры, мемлекет қайраткері. Ол өз мемлекетін бұрын-соңды болмаған қуатты дәрежеге көтерді. Таққа отырған екінші жылы-ақ Азаматтық құқықтар жинағын жасауға кіріскен. Ол еңбек «Юстинианның азаматтық құқықтар жинағы» деген атпен тарихқа енеді. Бұл жинақ Еуропа, Азия және Латын Америкасындағы көптеген елдердің заң шығару саласына зор әсерін тигізді [2, 76].

Томас Джефферсон – Американың мемлекеттік және қоғам қайраткері, Жаңа дәуірдегі алғашқы буржуазиялық республиканы орнатушылардың бірі, Солтүстік Америкада тәуелсіздік үшін соғыс жүріп жатқан тұста Конгресс қабылдаған атакты Тәуелсіздік декларациясының авторы. Джефферсон Декларациясының негізгі қағидалары барлық кезеңде, барлық халықтар үшін пайдалы болып шықты. Декларацияда: «Біз мына шындықты жақтаймыз: барлық адамдар бірдей жаратылған және Жаратушымыз олардың бәріне де өмір сүру, азаттықта болу, бақытты болуға ұмтылу секілді даусыз құқықтар берген. Бұл құқықтарды жүзеге асыру үшін, адамдар арасынан билеушілер сайланып, олар бағынушылар келісімімен әділ билік жүргізуге міндетті», - делінген [2, 136]. XVII-XIX ғғ. қазіргі заманғы құқықтық жүйелердің негізі қаланды деуге болады. Жаңа дәуір құқығы дүниеге Ағылшын буржуазиялық революциясы, Ұлы Француз революциясы сияқты төңкерістермен бірге келді. Жаңа дәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет, жалпыға бірдей бостандық пен теңдік ұстанымдарына шақырған «Адам және азамат құқықтарының Декларациясы» өмірге келді. Ол 1789 жылы қабылданды. Белгілі заңгер ғалым С.Зиманов «Қазақ құқығының тарихын түбегейлі зерттеу соңғы он жыл ішінде, яғни Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бері (1990 жылдан бастап) ғана қолға алына бастады» деп атап көрсетеді. [5]. Мемлекеттік-құқықтық идеялардың дамуы мемлекет пен құқықтың пайда болуымен тікелей байланыстылығын айта отырып, құқықтанушы отандық ғалым Сәкен Өзбекұлы құқық ұғымының генезисіне талдаудың нәтижесін, бірнеше кезеңге бөліп қарастырған жөн деген қорытынды жасайды [6]. Енді осы кезеңдерге жеке-жеке тоқталайық. 1-кезеңі. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі аралықта Қазақстан территориясында қалыптасқан әскери демократия санатындағы мемлекеттік құрылымның мемлекеттік-құқықтық идеялары. Қазақстан жерінде бұдан бірнеше мыңдаған жылдар

бұрын ру қауымдары пайда болып, адамдар жүздеген жылдар бойы рулық құрылыс жағдайында өмір сүрген. Сақтар дәуіріндегі көшпелі тайпалардың қоғамдық құрылысына әскери демократияның белгілері тән болды. Ол құрылыстың әлеуметтік негізі қандас туыстас және одақтас тайпалар болды. Сақтардан кейінгі үйсіндер мен қаңлылар да әскери демократия сатысын бастан кешірді. Олар тайпалардың тұрақты одақтарын құрды. Рулар соғыс бола қалған жағдайда рубасылар бастаған әске жасақтарын шығарды. Біздің дәуіріміздің басында Қазақстан жеріне түркі тайпалары ғұндар келіп қоныстанған. Ғұндардың одағы 24 бөлшектен құралған, олардың әрқайсысын рубасылар басқарған. Әр бөлшектің өз жасағы болған. Одақтық әскер бірнеше түменге, ал түмен-мыңға, мың-жүзге, жүз-ондықтарға бөлінген. Жоғарғы өкімет билігі рубасылар Кеңесінде болған, ол патшаға бағынған. Біздің заманымыздың 546 жылы Алтай өлкесін мекендеген түркі тектес дұғлат тайпасының әскербасы Бумынь өзін қаған, яғни патша деп жариялаған. Содан Түркі Қағанаты пайда болған. VI-ғасырдың аяғында Түркі қағанаты Шығыс және Батыс Түркі Қағанаты болып екіге бөлінген. Әрбір қағанат өз алдына жеке саяси құрылым болып, өздерін «Ел» деп атаған. [7,126]

VI-IX ғасырлар аралығындағы түркі ескерткіштері және X–XII ғасырларда қалыптасқан қыпшақ, оғыз, қарлұқ тайпаларының жазба кітаптары - тасқа жазылған Күлтегін, Тоныкөк жазулары, Оғыз нама, Қорқыт, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари сияқты ғұламалардың мемлекеттік-құқықтық идеяларынан тұрады.

Демек, құқықтық мәдениет мәселесінің зерттелу жайын зерделеуде, біз оның пән аралық зерттеу нысанына алынғанына көз жеткіздік. Сонымен қатар, мәселенің зерттелуінің қайнар көздері сонау ежелгі дәуірден бастау алатыны анықталды. Оның шығыс, батыс ғалымдарын тең толғандырған көне мәселе екеніне көз жеткіздік. Құқықтық мәдениетті қалыптастыруға қатысты әр ғылым саласындағы еңбектерді зерделей келе, ол заң, философия ғылымдары саласында мейлінше жақсы зерттелсе, педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдары саласында әлі де әр қырынан зерттеуді қажетсінеді деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Азаматтардың құқықтары мен еркіндігін қорғау – мемлекетімізді нығайтудың маңызды мәселесі. //Егемен Қазақстан. - 2000, сәуір-21.
- 2.Зиманов С. Қазақ құқығын бағалау тарихы туралы //Қазақ газеті.- №28 (293), 6 қазан, 2006ж.
3. Ғабитов Т. Философия. Оқулық. – Алматы: Юрид. лит., 2003.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері: Оқулық /Құрастырған Е.Баянов. – Алматы, 2003. – 692 б.
- 5.Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Білім, 2004.-118б
- Құқық пен қазылық тарихындағы тұлғалар. – Алматы: Жеті жарғы. 1997.- 36б.
6. Алтай Ж., Қасабек А., Мұхамбетәли Қ. Философия тарихы. – Алматы: Жеті жарғы, 1999.- 288б
7. Сапарғалиев Ғ.С. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері. – Алматы: Атамұра, 1998. – 168 б.66 Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы» – мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). Оқу құралы. – Алматы: Заң әдебиеті, 2006. -150 б.